

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 14 тамызда № 19242 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 13 тамыздағы
№ 73 бұйрығымен
бекітілген

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) және "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыруды, сондай-ақ "Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу және шығару", "Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған, оған қатысты мәміле жасалатын мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 процентінен асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру" және "Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға немесе таратуға келісім беру" мемлекеттік қызметтерін көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалар:

- 1) табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне қосу және одан шығару тәртібін;
- 2) жария тыңдаулар өткізу тәртібін;
- 3) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заң) сәйкес табиғи монополия

субъектісінің жекелеген іс-қимылдар жасауына келісім беру, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінен реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыруы туралы хабарламаны қабылдау тәртібін;

4) табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуды өткізу тәртібін;

5) реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету тәртібін;

6) тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында табиғи монополиялар субъектілерінің бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерін өткізу тәртібін;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, бос және қолжетімді қуаттардың, сыйымдылықтардың, орындардың, табиғи монополия субъектісі желілерінің өткізу қабілеттерінің бар екендігі туралы ақпаратты, сондай-ақ табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтердің инженерлік коммуникацияларының схемаларын орналастыру тәртібі;

8) есепке алу аспабын сатып алу және орнату үшін төлемақыны келісу тәртібін;

9) табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштерін бекіту тәртібін;

10) табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібін;

11) тұтынушыларға және (немесе) уәкілетті органға тариф, оның өзгергені туралы хабарлау тәртібін;

12) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібін;

13) бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуына және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізуге қоғамдық мониторинг және (немесе) техникалық сараптама жүргізу тәртібін;

14) мыналардың:

егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға және табиғи монополия субъектісін қайта ұйымдастыруға немесе таратуға келісім беру туралы өтініш хаттардың;

табиғи монополия субъектісінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы:

бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы;

бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы;

реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақталғандығы туралы;

табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерінің нысандарын;

15) бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына техникалық сараптама жүргізу, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін уәкілетті тұлғаларға (сарапшыларға, сараптама ұйымдарына) қойылатын өлшем шарттар мен талаптарды;

16) халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тарту үшін табиғи монополиялар субъектілерінің кредиттік келісімдерін уәкілетті органның келісу тәртібін;

17) табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын және мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардан табиғи монополиялар субъектісіне берілетін мүлікті беру шартын мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен, жергілікті атқарушы органмен келісу тәртібін;

18) табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарын жергілікті атқарушы органмен келісу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) анық емес ақпарат – әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті өнім беруші ұсынған өтінімнің шынайы мазмұнын бұрмалайтын және шындығына сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер;

2) аумақтық орган – өз құзыреті шегінде Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық органы;

3) әлеуетті өнім беруші – сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының

зандарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктері (консорциум);

4) біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер – бірдей болмаса да, белгілі бір функцияларды орындауға және өзара алмастыруға мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрамдас бөліктерден тұратын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер;

5) конкурс (тендер) – әлеуетті өнім берушілердің арасындағы бәсекелестікті көздейтін және сатып алу шартының неғұрлым қолайлы талаптарын анықтауға бағытталған сатып алу тәсілі;

6) конкурстық (тендерлік) комиссия – осы Қағидаларда көзделген жағдайларда және тәсілдермен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру үшін сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ретінде қатысқан жағдайда, табиғи монополия субъектісінің қызметкерлерінен, сондай-ақ оның үлестес тұлғаларының қызметкерлерінен құрылатын комиссия;

7) конкурстық құжаттама – конкурстық өтінімді дайындау үшін электрондық сатып алудың ақпараттық жүйелерінде табиғи монополия субъектісі орналастыратын, конкурс өткізудің шарттары мен тәртібін қамтитын құжаттар топтамасы;

8) конкурстық (тендерлік) өтінім – әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамаға сәйкес жасалған конкурстық ұсынысы;

9) конкурстық өтінімді кепілдікпен қамтамасыз ету – конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші ұсынған ақша кепілі немесе банк кепілдігі;

10) көрсеткіштің нысаналы мәні – тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып бекітілген тарифтің қолданылу кезеңі аяқталғаннан кейін табиғи монополия субъектісі қол жеткізетін көрсеткіштің цифрлық мәні;

11) кірме жолдың шектеулі өткізу қабілеті – кірме жолдың техникалық және технологиялық мүмкіндіктеріне байланысты есептік уақыт кезеңі (тәулік) ішінде нақты кірме жол бойынша өткізілуі мүмкін жылжымалы құрамның ең көп саны;

12) құзыретті орган – энергетика, теміржол көлігі, газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және көтерме саудада өткізу, сондай-ақ тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және тұтыну, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы;

13) магистральдық темір жол желісінің шектеулі өткізу қабілеті-инфрақұрылымның , жылжымалы құрамның техникалық және технологиялық мүмкіндіктеріне және әртүрлі санаттағы поездарды өткізуді ескере отырып, Поездар қозғалысын ұйымдастыру тәсілдеріне қарай нақты темір жол учаскесі бойынша Есепті уақыт кезеңі (тәулік) ішінде өткізілуі мүмкін поездар мен поездар жұптарының ең көп саны;

14) мәмілелер жасасу кезінде келісу көзделетін табиғи монополия субъектісінің мүлкі – егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан артық болса, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын табиғи монополия субъектісінің меншігіндегі жылжымалы және жылжымайтын мүлік;

15) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі – мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

16) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

17) отандық тауар өндіруші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға немесе Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасында тауарлар өндіретін, сондай-ақ Қазақстан Республикасында толық қайта өңдеуге ұшыраған тауарларды өндіретін заңды тұлға;

18) өтінішхат – табиғи монополия субъектісінің жекелеген әрекеттерді жасауға келісім беру туралы жазбаша өтініші;

19) сарапшы (сараптама ұйымы) – сараптауға жататын қызметте арнайы білімі немесе тәжірибесі бар және техникалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметтерді көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

20) сатып алу – табиғи монополия субъектісінің шығындары осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тарифті бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

21) сатып алу туралы шарт – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы жасалған, электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған азаматтық-құқықтық шарт;

22) табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштері – Заңның 23-бабының 1-тармағында көрсетілген сатып алуды қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің қызмет нәтижелерінің және оның тарифті қалыптастыру кезінде ескерілетін экономикалық, басқарушылық, өндірістік шығындарының арақатынасы;

23) табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімі – Заңның 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган қалыптастыратын реттелетін қызметтерді көрсететін дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізімі (бұдан әрі – Тіркелім);

24) табиғи монополия субъектісінің мүлкін иеліктен шығару – табиғи монополия субъектісінің мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз құқықтарын басқа тұлғаның (тұлғалардың) меншігіне беруі;

25) табиғи монополия субъектісінің үлестес тұлғасы – табиғи монополия субъектісі қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде ауызша шартты немесе өзге де мәмілені қоса алғанда, шартқа сәйкес шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) ықпал етуге мүмкіндігі бар тұлға (берілген өкілеттіктер шеңберінде оның қызметін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ табиғи монополия субъектісінің оған қатысты осындай құқыққа болатын ие кез келген тұлға;

26) табиғи монополия субъектісінің мүлкімен жасалатын мәмілелер – Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 193-1-бабына сәйкес стратегиялық объект болып табылатын мүлікпен жасалатын мәмілелерді қоспағанда, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын жылжымалы және жылжымайтын мүлікке құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған табиғи монополия субъектісінің әрекеттері;

27) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу – басқа тұтынушыларға табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне ұқсас ұсынылатын көрсетілетін қызметті қолайлылығы жағынан кем болмайтын шарттармен тұтынушылардың пайдалану мүмкіндігі;

28) техникалық сараптама – өндіріс технологиясының, материалдық, еңбек шығындарының белгіленген нормаларға сәйкестігін қоса алғанда, тартылған активтердің техникалық жай-күйін (техникалық сипаттамаларын), технологиялық процестің тиімділігін талдау, инвестициялық бағдарламаларды, ұсынылып отырған реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша негізгі құралдарды іске қосылу деңгейін және оларды бөлудің негізділігін бағалау;

29) техникалық сарапшы – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындауға қатысу үшін табиғи монополиялар субъектілері тартатын, тиісті құжаттармен (дипломдармен, сертификаттармен, куәліктермен және басқа да құжаттармен) расталатын, өткізілетін сатып алу саласында арнайы және (немесе) техникалық білімі, тәжірибесі және біліктілігі бар жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі;

30) техникалық шарттар – бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау (құрылыс салу схемасы) жобасына сай инженерлік коммуникацияларды дамыту жоспарына сәйкес табиғи монополия субъектісінің: электр, жылу энергиясын беру, сумен жабдықтау және су бұру желілеріне, сондай-ақ магистральдық газ құбырларына және мұнай құбырларына, газ тарату жүйелеріне және топтық резервуарлық қондырғыларға қосылу үшін қажетті немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуға арналған техникалық талаптар;

31) төлем құжаты – табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеуге негіз болатын құжат (шот, хабарлама, түбіртек, есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде жасалған ескерту-шот);

32) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларында, мыналарды:

халықаралық және транзиттік ұшуға аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, аэронавигация;

Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуежайлар;

шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қоспағанда, кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру жөніндегі салаларды қоспағанда, басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

33) уәкілетті орган ведомствосы – табиғи монополиялар салаларында, мыналарды:

халықаралық және транзиттік ұшуға аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, аэронавигация;

Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуежайлар;

шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қоспағанда, кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру жөніндегі салаларды қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы;

34) шығындары тарифті бекіту кезінде ескерілетін, табиғи монополия субъектісі сатып алатын тауарлардың, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) – сатып алудың өлшем бірліктері, көлемдері, мерзімдері, тәсілдері, сондай-ақ бір жылдың ішінде тауарлардың, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің әрбір түрін сатып алуға жұмсалатын сомалардың ең жоғары мөлшері шығындары тарифті тарифтік реттеудің шығындық әдісін қолдана отырып бекіту кезінде ескерілетін табиғи монополия субъектісі бір жыл ішінде сатып алатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер номенклатурасы;

35) электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – портал) – табиғи монополиялар субъектілері жүзеге асыратын электрондық сатып алуға қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын портал.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.04.2024 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Ұлттық экономика министрінің 29.11.2024 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу және шығару тәртібі

Ескерту. 2-тарау жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2020 № 53 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Тіркелім осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша электрондық түрде қалыптастырылады.

Тіркелімнің республикалық бөліміне екі немесе одан көп облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумағында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілері енгізіледі.

Тіркелімнің жергілікті бөлімдеріне бір облыстың немесе республикалық маңызы бар қалалың немесе астананың аумағында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілері енгізіледі.

Порттардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін ұсынатын табиғи монополиялар субъектілері Тіркелімнің республикалық бөліміне енгізіледі.

Осы Қағидалар қызметін Заңның 3-бабының 4-тармағына сәйкес жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға қолданылмайды.

5. "Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу және шығару" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – Мемлекеттік тіркелімге енгізу және шығару) осы Қағидаларға сәйкес уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтінішпен www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу үшін тұтынушыларға реттеліп

көрсетілетін қызметті ұсыну басталған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей жүгінеді.

Бұл ретте электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға қызметтің "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Электр энергетикасы туралы Заң) 13-1-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкестігі туралы мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган ақпаратының нөмірі мен берілген күнін көрсетеді;

Реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну тоқтатылған жағдайда табиғи монополия субъектісі күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша оны Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару туралы өтініш ұсынады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес "Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу және шығару" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қарау мерзімі:

аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу – 30 минутты;

аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару – 2 жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушының аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы өтінішін өндеу рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесіне келіп түскен кезден бастап 30 (отыз) минут ішінде жүзеге асырылады, бұдан әрі қорытындылар бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің көліктік қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанындағы аэронавигация, әуежайлар және байланыс

саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы куәлік қалыптастырылады және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне жіберіледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.12.2022 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Тіркелімге реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын жері бойынша енгізілуге жататын шетелдік заңды тұлғаны қоспағанда, табиғи монополия субъектісі Тіркелімге оның тіркелген жері бойынша заңды тұлға ретінде не дара кәсіпкер ретінде енгізіледі.

Тіркелімнің тиісті бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектісі, оның тіркелген жері басқа облысқа, басқа республикалық маңызы бар қалаға немесе астанаға өзгерген жағдайда, осындай өзгеріс болған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұрынғы тіркелген жері бойынша Тіркелімнен шығару туралы өтініш береді. Бұл ретте табиғи монополия субъектісі Тіркелімнен шығарылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей жаңа тіркеу орны бойынша Тіркелімге енгізу туралы өтініш береді.

Табиғи монополия субъектісін жаңа тіркеу орны бойынша Тіркелімге енгізу табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес бекітілген тариф болған кезде оны жаңадан құрылған табиғи монополиялар субъектісіне жатқызу үшін негіз болып табылмайды.

9. Көрсетілетін қызметті алушы аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару бойынша өтінішпен жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні (өтініш сағат 18:00-ден кейін түскен жағдайда келесі жұмыс күні, демалыс және мереке күндері түскен жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес тіркеледі, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді.

Портал арқылы жүгінген кезде "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті алушының өтініштер тарихында мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Ұсынылған құжаттар толық болған және көрсетілетін қызметті берушінің тиісті саласы құрылымдық бөлімшесінің қорытындысы болған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімше 1 (бір) жұмыс күні ішінде Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару туралы шешім қабылдайды, Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару туралы куәлік не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жолданады.

11. Мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

5) оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған, көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығарудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

12. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші, уәкілетті орган басшысының атына және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беруге болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы, Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шағымды мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Егер Заңда өзгеше көзделмесе, шағым сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

- 1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;
- 2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электронды түрде берілген кезде) хабарлайды.

13-1. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгіне алады.

Ескерту. 13-1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Жария тыңдаулар өткізу тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер.

14. Жария тыңдауларды өткізудің мақсаты жариялылықты, хабардар болуды, тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілері мүдделерінің теңгерімділігін сақтауды, тарифтер қалыптастыру рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

15. Заңның 15-бабының 13-тармағында белгіленген жағдайларда және мерзімдерде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы тарифтің жобасын талқылау кезінде жария тыңдаулар өткізеді.

Есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормаларын талқылау кезінде олар бекітілгенге дейін бір ай бұрын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жария тыңдаулар өткізеді.

Табиғи монополия субъектісінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебі осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен және Заңның 25-бабының 6-тармағында белгіленген мерзімде жария тыңдау нысанында өткізіледі.

2-параграф. Жария тыңдаулар өткізу рәсімі

16. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдаулар өткізу күніне дейін күнтізбелік отыз күн бұрын жария тыңдаулар өткізу туралы хабарландыруды өзінің интернет-ресурсында орналастырады және мерзімді баспасөз басылымында жариялайды.

Табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық қызметтерге, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер белгілеу кезінде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жария тыңдаулардың өткізілетін күні мен жері туралы ақпаратты қосымша жариялайды.

Тариф индекстеу әдісімен белгіленген кезде және жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты негізінде тариф айқындалған кезде табиғи монополия субъектісі өзінің интернет-ресурсында не тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жария тыңдаулардың өткізілетін күні мен жері туралы ақпаратты олар өткізілгенге дейін күнтізбелік отыз күн бұрын орналастырады.

Жария тыңдауларды тариф бекітілгенге дейін күнтізбелік отыз күн бұрын кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы өткізеді.

Жария тыңдаулар:

тарифті оңайлатылған тәртіппен бекіткен кезде;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары іске асырылуына байланысты бекітілген инвестициялық бағдарлама өзгерген жағдайда;

жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау және сумен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде атом-энергетикалық кешен пайдаланатын, өзі өндіретін электр энергиясы мен судың өзіндік құны газдың және (немесе) оны тасымалдау бағасының өзгеруіне байланысты өзгерген жағдайда;

реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштері сақталмаған жағдайда;

мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның ақпараты негізінде электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын табиғи монополия субъектісі қызметі Электр энергетикасы туралы Заңының 13-1-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;

табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізілмеген жағдайда тариф бекітілгенге дейін күнтізбелік он күн бұрын кешіктірілмейтін мерзімде өткізіледі.

Алдағы жария тыңдау туралы хабарландыру жария тыңдауларды өткізу күні мен жерін қамтиды.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Жобаны талқылау бойынша жария тыңдаулар Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттар депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, табиғи монополия субъектісінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар шақырыла отырып, өткізіледі.

18. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті орган мерзімді баспасөз басылымында жария тыңдаулар өткізілетін күн мен орын туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін жария тыңдаулар өткізілгенге дейін жария тыңдауларға қатысушылардың талап етуі бойынша:

тариф пен тарифтік сметаның жобаларын;

экономикалық тұрғыдан негізделген есептемелермен бірге тарифтің өзгеру себептері туралы ақпаратты ұсынады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Жария тыңдаулар өткізу үшін уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық органының қызметкерлері қатарынан жария тыңдаулардың төрағасы (бұдан әрі – Төраға) және хаттама жүргізетін хатшы тағайындалады.

20. Тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдаулар өткізу процесінде хаттама және стенограмма жүргізіледі.

21. Төраға белгіленген уақытта жария тыңдауларды ашады, олардың мақсатын, күн тәртібі мен регламентін жариялайды.

22. Өз сөзінде табиғи монополия субъектісі егжей-тегжейлі түсініктеме және растайтын фото, бейне материалдармен қоса (болған кезде), ұсынылып отырған тариф жобасына негіздеме береді.

23. Төраға сөз сөйлейтіндерге сұрақтар қояды, қаралып отырған мәселелер бойынша өз ұстанымын білдіреді, регламентті сақтауды талап етеді.

Жария тыңдауларды өткізу кезінде тәртіп бұзып отырған адамға төраға ескерту жасайды. Тәртіпті қайта бұзған жағдайда көрсетілген адам үй-жайдан шығарылады.

24. Жария тыңдауларға қатысушылар қаралып отырған мәселелер бойынша өз көзқарастарын, пікірлерін білдіреді, сөз сөйлеушілерге сұрақтар қояды, өз сөздерінде көмекші материалдарды (плакаттар, кестелер) пайдаланады.

Жария тыңдауға қатысушының жазбаша түрде білдірген пікірі жеке немесе заңды тұлғаның ресми тұлғаға өтінішіне теңестіріледі және міндетті түрде жария тыңдау хаттамасына енгізілуі, сондай-ақ одан әрі қаралуы және тиісті шаралар қабылдануы тиіс.

25. Төраға қорытынды шығарады және жария тыңдауларды жабады.

26. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы тарифтің жобасын талқылау бойынша өткізілген жария тыңдаулардың нәтижелерін, оның ішінде талқылаулардың стенограммаларын, қарастырылып отырған мәселелер бойынша қабылданған шешімдерімен бірге отырыстардың хаттамаларын олар өткізілген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

4-тарау. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополия субъектісінің жекелеген іс-қимылдар жасауына келісім беру, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінен реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыруы туралы хабарламаны қабылдау тәртібі

27. Осы тарау өтінішхаттарды ұсыну мен қарау және уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық органының Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заңына сәйкес табиғи монополия субъектісінің жекелеген іс-қимылдар жасауына келісім беру, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінен реттеліп

көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыруы туралы хабарламаны қабылдау тәртібін, мерзімдерін айқындайды.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай іс-қимылдарды жасауға:

аэронавигация және әуежайлар мен байланыс саласындағы қызметтерді қоспағанда, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімде ескерілген мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 процентінен асатын болса, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға;

аэронавигация және әуежайлар мен байланыс саласындағы қызметтерді қоспағанда, қайта ұйымдастыруға немесе таратуға;

кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметін ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға келісім береді.

Аэронавигация және әуежайлар мен байланыс саласындағы қызметтерді қоспағанда, егер мәміле жасалатын мүліктің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімде ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімге сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру және табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру, аэронавигация және әуежайлар мен байланыс саласындағы қызметтерді қоспағанда, осы Қағидаларға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсететін мемлекеттік қызметтер болып табылады.

Коммерциялық құпияны құрайтын құжаттарды табиғи монополия субъектісі міндетті түрде "коммерциялық құпия" деген белгімен ұсынады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2020 № 53 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Табиғи монополия субъектісі оны Тіркелімге енгізу орны бойынша өтініш береді.

Егер табиғи монополия субъектісі Тіркелімнің республикалық және жергілікті бөлімдеріне бір мезгілде енгізілген жағдайда, онда өтініш уәкілетті органның ведомствосына беріледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2020 № 53 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қарау мерзімі:

аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған, оған қатысты мәміле жасалатын мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 процентінен асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру – 10 жұмыс күнін;

аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға немесе таратуға келісім беру – 5 жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2020 № 53 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31."Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған, оған қатысты мәміле жасалатын мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 процентінен асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша уәкілетті органның келісімін алу туралы өтінішхатты;

2) иеліктен шығарылатын объектілер бөлінісінде иеліктен шығарылатын мүліктің атауын, типін, түрін, түгендеу нөмірін, бастапқы, қалдық құнын көрсете отырып, табиғи монополия субъектісінің басшысы қол қойған, ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланстан үзінді-растаудың электрондық көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2020 № 53 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес "Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған, оған қатысты мәміле жасалатын мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 процентінен асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінде жазылған.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Көрсетілетін қызметті алушы аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған, оған қатысты мәміле жасалатын мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 процентінен асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру туралы өтінішхатпен жүгінген кезде құжаттар түскен күні көрсетілетін қызметті беруші оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді (сағат 18.00-ден кейін түскен жағдайда өтініш келесі жұмыс күні, демалыс және мереке күндері Кодекске сәйкес тіркеледі, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Портал арқылы жүгінген кезде "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тарихында мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" өтінішті қараудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда және жүргізілген есептемелер негізінде 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің тиісті саласының құрылымдық бөлімшесі тиісті қорытындыны ұсынады, оның қорытындысы бойынша жауапты құрылымдық бөлімше 1 (бір) жұмыс күні ішінде, аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 процентінен асатын болса, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға келісім беру туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім қабылданған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімше көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімді қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті алушының тыңдаудың өткізілетін уақыты мен орны (тәсілі) туралы үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес өткізіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының порталдағы " жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. "Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша уәкілетті органның келісуін алу туралы өтінішхат;

2) бірігу, қосылу, қайта құрылу кезінде – тапсыру актісінің электрондық көшірмесін ;

3) бөлу, бөлініп шығу кезінде – бөлу балансының электрондық көшірмесін;

4) тарату кезінде – тарату балансының электрондық көшірмесін ұсынады.

Табиғи монополия субъектісінің жекелеген іс-қимылдарды жасау процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ "Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 2-2-қосымшаға сәйкес "Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Көрсетілетін қызметті алушы аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру туралы өтінішхатпен жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді (сағат 18.00-

ден кейін түскен жағдайда өтініш келесі жұмыс күні, демалыс және мереке күндері Кодекске сәйкес тіркеледі, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Порталда "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тарихында мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе , сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Жауапты құрылымдық бөлімше ұсынылған құжаттардың және мәліметтердің толықтығын тексереді, олар толық болмаған жағдайда 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жібереді, ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 36-тармағына сәйкестігі тұрғысынан тексереді және аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім қабылданған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімше көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімді қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті алушының тыңдаудың өткізілетін уақыты мен орны (тәсілі) туралы үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес өткізіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының порталдағы " жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Мыналар:

- 1) тарифтің артуы;
- 2) тұтынушылармен шарттардың бұзылуы;
- 3) тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келуі;
- 4) реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынудың үздіксіз байланысты технологиялық жүйесінің бұзылуы немесе реттеліп көрсетілетін қызмет сапасының төмендеуі;
- 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

6) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

7) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

8) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған, заңды күшіне енген сот шешімінің болуы мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2020 № 53 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші, табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беруге болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы, Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шағымды мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Егер Заңда өзгеше көзделмесе, шағым сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37-1. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

- 1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;
- 2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электронды түрде берілген кезде) хабарлайды.

Ескерту. 37-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2020 № 53 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37-2. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгіне алады.

Ескерту. 37-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2020 № 53 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.12.2022 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. "Кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметін ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша уәкілетті органның келісімін алу туралы өтінішхатты;

2) иеліктен шығарылатын объектілер бөлінісінде иеліктен шығарылатын мүліктің атауын, типін, түрін, түгендеу нөмірін, бастапқы, қалдық құнын көрсете отырып, табиғи монополия субъектісінің басшысы қол қойған, ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланстан үзінді көшірме-растаудың электрондық көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.12.2022 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39-1. Табиғи монополия субъектісінің жекелеген іс-әрекеттер жасау процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге арналған негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 2-3-қосымшаға сәйкес "Кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметін ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға келісім беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде баяндалған.

Ескерту. 4-тарау 39-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.12.2022 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39-2. Көрсетілетін қызметті алушы кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметін ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға келісім беру туралы өтінішпен жүгінген кезде, құжаттар келіп түскен күні көрсетілетін қызметті беруші оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді (сағат 18:00-ден кейін келіп түскен жағдайда өтініш келесі жұмыс күні тіркеледі, демалыс және мереке күндері Кодекске сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Портал арқылы жүгінген кезде "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті алушының өтініштерінің тарихында Мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алған күні көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда және жүргізілген есептемелер негізінде 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің тиісті саласының құрылымдық бөлімшесі тиісті қорытынды береді, қорытындылар бойынша жауапты құрылымдық бөлімше 1 (бір) жұмыс күні ішінде кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметін ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға келісім беру туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық орган 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім қабылданған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімше көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімді қоса бере отырып, тыңдауды өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының порталдағы " жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 4-тарау 39-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.12.2022 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Көрсетілетін қызметті беруші:

- 1) тарифті жоғарылату;
- 2) тұтынушылармен шарттарды бұзу;
- 3) тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіру;
- 4) реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынудың үздіксіз байланысты технологиялық жүйесінің бұзылуы немесе реттеліп көрсетілетін қызмет сапасының төмендеуі;
- 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;
- 6) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 7) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 8) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған болуы;
- 9) кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін ұсыну үшін пайдаланылатын мүлік табиғи монополия субъектісінің меншігінде реттеліп көрсетілетін қызмет көрсетілген күннен бастап он сегіз айдан кем болуы;
- 10) кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісі бекітілген уақытша өтемақы тарифіне сәйкес тұтынушыларға негізсіз алынған кірісті өтемеуі;

11) осы Қағидалардың 39-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасының ұсынылмауы не ұсынылған құжаттарда анық емес ақпараттың (мәліметтердің) болуы жағдайларында өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.12.2022 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асырған күннен бастап он жұмыс күнінен кеш емес мерзімде бұл жөнінде көрсетілетін қызметті берушіні Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10194 болып тіркелген) бекітілген хабарламалар нысандарына және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларына, сондай-ақ хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші табиғи монополия субъектісінен реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыруы туралы хабарламаны, оның ішінде рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы қабылдайды және қабылданған хабарламалар тізілімін өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 13) тармақшасына сәйкес Бірыңғай байланыс орталығына және өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына жолдайды.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуды өткізу тәртібі

1-параграф. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау, қағидаттары мен тәсілдері

42. Осы тарау Заңның 15-бабы 23-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және табиғи монополия субъектісінің тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу тәртібін белгілейді.

43. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесі:

- 1) келесі күнтізбелік жылға арналған Тізбені қалыптастыруды;
- 2) өнім берушіні таңдауды;
- 3) өнім берушімен шарт жасасуды қамтиды.

44. Табиғи монополия субъектісі жыл сайын 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде келесі күнтізбелік жылға арналған және бірінші басшының бұйрығымен бекітілген Тізбені қалыптастырады және мәлімет үшін уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына жібереді

Табиғи монополия субъектісі қажет болған кезде бекітілген Тізбеге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді. Тізбеге өзгерістер мен толықтырулар олар қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына ұсынылады.

Тізбе және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тізбесі шешім қабылданған кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей табиғи монополия субъектісі сатып алуды жүзеге асыратын порталда орналастырылады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.12.2022 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Табиғи монополия субъектісі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды күнтізбелік жылға немесе ұзақ мерзімді кезеңге жүзеге асырады. Жөндеу жұмыстары мен инвестициялық бағдарламаларды уақтылы орындаудың қамтамасыз етілуін ескере отырып, табиғи монополия субъектісі ұзақ мерзімді кезеңге сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өз бетінше айқындайды.

46. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушы табиғи монополия субъектісі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу кезінде байқаушы ретінде қатысады.

47. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушы уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына табиғи монополия субъектісінің, конкурстық комиссияның, конкурстық комиссия (хатшылық) хатшысының, техникалық сарапшылардың заңсыз әрекеттеріне шағым жасай алады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

48-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.02.2025 № 8 (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Порталда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мынадай:

- 1) конкурс;
- 2) баға ұсыныстарын сұрату;
- 3) бір көзден сатып алу;

4) тауар биржалары тәсілдерінің бірі арқылы жүзеге асырылады.

Тауар биржалары арқылы тәсілімен сатып алу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10993 болып тіркелген) бекітілген биржалық сауданың үлгілік қағидаларына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 мамырдағы № 638 қаулысымен бекітілген тауар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Сатып алуды табиғи монополия субъектісі:

1) сатып алуды өткізудің ашықтығы мен жариялылығы;

2) сатып алуға қатысу үшін барлық әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндікті қамтамасыз ету;

3) әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік қағидаттарын сақтай отырып, өткізеді;

4) отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсетіп өткізеді.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 24.12.2024 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Тендер арқылы конкурс тәсілімен сатып алу

Ескерту. 2-параграф алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу

Ескерту. 3-параграф алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу

Ескерту. 4-параграф алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Тауар биржалары арқылы сатып алу

126. Тауар биржалары арқылы "Тауар биржалары арқылы өткізілетін биржалық тауарлардың тізбесін және ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 10587 болып тіркелген) бекітілген Биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген тауарларды сатып алу жүзеге асырылады.

Тауар биржалары арқылы тәсілімен сатып алу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 бұйрығымен бекітілген Биржалық сауданың үлгілік қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Тауар биржалары арқылы тәсілімен сатып алу Биржа саудасының үлгі қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 10993 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6-параграф. Электрондық сауда алаңдары арқылы тәсілімен сатып алу

Ескерту. 6-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс өткізу жолымен сатып алу портал арқылы өткізіледі және мынадай кезеңдер көзделеді:

- 1) конкурстық комиссияны қалыптастыру;
- 2) конкурстық құжаттаманы қалыптастыру және бекіту;
- 3) конкурстық құжаттаманы порталда орналастыру;
- 4) конкурсқа қатысуға жіберуге өтінімдер қабылдау;
- 5) конкурсқа қатысуға жіберуге өтінімдерді ашу, өтінімдердің конкурс талаптарына сәйкестігін қарау, қабылдаудан бас тартылған өтінімдер бойынша деректерді енгізе отырып ашу хаттамасын қалыптастыру, сондай-ақ жоқ немесе қатесі бар құжаттарға сұрау салу және қабылдаудан бас тартылған өтінімдерді конкурс талаптарына сәйкес келтіру;
- 6) конкурсқа жіберілген және қабылдаудан бас тартылған қатысушылар бойынша ақпаратты көрсете отырып өтінімдерді қарау хаттамасын қалыптастыру;
- 7) конкурстық өтінімдерді қабылдау;
- 8) конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету;

9) конкурстық өтінімдерді ашу, комиссияның конкурстық өтінімдерді конкурс талаптарына сәйкестігіне қарауы, конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын жасау және конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасын жасау;

10) конкурс қорытындылары туралы хаттама жасай отырып, конкурс жеңімпазын айқындау;

11) конкурс жеңімпазымен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт (шарттар) жасасу.

Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 28.12.2023 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129-1. Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу екі кезеңдік рәсімдерді пайдалану арқылы портал арқылы жүргізіледі.

Портал арқылы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың екі кезеңдік рәсімдері мынадай рәсімдерді қамтиды:

- 1) отандық тауар өндірушілер арасындағы конкурс;
- 2) конкурс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы берген Индустриялық сертификат тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізіліміндегі әлеуетті өндірушінің тауарды өндіргенін растайтын құжат болып табылады.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілер арасында жүзеге асырылған сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өзге де әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 129-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 24.12.2024 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

130. Табиғи монополия субъектісі өзінің интернет-ресурсында орналастырады, ал өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына порталға сілтемені көрсете отырып, сатып алу жүзеге асырылатын портал туралы ақпаратты ұсынады.

Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

131. Порталда конкурстық құжаттама жарияланғанға дейін табиғи монополия субъектісі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес конкурстық комиссияның құрамын, конкурстық комиссияның хатшысын бекітеді және тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды,

эскиздерді қоса алғанда, конкурстық құжаттамаға сәйкес техникалық және сапалық сипаттамаларға сәйкестігін айқындау үшін техникалық сарапшыларды белгілейді.

Табиғи монополия субъектісі техникалық сарапшыны тарту талап етілетін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін айқындайды.

Осы тармақта көрсетілген шешімдер табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның не табиғи монополия субъектісінің уәкілетті адамының бұйрығымен қабылданады.

Конкурстық комиссия табиғи монополия субъектісі конкурстық комиссияны бекіту және сатып алуды өткізу туралы бұйрықты қабылдаған күннен бастап сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейін жұмыс істейді.

Егер конкурс өтпеді деп танылса, конкурстық комиссияның өкілеттігі тоқтайды.

Конкурстық комиссия мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрайды және тақ сан болады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын табиғи монополиялар субъектілері үшін конкурстық комиссия мүшелерінің саны тақ сан болады және кемінде үш адамды құрайды.

Конкурстық комиссияның құрамына конкурстық комиссияның төрағасы мен мүшелері кіреді.

Конкурстық комиссияның мүшелеріне қоғамдық бірлестіктің өкілі қосылады.

Конкурстық комиссияның құрамына қосылған қоғамдық бірлестіктің өкілі конкурстық комиссияның қабылдаған шешімі үшін ортақ жауаптылықта болады.

Төраға болмаған уақытта оның функцияларын оны алмастыратын адам орындайды.

Конкурстық комиссия мүшелерінің бірі конкурстық комиссияның отырысында өндірістік немесе басқа да себептер бойынша болмаған жағдайда, конкурстық комиссия отырысының хаттамасында оның болмауының себебі көрсетіліп, растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріліп, оған сілтеме жасалады.

Табиғи монополия субъектісі тұрақты құрамы бар конкурстық комиссияны бүкіл қаржы жылына құрады.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 28.12.2023 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132. Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Конкурстық комиссияның мүшесі жазбаша түрде баяндалатын ерекше пікір білдіре алады және ол конкурсты ашу немесе қорытындыларын шығару хаттамасына қоса беріледі.

133. Конкурстық комиссияның хатшысы мыналарды:

1) конкурстық құжаттаманы конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталған күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей порталда жариялауды;

2) порталда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурс рәсімдерін өткізуді ұйымдастыруды, конкурстық комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар дайындауды, конкурстық комиссияны құжаттармен қамтамасыз етуді, конкурстық комиссияның отырысын өткізуді ұйымдастыруды, портал қалыптастырған конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамаларына қол қоюды, конкурстық өтінімдерді және конкурс қорытындылары туралы қарауды жүзеге асырады.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссияның шешім қабылдауына қатыспайды.

Конкурстық комиссияның хатшысы болмаған уақытта оның міндетін атқарушы тағайындалады.

Ескерту. 133-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 28.12.2023 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

133-1. Техникалық сарапшылар әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі бойынша еркін нысанда қорытынды береді. Сараптамалық қорытынды " Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Электрондық құжат туралы заң) сәйкес құжаттың электрондық көшірмесі нысанында ресімделеді және порталдағы конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

Ескерту. 133-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

134. Табиғи монополия субъектісі конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық құжаттаманы портал арқылы жариялайды.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 24.12.2024 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Конкурстық құжаттама мынадай мәліметтерді:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыруды;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) техникалық ерекшелігін;

3) болған жағдайда жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді;

4) шарт жобасын қамтиды.

135-1. Біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөнінде конкурс өткізу кезінде табиғи монополия субъектісі конкурстық құжаттамада қажет болған кезде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша бөліктерге (лоттарға) бөледі. Бұл ретте конкурс жеңімпазы тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әрбір лоты бойынша айқындалады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық көлемін бөліктерге бөлуге жол берілмейді.

Ескерту. 135-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

136. Әлеуетті өнім беруші табиғи монополия субъектісінен конкурстық құжаттаманы түсіндіруді, бірақ конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей сұрата алады. Табиғи монополия субъектісі сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осындай сұрау салуға жауап береді және осындай түсіндірмені конкурстық өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерге жібереді. Әлеуетті өнім берушінің сұрау салуы және табиғи монополия субъектісінің жауабы портал арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 136-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

136-1. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінім ашылмайды және оны ұсынған әлеуетті өнім берушіге портал екі жұмыс күні ішінде автоматты түрде қайтарылады.

Ескерту. 136-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

136-2. Конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім беруші ұсынған конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі кемінде он бес жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 136-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

137. Конкурстық өтінім конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттама шарттарына сәйкес тауарды жеткізуге, жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге келісімін білдіруі болып табылады.

138. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттамада көрсетілген оны ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін портал арқылы электрондық құжат нысанында ұсынады.

Ескерту. 138-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

139. Әріп, цифр және өзге де символдармен сәйкестендіруге келмейтін ақпаратты қамтитын құжат әлеуетті жеткізуші ұсынбаған болып есептеледі және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін ретінде қабылданбауға жатады.

140. Құжаттардың электрондық көшірмелері әлеуетті өнім берушіде мұндай құжаттардың түпнұсқасы немесе нотариаттық тәртіппен куәландырылған көшірмелері қағаз жеткізгіштерде болған жағдайда ұсынылады.

141. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

142. Әлеуетті өнім беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша құжаттардың не электрондық құжаттардың мынадай электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, конкурсқа қатысуға өтінім береді:

1) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің осы талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды сипаттай отырып, техникалық ерекшелік;

2) Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған, мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын лицензиялар, рұқсаттар (хабарламалар), патент, куәлік, сертификат, диплом (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған кезде);

3) әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының банк немесе банк филиалы алдындағы әлеуетті өнім берушінің міндеттемелері бойынша үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешегінің жоқ екендігі туралы анықтамасы (егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте емес берілген анықтама;

4) конкурстық өтінімдер ашылатын күнге дейін үш айдан кешіктірмей берілген, есебі мемлекеттік кіріс органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

5) егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, онда мыналар ұсынылады:

осы әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатыны және салықтық есепте тұрмайтыны туралы Қазақстан Республикасы салық органының анықтамасы;

"Қазақстан Республикасының Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын жоятын конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес апостиль қойылған (жария етілген) құқық белгілейтін құжаттардың тізбесі;

6) осы Қағидалардың 147-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің банктік шотына конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын төлем тапсырмасы (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған кезде);

7) егер конкурс стратегиялық тауарды сатып алуға жарияланған жағдайда, тиісті құзыретті органнан алынған әлеуетті өнім берушінің стратегиялық тауарды өндіруші болып табылатынын растайтын құжаттар;

8) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 66 бұйрығымен бекітілген Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөнінде мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20771 болып тіркелген) 6-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша тіркеуші орган берген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

9) егер әлеуетті өнім беруші қосылған құн салығын төлеуші болып табылған жағдайда, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің көшірмесі не электрондық құжаттың қағаз көшірмесі қоса беріледі.

Ескерту. 142-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 24.01.2023 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2023 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

143. Әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) жиынтығында жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемінің үштен екісінен астамын беруіне жол берілмейді.

143-1. Әлеуетті өнім беруші өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін, бұл ретте өзінің конкурстық өтінімінің кепілді қамтамасыз етілуін қайтару мүмкіндігін жоғалтпай, портал арқылы өз өтінімін түзетеді немесе кері қайтарып алады.

Ескерту. 143-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімді ұсынған кезде бір мезгілде оның конкурстық өтінімінде ұсынылған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнының бір пайызы мөлшерінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

145. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мына түрлердің бірі:

1) әлеуетті өнім берушінің табиғи монополия субъектісінің тиісті банктік шотына енгізу арқылы ақша кепілі;

2) банктік кепілдеме түрінде ұсынылады.

146. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі – конкурстық өтінімнің өзінің қолданылу мерзімінен кем емес.

147. Әлеуетті өнім берушілер, егер:

1) шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылса және жалпы құндық мәнінде олар ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі айлық есептік көрсеткіштің алты мың еселенген мөлшерінен аспаса;

2) Қазақстан Республикасының қоғамдық мүгедектігі бар адамдарға бірлестігі құрған, тауарларды өндіретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін ұйымдар болып табылса және олар ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі айлық есептік көрсеткіштің он сегіз мың еселенген мөлшерінен аспаса, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді.

Ескерту. 147-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Ұлттық экономика министрінің 29.11.2024 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

148. Табиғи монополия субъектісі мынадай:

1) конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі өткен;

2) сатып алу шарты күшіне енген;

3) конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінім кері қайтарып алынған;

4) конкурстық өтінімнің конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап бермейтін ретінде қабылданбаған;

5) конкурс жеңімпазын анықтамай сатып алу рәсімдері тоқтатылған жағдайлар туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтарады.

149. Әлеуетті өнім беруші, егер

1) конкурстық өтінімді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін қайтарып алған немесе өзгерткен;

2) егер ол конкурстың жеңімпазы немесе екінші орынды алған әлеуетті өнім беруші болғанда, осы Қағидалардың 160-тармағымен белгіленген мерзімдерде сатып алу туралы шарт жасаспаған жағдайларда конкурстық өтінімді қамтамасыз ету конкурстық өтінім мен оны қамтамасыз етуді ұсынған әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды.

150. Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін ашуды портал конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде автоматты түрде жүзеге асырады.

Ескерту. 150-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

151. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін конкурс өткізу туралы хабарландыруда белгіленген конкурстық өтінімдерді ұсыну аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен асырмай әрбір лот бойынша жеке қарайды.

Ескерту. 151-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 24.12.2024 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

152. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімін бағалауға және салыстыруға мынадай негіздер бойынша қабылдамайды:

- 1) осы Қағидалардың 142-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаса;
- 2) осы Қағидалардың 147-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбесе;
- 3) конкурстық өтінім осы Қағидалардың 139, 140-тармақтарының талаптары бұзыла отырып ұсынылған немесе ресімделген құжаттарды қамтиды;
- 4) есебі мемлекеттік кіріс органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерде бір теңге және одан астам мөлшердегі міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешек туралы және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектер туралы ақпараттың болуы;
- 5) әлеуетті өнім берушінің осы анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылатын міндеттемелерінің ең болмағанда бір түрі бойынша мерзімі өткен берешегі бар банк анықтамасының немесе банк филиалының болуы;
- 6) әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы;
- 7) анық емес ақпарат ұсыну фактісі анықталса;
- 8) егер конкурсқа өзара үлестес тұлғалар ғана қатысса, әлеуетті өнім беруші осы конкурсқа (лотқа) қатысуға өтінім берген басқа әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы болып табылады;

9) конкурса қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің теңгедегі өтінімдерінің бағасы тізбеде көзделген сатып алуға бөлінген сомдан асып кетсе;

10) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын конкурстық комиссия демпингтік деп таныған жағдайда.

Ескерту. 152-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

152-1. Конкурстық комиссия осы Қағидалардың 152-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге порталда конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын орналастырған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурса қатысуға арналған өтінімдерін Қағидалардың 152-тармағының талаптарына сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

Конкурстық комиссия осы Қағидалардың 152-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда конкурстық комиссия конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын ресімдейді.

Конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында мынадай ақпарат:

1) талаптарға сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілердің тізбесі қамтылады, онда әлеуетті өнім берушілерден бас тартудың себептері, оның ішінде олардың талаптарға сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар егжей-тегжейлі сипатталады;

2) ұсынылуы және талаптарға сәйкес келтірілуі тиіс құжаттар тізбесі қамтылады.

Конкурстық комиссияның әлеуетті өнім берушілерді конкурса қатысуға алдын ала жіберу туралы шешімі конкурстық өтінімдерді беру аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қабылданады және конкурстық комиссияның хатшысы конкурса қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерді электрондық пошта арқылы автоматты түрде хабардар ете отырып, конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні оны порталға орналастырады.

Осы Қағидалардың 152-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілер болмаған жағдайда конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы қалыптастырылмайды.

Конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасына конкурстық комиссия мүшелері қол қояды.

Конкурстық комиссия конкурса қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауға жол бермейді.

Ескерту. 152-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 28.12.2023 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен; өзгеріс енгізілді - ҚР

Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 24.12.2024 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

152-2. Егер баға ұсынысы конкурстық құжаттамада сатып алуға көзделген сомдан 50 пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік ұсыныс деп танылады. Әлеуетті өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде ұсынылған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнының 10 пайызы мөлшерінде қосымша қамтамасыз етуді енгізген жағдайда демпингтік бағаны ұсынуға жол беріледі.

Ескерту. Қағидалар 152-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 28.12.2023 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

153. Бағалауға және салыстыруға қабылданған конкурстық өтінімдер тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық және сапалық сипаттамаларының сәйкестігін ескере отырып, конкурстық баға ұсынысының ең төмен бағасының негізінде конкурс жеңімпазын айқындай отырып (лоттар бойынша) порталда қаралады.

Ескерту. 153-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

154. Конкурс жеңімпазын анықтау кезінде конкурстың әлеуетті өнім берушілерінің конкурстық баға ұсыныстарының бағасы тең болған жағдайда, конкурстық құжаттаманы басқа әлеуетті өнім берушілерден бұрын ұсынған әлеуетті өнім берушіге басымдық беріледі.

155. Конкурстық комиссия, егер:

1) осы Қағидалардың 152-тармағында көзделген кез келген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері бағалауға және салыстыруға қабылданбағаннан кейін екеуден кем конкурстық өтінім қалса;

2) конкурсқа қатысуға екеуден кем әлеуетті өнім беруші өтінім берсе;

3) осы Қағидалардың 160-тармағында көзделген мерзімде жеңімпаз және екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайда комиссия конкурсты (лотты) өткізілмеген деп таниды.

156. Егер конкурс тұтастай немесе қандай да бір бөлігі (лот) бойынша өтпеді деп танылса, онда табиғи монополия субъектісі мынадай:

1) конкурс тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;

2) конкурстық құжаттаманы өзгерту және конкурс тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, қайталап конкурс өткізудің мерзімдері мен тәртібі бастапқы конкурс өткізуге сәйкес келеді.

Конкурса қатысуға екіден аз өтінім ұсынылған жағдайда бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру, конкурса қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамасы сәйкес келген жағдайда, оған портал арқылы жіберіледі. Конкурстық құжаттама сәйкес келген жағдайда, жасалған шарттың бағасы конкурса қатысуға өтінімде көрсетілген әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысынан аспайды.

Өтпеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде табиғи монополиялар субъектісі портал арқылы әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жібереді.

Осы тармақта көрсетілген іс-әрекеттер табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрықтарымен ресімделеді.

Ескерту. 156-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 28.12.2023 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

156-1. Конкурстық комиссия осы Қағидалардың 152-тармағына сәйкес бағалауға және салыстыруға қабылданбаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін қоспағанда, конкурстық өтінімдерді бағалайды, салыстырады және мынадай өлшемшарттарды:

- 1) пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстарды ;
- 2) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін;
- 3) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық және сапалық сипаттамаларының сәйкестігін;
- 4) тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге кепілдіктер шарттарын;
- 5) әлеуетті өнім берушінің біліктілік деректерін ескере отырып, ең төмен баға негізінде жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындайды.

Конкурса қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия отандық тауар өндірушілер болып табылатын әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарына бағаларды шартты түрде он пайызға азайтуды қолданады.

Ескерту. 156-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.04.2024 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

157. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді ашқан күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде конкурстың қорытындыларын шығарады, табиғи монополия субъектісінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы хаттама қалыптастырады және порталда орналастырады.

Ескерту. 157-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 24.12.2024 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

158. Конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық комиссия конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді, онда мынадай ақпарат қамтылады:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы мен қысқаша сипаттамасы;

2) конкурстық өтінімдер ұсынған әлеуетті өнім берушілердің атауы және орналасқан жері;

3) конкурстық өтінімдер ұсынған әлеуетті өнім берушілердің біліктілік деректері;

4) әрбір конкурстық өтінімнің бағасы және басқа да негізгі шарттары;

5) конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыруды баяндау;

6) конкурстық өтінімдерді бағалауға және салыстыруға қабылданбаған жағдайда – оларды бағалауға және салыстыруға қабылдамаудың негіздері;

7) әрбір лот бойынша конкурс жеңімпазының атауы мен орналасқан жері және жеңімпаз анықталған шарттар;

8) екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің атауы, бағасы;

9) егер конкурс нәтижесінде жеңімпаз айқындалмаса – конкурстық комиссияның осындай шешім қабылдауы үшін негіздер;

10) конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салуларды, оларға жауаптарды жинақтап баяндау, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтыруларды жинақтап баяндау;

11) сатып алу туралы шартқа қол қойылатын мерзім (бірақ конкурс жеңімпазы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайды);

12) техникалық сарапшыларды тарту туралы ақпарат;

13) егер конкурс өткізілген жағдайда, онда тізбеде көзделген осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға табиғи монополия субъектісі бөлген сома.

Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

159. Табиғи монополия субъектісі конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде портал арқылы конкурс жеңімпазына конкурстық құжаттамада шарт жобасына сәйкес келетін хабарлама мен қол қойылған сатып алу туралы шартты жібереді.

Ескерту. 159-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

160. Конкурс жеңімпазы конкурс жеңімпазы деп тану туралы хабарламаны және сатып алу туралы шарттың жобасын алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, Электрондық құжат туралы заңға сәйкес электрондық нысанда сатып алу туралы шартқа қол қояды немесе табиғи монополия субъектісін келіспеушіліктер туралы немесе сатып алу туралы шартқа қол қоюдан бас тарту туралы портал арқылы хабардар етеді.

Табиғи монополия субъектісі жеңімпаз сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді.

Сатып алу туралы шарттың жобасын екінші орын алған әлеуетті өнім беруші өзіне сатып алу туралы шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландыруға тиіс.

Егер екінші орын алған әлеуетті өнім беруші осы тармақтың үшінші абзацында көзделген мерзімде табиғи монополия субъектісі қол қойған сатып алу туралы шартқа қол қоймаса, табиғи монополия субъектісі қайта сатып алуды жүзеге асырады.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

161. Сатып алу туралы шарт оған тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

162. Сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған сатып алу туралы шартқа (өнім берушіні таңдау үшін негіз болып табылған сапа, көлем және басқа да талаптар өзгермеген жағдайда бағаның төмендеуін қоспағанда) ұсыныстың өнім берушіні таңдау үшін негіз болған мазмұнын өзгертетін қандай да бір өзгерістер және (немесе) жаңа талаптарды енгізуге жол берілмейді.

Сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған сатып алу туралы шартқа өнім берушіні таңдауға негіз болған сапа, көлем және басқа да шарттар өзгермейтін жағдайда, бағаны азайту бөлігінде өзгерістер енгізуге жол беріледі.

163. Сатып алу туралы шартқа Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының нормалары қолданылады.

164. Конкурсқа қатысушының талап етуі бойынша оған портал арқылы конкурс нәтижелері және жеңімпазды таңдау себептері туралы толық ақпарат беріледі.

Ескерту. 164-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

165. Әлеуетті өнім беруші уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына конкурстық комиссияның, конкурстық комиссия хатшысының (

хатшылықтың) және техникалық сарапшылардың заңсыз әрекеттеріне шағымдана алады.

166. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

167. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

168. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

169. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

170. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

171. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

172. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

173. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

174. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

175. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

176. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

177. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

178. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-1-параграф. Баға ұсыныстарын сұрату жолымен сатып алу

Ескерту. 6-1-параграфпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

178-1. Баға ұсыныстарын сұрату жолымен сатып алу, егер осындай біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, әлеуетті өнім берушілерде бар тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ біртекті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге портал арқылы жүргізіледі. Бұл жағдайда баға шешуші шарт болып табылады.

Баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің біртекті түрлерін сатып алудың жылдық көлемін бөліктерге бөлуге жол берілмейді.

178-2. Табиғи монополия субъектісі баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын порталда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 4-нысан бойынша баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруды және шарттың жобасын орналастырады.

178-3. Әлеуетті өнім берушілердің берілген баға ұсыныстарын оларды ұсыну мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алуына жол беріледі. Бұл ретте баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі өткенге дейін енгізілген өзгерістерімен бірге оларды қайта ұсынуға жол беріледі.

Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның сатып алуды өткізу туралы ақпаратта көзделген шарттарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

178-4. Баға ұсынысы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген баға ұсыныстарын қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін портал арқылы ұсынылады. Әрбір әлеуетті өнім беруші құжаттардың не электрондық құжаттардың мынадай электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 5-нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған бір ғана баға ұсынысын береді:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша тіркеуші орган берген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не жеке кәсіпкерлікті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғалар

үшін электрондық тіркеу жүйесін пайдаланатын анықтаманы берген мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсына сілтемені қамтитын әлеуетті өнім берушінің өтініші – қызметті бастағаны туралы хабарламаның сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме не рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне не кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркеу туралы құжатқа, заңды тұлғаларды уақытша біріктіру үшін (консорциум) – консорциум туралы келісімге және консорциумға қатысушыларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сілтемені қамтитын әлеуетті өнім берушінің өтініші;

2) Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған лицензиялар, рұқсаттар (хабарламалар), патент, куәлік, сертификат, диплом, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын мәліметтер (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған жағдайда).

178-5. Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ашу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруда белгіленген мерзімде порталда автоматты түрде жүзеге асырылады.

178-6. Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті өнім беруші ұсынған жағдайда, баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

178-7. Портал баға ұсыныстарын автоматты түрде салыстырады және ең төмен баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім берушіні айқындайды.

178-8. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы, егер:

1) сатып алуға бөлінген сомадан асып кетсе;

2) әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер табиғи монополия субъектісінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес келмесе ;

3) осы Қағидалардың 178-4-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

4) әлеуетті өнім беруші бірден артық баға ұсынысын берсе;

5) әлеуетті өнім беруші басқа әлеуетті өнім берушілермен үлестес болса;

6) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы осы Қағидалардың 152-2-тармағына сәйкес демпингтік деп танылса, бас тартуға жатады.

Ескерту. 178-8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 28.12.2023 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

178-9. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу:

1) екіден кем баға ұсынысы берілген;

2) егер осы Қағидалардың 178-8-тармағында көзделген негіздер бойынша баға ұсыныстарын портал автоматты түрде қабылдамағаннан кейін екіден кем баға ұсынысы қалған;

3) жеңімпаз және екінші орын алған әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 178-13-тармағында көзделген мерзімдерде сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайда өтпеді деп танылады.

Ескерту. 178-9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 28.12.2023 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

178-10. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу порталда автоматты түрде өтпеді деп танылса, табиғи монополия субъектісі мынадай:

1) сатып алу шарттарын өзгерту туралы және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта сатып алуды өткізу туралы;

2) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген жағдайларда бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру портал арқылы, оның ішінде баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім берушіге оның техникалық ерекшелігіне сәйкес келген жағдайда жіберіледі. Осы әлеуетті өнім берушімен сатып алу шартын жасасу кезінде мұндай шарттың бағасы осы Қағидалардың 178-1-тармағына сәйкес өзі ұсынған баға ұсынысынан аспайды.

178-11. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларын портал әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде автоматты түрде шығарады. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы портал автоматты түрде қалыптастырады және орналастырады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) табиғи монополия субъектісінің толық атауы;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу атауы;

3) баға ұсыныстарын ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін баға ұсыныстарын ұсынған әлеуетті өнім берушілердің толық атауы, олардың тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мәлімдеген бағалары;

4) ауытқу себептерін негіздей отырып, портал автоматты түрде қабылдамаған баға ұсыныстары туралы;

5) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы туралы;

6) екінші орын алған әлеуетті өнім беруші туралы;

7) егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілген жағдайда, сатып алу туралы шарттың сомасы мен оны жасасу мерзімдері туралы ақпарат.

178-12. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде портал сатып алу жеңімпазына осы Қағидалардың

178-2-тармағына сәйкес жарияланған шарт жобасына сәйкес келетін хабарлама мен қол қойылған сатып алу туралы шартты автоматты түрде жібереді.

178-13. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жеңімпазы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жеңімпазы деп тану туралы хабарламаны және сатып алу туралы шарттың жобасын алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, Электрондық құжат туралы заңға сәйкес электрондық нысанда сатып алу туралы шартқа қол қояды немесе табиғи монополия субъектісін келіспеушіліктер туралы немесе портал арқылы сатып алу туралы шартқа қол қоюдан бас тарту туралы хабардар етеді.

Табиғи монополия субъектісі жеңімпаз сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді.

Сатып алу туралы шарттың жобасын екінші орын алған әлеуетті өнім беруші өзіне сатып алу туралы шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландыруға тиіс.

Егер екінші орын алған әлеуетті өнім беруші осы тармақтың екінші абзацында көзделген мерзімде табиғи монополия субъектісі қол қойған сатып алу туралы шартқа қол қоймаса, табиғи монополия субъектісі қайта сатып алуды жүзеге асырады.

6-2-параграф. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу.

Ескерту. 6-2-параграфпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

178-14. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу – бұл конкурсты, баға ұсыныстарына сұрау салуды қолданусыз сатып алу тәсілі, олар портал арқылы және мынадай:

1) егер конкурс тәсілімен қайта сатып алу немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылған;

2) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес мемлекеттік реттеу белгіленген бағалар, тарифтер бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

3) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтары бар тұлғадан немесе мемлекеттік немесе табиғи монополия субъектісі болып табылатын тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

4) еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы, оның ішінде аварияларды жою үшін төтенше жағдайлардың салдарларын оқшаулау және (немесе) жою салдарынан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

5) өкілдік шығыстармен байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

6) сауда-саттықта (аукциондарда) өткізілетін мүлікті (активтерді) сатып алу:

Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес сот орындаушыларының жүзеге асыруы;

Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес жүргізілуі;

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілуі;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде;

7) өнім берушінің тауарларын, жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін сатып алған табиғи монополия субъектісінен біріздендіру, стандарттау немесе үйлесімділікті қамтамасыз ету мақсатында нақ сол өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуының қажеттілігі туындауы жағдайларында ғана өткізіледі;

8) егер мұндай тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі құндық мәнде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспаса, реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде тартылған желілер мен жабдықтардағы аварияларды жою мақсатында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

Ескерту. 178-14-тармақ жана редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Ұлттық экономика министрінің 29.11.2024 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

178-15. Мынадай құжаттардың электрондық көшірмелері не электрондық құжаттар бір көзден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу негіздері болып табылады:

1) әлеуетті өнім беруші тиісті біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жалғыз әлеуетті өнім берушісі болып табылатындығына байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезінде – табиғи монополиялар салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, осы өнім беруші тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу күніне күнтізбелік бір жылдан кешіктірмей берілген осы өнім беруші тиісті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жалғыз әлеуетті өнім берушісі болып табылатыны туралы тиісті құзыретті органның қорытындысы;

2) біріздендіру, стандарттау немесе қолда бар тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында сатып алуды

жүзеге асыру кезінде – оған сәйкес әлеуетті өнім берушіден бастапқыда тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынған шарт, біріздендіру, стандарттау немесе үйлесімділікті қамтамасыз ету мақсатында табиғи монополия субъектісінің сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сандық және құндық мәндегі осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді көлемін көрсете отырып сатып алу қажеттілігі туралы қорытындысы, сондай-ақ қолда бар тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен стандарттау, біріздендіру немесе үйлесімділігін қамтамасыз ету қажеттілігін растайтын техникалық ерекшелік және (немесе) өзге де құжаттама;

3) конкурсты өтпеді деп тануға байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезінде – осы конкурс бойынша құжат:

конкурстық комиссияны бекіту туралы бұйрық;

конкурстық құжаттама;

конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасы; конкурс қорытындылары туралы хаттама;

әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері;

табиғи монополия субъектісінің немесе уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық органының интернет-ресурсында не электрондық сатып алудың ақпараттық жүйелерінде конкурс (тендер) өткізу туралы хабарландыру;

4) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізілмеді деп тануға байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезінде – баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен осы сатып алу жөніндегі құжаттар; әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары; баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама.

178-16. Осы Қағидалардың 178-15-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші техникалық ерекшелікте белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде жол беріледі.

Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде табиғи монополия субъектісі портал арқылы әлеуетті өнім берушіден осы әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағаның барлық негіздемелерін сұратады.

178-17. Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде портал автоматты түрде хаттама жасайды, онда мыналар қамтылады:

1) бір көзден сатып алу тәсілін қолдану негіздемесі;

2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;

3) сатып алу туралы шарт жасалатын әлеуетті өнім берушінің атауы мен орналасқан жері және осындай шарттың бағасы.

7-параграф. Қорытынды ережелер

179. Сатып алу туралы шарттар, конкурстық құжаттама, сатып алу хаттамалары, әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері және өткізілген сатып алу бойынша өзге де материалдар порталда кемінде бес жыл сақталады.

Ескерту. 179-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

180. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

181. Табиғи монополия субъектісі жасалған сатып алу туралы шарттарды тіркеудің бірыңғай журналын жүргізеді. Табиғи монополия субъектісінде электрондық құжат айналымы болған кезде электрондық нысанда бірыңғай журналдың жүргізілуіне жол беріледі.

182. Табиғи монополия субъектісінің екі және одан да көп үлестес тұлғалары сатып алуға қатыспайды.

183. Табиғи монополия субъектісінің жұмыскерлеріне, егер ол әлеуетті өнім берушінің лауазымды немесе сенімді адамының жақын туысы (ата-анасы), балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы), жекжаты болып табылса не конкурс нәтижелеріне өзгеше түрде өзі мүдделі болса, сатып алу рәсімдеріне байланысты міндеттерді орындауға жол берілмейді.

184. Сатып алуды:

негізгі (орнатылған) жабдықтарды, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді (лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді) толық жинақтау, жаңғырту және толық жарақтандыру үшін;

тауарды лизингке беру жөніндегі қызметтер берушіні анықтау және лизинг нысанасын егжей-тегжейлі сипаттау қажеттілігінің туындауы үшін;

табиғи монополия субъектісінде бар тауарды жөндеу және (немесе) техникалық қызмет көрсету үшін жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, егер мұндай нұсқау сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын болса, сатып алуды жүргізу кезінде конкурстық (тендерлік) құжаттамада тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына нұсқаудың болуына жол берілмейді.

185. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әлеуетті өнім берушілері мен тұтынушылары сатып алу рәсімін жүргізу кезінде, оның ішінде техникалық ерекшелікте, сатып алу қорытындылары туралы хаттамада және жасалған шарттарда қойылатын талаптар бойынша табиғи монополия субъектісінің, конкурстық

комиссияның, конкурстық комиссияның (хатшылықтың) хатшысының және техникалық сарапшылардың заңсыз әрекеттеріне уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына шағымдана алады.

Ескерту. 185-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

185-1. Әлеуетті өнім берушілер мен реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар табиғи монополия субъектісінің, конкурстық комиссияның, конкурстық комиссия хатшысының (хатшылық) және техникалық сарапшылардың сатып алуды жүргізу бойынша іс-әрекеттеріне шағымдануы кезеңінде сатып алу туралы шарт жасалмайды.

Бұл ретте өтінім беруші табиғи монополия субъектісін жоғарыда көрсетілген тұлғалардың әрекеттеріне шағымдануы туралы хабардар етеді.

Ескерту. Қағидалар 185-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 28.12.2023 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

186. Сатып алудың жеңімпазы болып танылған әлеуетті өнім берушінің немесе екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің сатып алу туралы шарт жасаудан жалтаруы немесе сатып алу туралы шарт талаптарын орындамауы жағдайларында табиғи монополия субъектісі оларды табиғи монополиялар туралы заңнамада белгіленген сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы сотқа жүгінеді.

186-1. Уәкілетті орган табиғи монополиялар субъектілерінің ұсынылған деректері негізінде табиғи монополия субъектісі алдында міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау фактісін растайтын өзіне қатысты соттың шешімі заңды күшіне енген сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастырады және жүргізеді.

Сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. Қағидалар 186-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

187. Өткізілетін (өткізілген) сатып алу қорытындыларына әсер ететін сатып алу хабарландыруында бұзушылықтар анықталған жағдайда, табиғи монополия субъектісі портал арқылы сатып алу туралы шарт жасалған күнге дейін сатып алуды (лотты) немесе олардың қорытындыларын жояды, хабарландыруды сәйкестікке келтіреді және осы Қағидаларға сәйкес сатып алуды қайта жариялайды.

Ескерту. 187-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

188. Өткізілетін (өткізілген) сатып алуда сатып алу қорытындыларына әсер ететін бұзушылықтар анықталған жағдайда, табиғи монополия субъектісі портал арқылы сатып алу туралы шарт жасалған күнге дейін сатып алуды (лотты) немесе олардың қорытындыларын жояды және осы Қағидаларға сәйкес сатып алуды қайта жариялайды.

Ескерту. 188-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

189. Табиғи монополия субъектісі сатып алудың (лоттың) немесе олардың қорытындыларының күші жойылды деген шешімді бекіткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде портал арқылы өткізілген сатып алуға қатысушы адамдарға ол туралы хабарлайды.

Ескерту. 189-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

190. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополиялар туралы заңнамада белгіленген табиғи монополия субъектісінің сатып алуды жүргізу рәсімін бұзғаны анықталған жағдайда табиғи монополиялар туралы заңнаманың бұзылуын тоқтату туралы, оның ішінде сатып алуды, сатып алу және (немесе) қайта сатып алуды жүргізу туралы шарттың күшін жою туралы нұсқама шығарады, сондай-ақ тарифті бекіту, инвестициялық бағдарламаны бекіту және тарифтік сметаның және инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерді қарау кезінде осы шығындарды ескермейді.

Ескерту. 190-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Ұлттық экономика министрінің 29.11.2024 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

191. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

192. Тұтынушылардың реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуі Қазақстан Республикасының Су кодексіне, "Темір жол көлігі туралы", "Сауда мақсатында теңізде

жүзу туралы", "Электр энергетикасы туралы", "Газ және газбен жабдықтау туралы", "Магистральдық құбыр туралы", "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Қағидаларға сәйкес ұсынылады.

Ескерту. 192-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

193. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету мынадай:

1) осы Қағидаларда айқындалған талаптар сақталған кезде барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізу;

2) табиғи монополия субъектісінің ақпараттық ашықтығы шарттары негізге алына отырып жүзеге асырылады.

194. Тұтынушылардың реттеліп көрсетілетін қызметке қол жеткізуі:

1) Заңның 25-бабында көзделген ақпаратты табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсында орналастырумен, ол болмаған жағдайда – уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына оның интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсынумен, сондай-ақ Заңның 25-бабының 6-2-тармағында көзделген ақпаратты мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде орналастырумен және (немесе) өзектілендірумен;

2) табиғи монополия субъектісінің желілеріне: бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына (құрылыс салу схемасына) сәйкес инженерлік коммуникацияларды дамыту жоспарына сәйкес электр, жылу энергиясын, сумен жабдықтау және су бұру, сондай-ақ магистральдық газ құбырлары мен мұнай құбырларына, газ тарату жүйелеріне және топтық резервуарлық қондырғыларға беруге немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға техникалық шарттар берумен;

3) тұтынушының реттеліп көрсетілетін қызметке қосылуға арналған техникалық шарттарды орындауымен;

4) реттеліп көрсетілетін қызметке қосылумен немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін арттырумен;

5) реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге шарттар жасасу арқылы қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 194-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

195. Табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсында не ол болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосының немесе оның аумақтық органының интернет-ресурсында тоқсан сайын:

1) бос және қол жетімді қуаттардың, сыйымдылықтардың, орындардың, табиғи монополия субъектісі желілерінің өткізу қабілетінің резерві, бар-жоғы туралы ақпарат;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылатын желілерді немесе өзге де мүлікті орналастыру схемалары орналастырылады.

196. Осы Қағидалардың 194-тармағы 1) тармақшасының және 195-тармағы 2) тармақшасының талаптары порттық қызметтер нарығында бәсекелестік болмаған кезде порттардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қолданылмайды.

197. Заңның 24-1-бабына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне қосуды қоспағанда, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосу мынадай кезеңдерден тұрады:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 6-нысан бойынша сәулет және қала құрылысы органы сәулет-жоспарлау тапсырмасын, топографияны дайындау кезінде қалыптастыратын және электрондық нысанда табиғи монополия субъектісіне жіберетін техникалық шарттарды беруге арналған өтінішті беру;

2) табиғи монополия субъектісінің сәулет және қала құрылысы органының техникалық шарттар беруге немесе реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемін ұлғайтуға арналған өтінішін қарауы;

3) табиғи монополия субъектісінің техникалық шарттарды сәулет және қала құрылысы органына жіберуі;

4) сәулет және қала құрылысы органдары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығымен бекітілген Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12684 болып тіркелген) (бұдан әрі – Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидалары) сәйкес сәулет-жоспарлау тапсырмасымен және топографиямен бірге жүзеге асыратын техникалық шарттарды беруге арналған өтінішті қарау нәтижесін беру;

5) тұтынушының берілген техникалық шарттарға сәйкес барлық жұмыстарды орындауы;

6) тұтынушының жұмыстардың аяқталғаны және табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға әзірлігі туралы хабарлауы.

Ескерту. 197-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.01.2021 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

197-1. Кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне қосу мынадай кезеңдерден тұрады:

1) кәсіпкерлік субъектілерінің энергия беруші ұйымның электр желілеріне технологиялық қосуға өтініш беруі;

2) кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымның электр желілеріне технологиялық қосу шартын жасасу және орындау.

Ескерту. Қағидалар 197-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.01.2021 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

198. Техникалық шарттарда табиғи монополия субъектісінің қосылатын желілеріне, материалдарға, жабдықтарға, құрылғыларға, есепке алу аспаптарына қойылатын талаптардың түбегейлі тізбесі айқындалады.

199. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 1, 3, 4 және 5-нысандар бойынша табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды беруге өтініш қабылдауды және оны қарау нәтижесін беруді, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 6-нысан бойынша құрылыс объектілерін табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуға техникалық шарттар беруге сәулет және қала құрылысы органының өтінішін қарау нәтижесін қабылдауды және беруді қоспағанда, Мемлекеттік корпорация "электрондық үкімет" веб-порталы, табиғи монополия субъектісінің кеңсесі немесе уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 199-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

200. Осы Қағидалардың 205-тармағында көрсетілген объектілерді қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға техникалық шарттар беруге өтініш қабылданған және оны қарау нәтижелері берілген кезде Мемлекеттік корпорация тұтынушыдан осы қызметтерді көрсеткені үшін төлемақы алады.

Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш берген кезде Мемлекеттік корпорация жұмыскері тұтынушының жеке басын сәйкестендіруді жүзеге асырады және өтінішке "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын осы Қағидалардың 216-тармағының 1) тармақшасында, 223-тармағының 1) тармақшасында, 261-тармағының 1) тармақшасында, 272- тармағының 1) тармақшасында көзделген құжаттар туралы мәліметтерді қоса береді.

Тұтынушының өкілі өтініш берген кезде өкіл оның өкілеттігін растайтын құжатты ұсынады.

Табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемінің ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды беруге арналған өтінішке

қоса берілетін құжаттардың тізбесі осы Қағидалардың 216, 223, 261 және 272-тармақтарында айқындалған.

Өтініш "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы берілген кезде тұтынушы осы Қағидалардың 216, 223, 261 және 272-тармақтарында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады.

Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы Мемлекеттік корпорацияға техникалық шарттар беруді жүзеге асыратын табиғи монополия субъектілері туралы өзекті ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етеді.

201. Осы Қағидалардың 205-тармағында көрсетілген объектілерді қоспағанда, Мемлекеттік корпорация арқылы келіп түсетін табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды беруге өтінішті табиғи монополия субъектісі құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайда екі жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" веб-порталы немесе табиғи монополия субъектісінің кеңсесі арқылы қайтарады.

Мемлекеттік корпорация арқылы техникалық шарттарды беру туралы өтініш берілген жағдайда, тұтынушы осы Қағидалардың 216, 223, 261 және 272-тармақтарында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация өтінішті қабылдаудан бас тартады және тұтынушыға құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Табиғи монополия субъектісі Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 216, 223, 261 және 272-тармақтарында көзделген құжаттардың сәйкессіздігі анықталған кезде құжаттар топтамасын қайтарады.

202. Осы Қағидалардың 206-тармағын қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды беруге өтініш:

- 1) техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін – бес жұмыс күні ішінде;
- 2) техникалық жағынан күрделі объектілер үшін – он жұмыс күні ішінде қаралады.

Өтінішті қарау қорытындысы бойынша табиғи монополия субъектісі:

- 1) техникалық шарттарды береді;
- 2) техникалық шарттарды беруден бас тартады.

Мемлекеттік корпорация арқылы техникалық шарттарды беруге өтініш берілген жағдайда, өтінішті қабылдау күні және оны қарау нәтижесін беру күні табиғи монополия субъектісінің техникалық шарттарды беру туралы өтінішті қарау мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік корпорация арқылы техникалық шарттарды беруге өтініш берілген жағдайда табиғи монополия субъектісінің өтінішті қарау мерзімі өтініш табиғи

монополия субъектісіне келіп түскен күннен басталады және Мемлекеттік корпорацияның нәтижені берген күнін қамтымайды.

Ескерту. 202-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.01.2021 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.04.2024 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

203. Табиғи монополия субъектісі:

1) реттеліп көрсетілетін қызметтің талап етілетін көлемін ұсыну үшін қажетті бос және қолжетімді қуаттар, сыйымдылықтар, орындар, табиғи монополия субъектісі желілерінің өткізу қабілеттері болмаған;

2) табиғи монополия субъектісінің желілері немесе реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін қажет өзге де мүлік болмаған жағдайда техникалық шарттарды беруден бас тартады.

204. Техникалық шарттарды беруден бас тартқан жағдайда табиғи монополия субъектісі:

1) техникалық шарттарды беруден бас тарту туралы шешімге уәжді негіздемені қоса береді;

2) уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына техникалық шарттар беруден бас тарту туралы шешімнің көшірмесін және бос және қолжетімді қуаттардың, сыйымдылықтардың, орындардың, табиғи монополия субъектісі желілерінің өткізу қабілеттерінің тапшылығы немесе табиғи монополия субъектісі желілерінің немесе реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін қажет өзге де мүліктің жоқ екені есептелген уәжді негіздеме жібереді.

205. Құрылыс объектілерін табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беруге арналған өтінішті қарау нәтижелерін беруді сәулет және қала құрылысы органдары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығымен бекітілген Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12684 болып тіркелген) сәйкес сәулет-жоспарлау тапсырмасымен және топографиямен бірге жүзеге асырады.

Ескерту. 205-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.01.2021 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

206. Сәулет және қала құрылысы органдарының өтініші бойынша табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосылуға техникалық шарттарды беруді табиғи монополия субъектісі:

1) техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін – бес жұмыс күні ішінде;

2) техникалық жағынан күрделі объектілер үшін – он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосылуға немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттар жобалаудың, құрылыстың нормативтік кезеңіне беріледі және оларды сәулет және қала құрылысы органдары мемлекеттік қала құрылысы кадастрына ұсынады.

Құрылыстың нормативтік ұзақтығы үш жылдан асқан жағдайда, техникалық шарттардың қолданылу мерзімі құрылыстың басталғаны туралы растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда құрылыс кезеңіне ұзартылады.

Құрылыстың басталғаны туралы растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда техникалық шарттар берілген күнінен бастап үш жыл өткеннен кейін жарамсыз деп есептеледі.

Сәулет және қала құрылысы органының өтініші бойынша техникалық шарттарды беру табиғи монополия субъектісінің Заңның 24-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес оларды сәулет және қала құрылысы органына жіберуі арқылы осы тармақта белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

Ескерту. 206-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2023 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

207. Құрылыс объектісін қосуға техникалық шарттарды беруден бас тартқан жағдайда табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосудың баламалы көздерін табиғи монополия субъектісі ұсынады және бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес инженерлік инфрақұрылымды дамыту жоспарына сәйкес коммуникациялардың орталықтандырылған желілеріне қосу мерзімдерін көрсетеді.

208. Табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосудың техникалық шарттарын беруден бас тарту туралы шешімнің көшірмесін алуға байланысты уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы:

1) жеті жұмыс күнінен кешіктірмей тұтынушыға табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттар беруден бас тартудың негізділігін растайтын немесе Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес табиғи монополия субъектісінің қызметін тексеруге бастамашылық жасау үшін уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына шағым берудің қажеттігі туралы хат жібереді;

2) бос және қолжетімді қуаттардың, сыйымдылықтардың, орындардың, табиғи монополия субъектісі желілерінің өткізу қабілеттерінің болмау фактісі анықталған немесе табиғи монополия субъектісінің желілері немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің талап етілетін көлемін ұсыну үшін табиғи монополия субъектісінің қажетті

өзге де мүлкі болмаған кезде табиғи монополия субъектісіне экономикалық жағынан орынды болған кезде бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту және реттеліп көрсетілетін қызметке қосу үшін жағдайлар жасау қажет екені туралы хабарлайды.

208-1. Техникалық шарттарды монополистердің тікелей түзетуіне жол берілмейді.

Ескерту. Қағидалар 208-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.01.2021 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

209. Табиғи монополия субъектісіне реттеліп көрсетілетін қызметке қол жеткізуді ұсыну кезінде:

1) бос қуаттар туралы ақпарат ұсынғаны үшін төлемақы алуға;

2) реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге қатысы жоқ мемлекеттік органдардың, мемлекеттік емес ұйымдардың рұқсаттары мен өзге де құжаттарын ұсынуды талап етуге;

3) тұтынушыға табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды сақтаудан басқа, өзге де талаптарды қоюға;

4) реттеліп көрсетілетін қызметке қолжетімділіктің тең емес жағдайларын жасауға;

5) табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарға сәйкес тұтынушының жұмыстарды жүргізу жөніндегі қызметін шектеуге;

6) құрылыс жобасының табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарға сәйкестігіне келісуді талап етуге жол берілмейді.

210. Тұтынушының жұмыстардың аяқталғаны және реттеліп көрсетілетін қызметті алуға әзірлігі туралы ақпаратын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде табиғи монополия субъектісі берілген техникалық шарттарға сәйкес орындалған жұмыстарды және реттеліп көрсетілетін қызметті алуға әзірлігін тексеруді жүзеге асырады.

Орындалған жұмыстар техникалық шарттарға сәйкес келген кезде табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметіне қосу үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 210-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.04.2024 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

211. Орындалған жұмыстар техникалық шарттарға сәйкес келмеген кезде табиғи монополия субъектісі құрылыс объектісінің реттеліп көрсетілетін қызметті алуға әзір емес екендігі туралы тұтынушыға бір жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Тұтынушы анықталған бұзушылықтар жойылғаннан кейін жұмыстардың аяқталғаны және реттеліп көрсетілетін қызметті алуға әзірлігі туралы қайта хабардар етеді.

212. Тұтынушының осы тарауда айқындалған талаптарды сақтауы табиғи монополиялар субъектісі мен тұтынушының арасында уәкілетті орган бекіткен үлгі шарттарға сәйкес ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке шарт жасасу үшін негіз болып табылады.

213. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополия субъектісі тұтынушы жүгінген кезде реттеліп көрсетілетін қызметке қол жеткізу тәртібі туралы ақпаратты ұсынады.

214. Реттеліп көрсетілетін қызметтер табиғи монополия субъектісімен шарт жасасқан барлық тұтынушыларға ұсынылады.

2-параграф. Электрмен жабдықтау желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру кезінде реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету

215. Тұтынушылардың электр қондырғыларын энергия беруші ұйымның желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды энергия беруші ұйым:

1) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның электр желілеріне жаңа енгізілген немесе жаңартылған электр қондырғыларын қосқанда;

2) тұтынылатын электр қуаты бұрын берілген техникалық шарттарда белгіленген қуаттан артқанда;

3) электрмен сырттай жабдықтау схемасы өзгергенде;

4) тұтынушының электр энергиясы қабылдағыштарын электрмен жабдықтау сенімділігінің санаты өзгергенде береді.

Ескерту. 215-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.01.2021 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

216. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша электрмен жабдықтау желілеріне қосуға техникалық шарттар беруге өтінішке қоса беріледі:

1) жеке тұлғалар үшін – объект иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, жеке кәсіпкер куәлігінің көшірмесі немесе дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі, заңды тұлғалар үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе анықтама;

2) ахуалдық жоспар;

3) дербес немесе сарапшы ұйымды тарта отырып орындалған мәлімделген электр қуатының есептеу-негіздемесі;

4) электрмен жабдықтау объектісіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері;

5) электр қондырғыларының есептік қуаты 5 МВт және одан жоғары тұтынушылар өтінімге жобалау қызметімен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған жобалау ұйымы әзірлеген тұтынушының сыртқы электрмен жабдықтау схемасын қоса береді. Тұтынушыны сыртқы электрмен жабдықтау схемасы электр желілеріне қосу жоспарланып отырған энергия беруші және (немесе) энергия өндіруші ұйыммен

келісіледі. "Тұтынушыны сыртқы электрмен жабдықтау схемасының" мазмұны осы Қағидаларға 4-қосымшадағы 2-нысанда келтірілген.

217. Осы Қағидалармен реттелмеген табиғи монополиялар салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу жағдайларын ұсыну және электрмен жабдықтау желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру Энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосу қағидаларына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 143 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10403 болып тіркелген) Электр энергиясын пайдалану қағидаларына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10533 болып тіркелген) бекітілген Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 217-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.01.2021 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету

218. Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынушылар:

1) желінің тиесілігіне қарамастан, кернеудің барлық сыныптарының желісінде электр энергиясын жіберуді жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйымдар;

2) энергиямен жабдықтаушы, энергияны беруші ұйымдар және желінің тиесілігіне қарамастан, барлық кернеу сыныптарының желілері бойынша электр энергиясын импорттайтын тұтынушылар болып табылады.

219. Табиғи монополия субъектісі осы Қағидалардың 218-тармағында көрсетілген тұтынушыларға электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерге:

1) ұлттық және (немесе) өңірлік электр желісіне қол жеткізу;

2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйелері;

3) табиғи монополия субъектісінің диспетчерлік орталықтарымен телекоммуникация және байланыс жүйелерімен жарактандырылған жұмыс істеп тұрған диспетчерлік пункт және энергия өндіруші ұйымдар үшін табиғи монополия субъектісінің телекоммуникация, байланыс жүйелерімен және жедел-ақпараттық кешенімен біріздендірілген диспетчерлік басқарудың жедел-ақпараттық кешені;

4) байланыс құралдарымен және табиғи монополия субъектісінің диспетчерлік орталықтарымен жарактандырылған диспетчерлік пунктін немесе тұтынушылар үшін басқа диспетчерлік орталыққа осындай өкілеттіктерді беру туралы құжаттар болған жағдайда кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

220. Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынушылары мыналар болып табылады:

1) энергия өндіруші, оның ішінде өнеркәсіптік кешендердің құрамына кіретін ұйымдар;

2) энергия беруші ұйымдар;

3) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар;

4) электр энергиясы көтерме сауда нарығының тұтынушылары.

221. Табиғи монополия субъектісі осы Қағидалардың 220-тармағында көрсетілген тұтынушыларға электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуді ұсынады.

4-параграф. Жылумен жабдықтау желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру кезінде реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету

222. Тұтынушылардың объектілерін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның жылу желілеріне қосуға арналған техникалық шарттар:

1) жаңадан іске қосылатын объектілерді жылу желілеріне қосқан;

2) тұтынушының жылу тұтыну қондырғыларын реконструкциялауға немесе кеңейтуге байланысты тұтынылатын жылу энергиясы мөлшерінің немесе жылу жеткізгіші параметрлерінің өзгеруі және қолданыстағы техникалық шарттарға сәйкес болмаған;

3) жылу желілеріне бұрын қосылмаған объектіні қосқан;

4) сыртқы жылумен жабдықтау схемасы өзгерген жағдайларда беріледі.

223. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша жылумен жабдықтау желілеріне қосуға техникалық шарттар беру туралы өтінішке мыналар:

1) жеке тұлғалар үшін – объект иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, жеке кәсіпкер куәлігінің көшірмесі немесе дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі, заңды тұлғалар үшін – мемлекеттік тіркеу /қайта тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе анықтама;

2) өкіл өтініш берген кезде – өкілдің өкілеттігін растайтын құжаттар;

3) жылумен жабдықтау объектісіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері;

4) объектінің техникалық паспорты, ал объектінің сипаттамалары техникалық паспортқа сәйкес келмеген жағдайда – жылытылатын алаңдар мен көлемдерді өлшеу хаттамасы;

5) ең жоғары сағаттық жүктемелердің есебі, жылу техникалық есептеулер, сауалнама парағы (жеке тұлға тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланылатын объектіні қосуға өтініш берген кезде ұсынылмайды);

б) енгізілетін өзгерістерді ескере отырып, жылумен жабдықтауға арналған жоба (тұтынылатын жылу энергиясының мөлшерін немесе жылу жеткізгішінің параметрлерін өзгертуді талап ететін тұтынушының жылу тұтыну қондырғыларын қайта жанарту немесе кеңейту кезінде) қоса беріледі.

224. Осы Қағидаларда қамтылмаған табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10234 болып тіркелген) сәйкес реттеледі.

5-параграф. Жылу энергиясын өндіру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету

225. Жылу энергиясын өндіру жөніндегі табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынушылар:

1) табиғи монополия субъектісінің жылу көзіне қосылған өз желілерін иеленетін жылу энергиясын тұтынушылар;

2) энергия беруші ұйымның желілеріне қосылған жылу энергиясын тұтынушылар;

3) жылу энергиясын беруді және (немесе) бөлуді жүзеге асыратын энергия беруші ұйымдар;

4) жылу энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар болып табылады.

226. Табиғи монополия субъектісі:

1) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында белгіленген тәртіпте табиғи монополия субъектісінің жылу энергетикасы объектілеріне қосылған жылу желілері мен жылу пайдалану қондырғылары;

2) есепке алу аспаптары бар болған жағдайда тұтынушыларға өз қызметтеріне кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

227. Табиғи монополия субъектісінің жылу көзіне қосылған және реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуге шарт жасасқан кезде кез келген тұтынушы ең жоғары сағаттық жүктеме шегінде жылу энергиясын және шартта айқындалған тұтынылатын жылу энергиясының мөлшерін алады. Бұл ретте жылу энергиясының сапасы мен параметрлері нормативтік-техникалық талаптарға сәйкес келеді.

228. Тұтынушы алынған техникалық шарттарда тіркелген жобалық шамадан асатын тұтынылатын жылу энергиясының жүктемесі мен мөлшерін ұлғайтқан кезде табиғи монополия субъектісі осы Қағидаларда және Жылу энергиясын пайдалану

қағидаларында белгіленген тәртіппен осы тұтынушыға қосымша қуаттарды қосуға арналған техникалық шарттарды береді.

6-параграф. Жылу энергиясын беру және (немесе) тарату жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету

229. Жылу энергиясын беру және (немесе) тарату жөніндегі табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынушылар:

1) табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосылған өз желілерін иеленетін жылу энергиясын тұтынушылар;

2) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар болып табылады.

230. Табиғи монополия субъектісі табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосылған өз желілері бар тұтынушылардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне:

1) табиғи монополия субъектісінің жылу желілеріне қосылған жылу пайдаланушы қондырғылары;

2) есепке алу аспаптары болған жағдайда кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

231. Табиғи монополия субъектісі:

1) жылу желілерінің теңгерімдік тиесілік шекарасы және тараптардың пайдалану жауапкершілігі айқындалатын, жылумен жабдықтау ұйымдарының тұтынушылармен жылумен жабдықтауға арналған шарттары;

2) табиғи монополия субъектісінің белгіленген тәртіпте жылу желілеріне қосылған энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тұтынушыларындағы желілер және (немесе) жылу пайдаланушы қондырғылар;

3) энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тұтынушыларында есептеу аспаптары бар болған жағдайда энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға өз қызметтеріне кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

232. Табиғи монополия субъектісінің жылу желісіне қосылған және қызметтерді көрсетуге шарт жасасқан кезде қызметтердің кез келген тұтынушысына шартта айқындалған ең жоғары сағаттық жүктеме мен тұтынылатын жылу энергиясының мөлшері шегінде жылу энергиясын алу мүмкіндігі бекітіледі, бұл ретте жылу энергиясының сапасы мен параметрлері нормативтік–техникалық талаптарға сәйкес келеді.

233. Тұтынушы алынған техникалық шарттарда тіркелген жобалық шамадан асатын тұтынылатын жылу энергиясының жүктемесі мен мөлшерін ұлғайтқан кезде табиғи монополия субъектісі осы Қағидаларда және Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында белгіленген тәртіпте осы тұтынушыға қосымша қуаттарды қосуға арналған техникалық шарттарды береді.

7-параграф. Жүктерді контейнерлерде тасымалдау, бос контейнерлерді тасымалдау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктерді транзиттік тасымалдау кезінде магистральдық темір жол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, магистральдық темір жол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету

234. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуді алу және магистральдық темір жол желісін пайдалануға шарт жасасу үшін тұтынушылар табиғи монополия субъектісіне белгіленген нысан бойынша өтініш, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 366 бұйрығымен бекітілген Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидаларымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11257 болып тіркелген) (бұдан әрі – Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидалары) белгіленген мерзімде құжаттарды жолдайды.

235. Тұтынушылар берген өтініштерді табиғи монополия субъектісі келіп түскен күні түскен күні мен уақытын, сондай-ақ берілген тіркеу нөмірін көрсете отырып өтініштер тізілімінде тіркейді. Өтінішті қарау мерзімі мен тәртібі Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидаларында айқындалған.

236. Тіркеуден бас тартуға, өтініштердің түскен күні мен уақытын, сондай-ақ олардың тіркеу нөмірлерін бұрмалауға жол берілмейді.

237. Орталық басқаруды және магистральдық темір жол желісінде тасымалдау процесін ұйымдастыруды оператор жолаушылар және жүк поездарының қозғалыс кестесі негізінде жүзеге асырады. Поездар қозғалысының кестесін әзірлеу кезінде Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидаларына сәйкес кезектілік сақталады

238. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, тасымалдаушыларға поездар қозғалысының нақты бағытында оның өткізу қабілетін шектеуге байланысты магистральдық темір жол желісін пайдалануға беру мүмкіндігі болмаған кезде тасымалдау Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидаларында көзделген кезектілік бойынша жүзеге асырылады.

239. Табиғи монополия субъектісі халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, өз мемлекетінің резиденттері – тұтынушылар үшін кем дегенде қолайлы жағдайларда тасымалдауды жүзеге асыру кезінде магистральдық темір жол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне Қазақстан Республикасының резиденті емес – тұтынушыларына тең қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

8-параграф. Бәсекелес темір жол болмаған кезде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары, оның ішінде концессия шарттары бойынша темір жол көлігі объектілері бар

темір жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету

240. Тасымалдаушыларға бәсекелес темір жол болмаған кезде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары, оның ішінде концессия шарттары бойынша, темір жол көлігі объектілері бар темір жолдарға қол жеткізу беру үшін Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидаларына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тараптардың негізгі шарттары, құқықтары мен міндеттері айқындалатын ұлттық инфрақұрылым операторы мен тасымалдаушы (лар) арасында жасалған магистральдық желіні пайдалану шарты негіз болып табылады.

241. Тасымалдаушылардың концессия шарттары бойынша темір жол көлігі объектілері бар темір жолдарды магистральдық желіні пайдалану шартын жасаспай пайдалануына жол берілмейді.

242. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары, оның ішінде концессия шарттары бойынша темір жол көлігі объектілері бар темір жолдарға қолжетімділік тасымалдаушыларға ұлттық инфрақұрылым операторы мен концессионер арасында жасалған концессия шартын іске асыру үшін олардың өзара қарым-қатынастарын регламенттейтін шартты ескере отырып беріледі.

9-параграф. Бәсекелес кірме жол болмаған кезде кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу шарттарының тең жағдайларын қамтамасыз ету

243. Тұтынушылар бәсекелес кірме жол болмаған кезде кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін қозғалыс, техникалық құралдар мен жылжымалы құрам қауіпсіздігін қамтамасыз ету шартымен уәкілетті орган бекіткен реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгі шарттары негізінде пайдаланады.

244. Кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдалану құқығын алу үшін тұтынушылар табиғи монополия субъектісіне екі данада жазбаша өтініш жібереді. Өтінішті табиғи монополия субъектісі өтініштің келіп түскен күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді, бұл ретте мөртабаны бар тіркелген өтініштің бір данасы тұтынушыға беріледі.

245. Табиғи монополия субъектісі нөмірленуге және тігілуге тиіс тұтынушылардың өтініштерін тіркеу журналын жүргізеді. Тұтынушылардың өтініштерін тіркеу журналында өтініштің келіп түскен күні мен уақыты, сондай-ақ тіркеу нөмірі тіркеледі.

246. Тіркеуден бас тартуға, өтініштердің түскен күні мен уақытын, сондай-ақ олардың тіркеу нөмірлерін бұрмалауға жол берілмейді.

247. Табиғи монополия субъектісінің өтініштерді қарауы олардың түсу кезектілігіне сәйкес ретімен бес сағат ішінде жүргізіледі.

248. Бір мезгілде қанағаттандырылуы кірме жолдың өткізу қабілетімен шектелген бірнеше өтініш бір күнде келіп түскен кезде кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін

қызметтерін көрсету өтініш түскен уақыттан бастап жеті сағат ішінде тұтынушыны жазбаша хабардар ете отырып, кірме жолдың техникалық және технологиялық мүмкіндігіне қарай мәлімделген көлемдерге барабар орташа өлшемді қағидат бойынша жүзеге асырылады.

249. Тұтынушы кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінен бас тартқан жағдайда табиғи монополия субъектісі кірме жолдардың қызметтерін кезек бойынша өтінішті ұсынған келесі тұтынушыға ұсынады.

10-параграф. Порттық қызметтер нарығында бәсекелестік болмаған кезде порттардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету

250. Порттық көрсетілетін қызметтер нарығында бәсекелестік болмаған кезде порттардың реттеліп көрсетілетін қызметтері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзетін кемелерге және шетелдік кемелерге ұсынылады.

251. Кемелерге қызмет көрсету мынадай кезектілікпен жүргізіледі:

1) авариялық кемелер, көмек көрсетуге бара жатқан кемелер және бортта ауыр науқасы бар кемелер;

2) шекара әскерлерінің теңіз бөлімдерінің корабльдері мен кемелері;

3) кесте бойынша жүретін паромдар мен жолаушылар кемелері;

4) газ тасымалдаушы кемелер;

5) тез бүлінетін жүктері және балық өнімдері бар кемелер;

6) қауіпті жүктері бар кемелер;

7) желілік кемелер;

8) өтінімдердің келіп түскен уақытына сәйкес өзге де кемелер жатады.

252. Кеменің межелі портқа жақындағаны туралы ақпаратты: кеме капитаны Қазақстан Республикасының теңіз портына бара жатқан кезде – порт диспетчеріне, порт капитанына және қажет болған жағдайда басқа мекенжайларға береді.

253. Жақындағаны туралы ақпарат қырық сегіз сағат бұрын, екінші рет – жиырма төрт сағат бұрын хабарланады және жақындауға дейін төрт сағат бұрын нақтыланады. Өту ұзақтығы қырық сегіз сағаттан аз болған кезде - кеме жөнелту портынан шыққаннан кейін екі сағат ішінде. Балық кәсіпшілігі флотының капитандары кәсіпшіліктен шығару уақытын, сондай-ақ портқа келу уақытын қырық сегіз сағаттан кешіктірмей хабарлайды.

254. Кеменің портқа келуі Порттың теңіз әкімшілігінде шекаралық, кедендік, санитарлық және карантиндік талаптарды сақтай отырып келген сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде ресімделеді. Кеменің келуі Жалпы декларацияны, кеме рөлін және жолаушылар тізімін ұсыну бойынша ресімделеді.

255. Кеменің рейске шығуын ресімдеуді Порттың теңіз әкімшілігі жүзеге асырады. Ресімдеу уәкілетті орган немесе басқа сыныптау қоғамы берген кеменің қанағаттанарлық техникалық және теңізде жүзу жай-күйін растайтын жарамды кеме

құжаттары болған кезде, сондай-ақ өрттен қорғау және санитарлық-карантиндік бақылау тарапынан кедергілер болмаған кезде жүргізіледі. Кемеңің теңізге шығуға дайындығын Порттың теңіз әкімшілігі тексереді.

11-параграф. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс экспорттау мақсатында тауарлық газды сақтауды, тасымалдауды қоспағанда, тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қосылуға қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету

256. Газбен жабдықтау жүйелеріне қосылуға арналған техникалық шарттар:

1) газбен жабдықтау жүйелеріне қосылатын жаңа объектілер жобаланған және олар кейіннен салынған;

2) қолданыстағы газбен жабдықтау жүйелерінен тұтынылатын қызметтердің көлемі ұлғайған;

3) егер бұл тұтынылатын қызметтердің көлемі мен сипаттамаларын өзгертуге әкелетін болса, объекті реконструкцияланған;

4) объекті қайта бейімделген жағдайларда беріледі.

257. Тұтынушының тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге өтініші (өтінімі) еркін нысанда беріледі және мынадай мәліметтер мен құжаттарды қамтиды:

1) тұтынушының деректемелері;

2) заңды тұлғалар үшін – Қазақстан Республикасының резиденттері үшін – жарғының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың түпнұсқасының нотариалды куәландырылған көшірмелері, Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалар үшін – құрылтайшы – шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын сауда тізілімінен немесе басқа да заңдастырылған құжаттан заңдастырылған үзінді көшірме, нотариалды куәландырылған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге;

жеке тұлғалар үшін – кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелгені туралы құжат және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) барлық тұтынушылар үшін газдың тиісті көлемінің болуын растау (ресурстық анықтама, газды немесе газ конденсатын сатып алу шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі);

4) барлық тұтынушылар үшін газ тасымалдауды бастау және аяқтау мерзімі газды тарату құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге өтінім берілген жағдайда;

5) барлық тұтынушылар үшін газ тасымалдау маршрутының басындағы пункт газды таратушы құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге өтінім берілген жағдайда;

6) барлық тұтынушылар үшін газ тасымалдау маршрутының соңындағы пункт газды таратушы құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге өтінім берілген жағдайда;

7) барлық тұтынушылар үшін газды және (немесе) сұйытылған мұнай газын қабылдау туралы, газды сақтау және (немесе) топтық резервуарлық қондырғыларды және олармен байланысты газ тарату газ құбырларын пайдалану жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге өтінім берілген жағдайда;

8) барлық тұтынушылар үшін газды айдауды бастау және іріктеуді аяқтау мерзімі, газды сақтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге өтінім берілген жағдайда;

9) барлық тұтынушылар үшін газ және (немесе) сұйытылған мұнай газын жеткізудің басталу және аяқталу мерзімі, топтық резервуарлық қондырғыларды және олармен байланысты газ тарату газ құбырларын пайдалану жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге өтінім берілген жағдайда;

10) барлық тұтынушылар үшін жеткізілетін газдың сипаттамалары мен параметрлері.

258. Қазақстан Республикасының резидент емес тұтынушылар ұсынатын және олар болатын елден шығатын құжаттар заңнамада белгіленген тәртіпте заңдастырылады не апостилі болуы тиіс.

259. Авария салдарынан реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетудің техникалық мүмкіндігі шектеулі болған жағдайда не қаралатын барлық өтінімдерді қанағаттандыру үшін құбырлардың бос қуаты жеткілікті болмаған кезде, таратушы құбырлар арқылы газды тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополия субъектісі таратушы құбырлар арқылы газды тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге бірінші кезекте қол жеткізу басымдығын тұтынушыларға арналған газды жеткізетін тұтынушыларға мынадай кезектілікпен береді:

1) газды тұрмыстық мақсатта пайдаланатын халық;

2) коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілер;

3) технологиялық процестің үздіксіз циклі бар өнімді шығару үшін шикізат немесе отын ретінде газды пайдаланатын тұтынушылар;

4) көктемгі-қысқы кезеңде газбен жабдықтау отынның резервтік түрлеріне ішінара немесе толық көшіру жолымен реттелуі тиіс электр станциялары мен өнеркәсіптік кәсіпорындар;

5) қалған тұтынушылар.

260. Авария салдарынан реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетудің техникалық мүмкіндігі шектеулі болған жағдайда не қаралатын барлық өтінімдерді қанағаттандыру үшін газ қоймасының бос қуаты жеткілікті болмаған кезде, газды сақтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге бірінші кезекте қол жеткізу басымдығы тұтынушыларға арналған газды сақтайтын тұтынушыларға мынадай кезектілікпен беріледі:

1) газды тұрмыстық мақсатта пайдаланатын халық;

2) коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілер;

3) технологиялық процестің үздіксіз циклі бар өнімді шығару үшін шикізат немесе отын ретінде газды пайдаланатын тұтынушылар;

4) көктемгі-қысқы кезеңде газбен жабдықтау оларды заңнамада белгіленген тәртіппен отынның резервтік түрлеріне ішінара немесе толық көшіру жолымен реттелуі тиіс электр станциялары мен өнеркәсіптік кәсіпорындар;

5) қалған тұтынушылар.

261. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 4-нысан бойынша газбен жабдықтау желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру туралы өтінішке:

1) жеке тұлғалар үшін – объект иесінің жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі (сәйкестендіру үшін) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат, заңды тұлғалар үшін – дара кәсіпкер куәлігінің көшірмесі немесе дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы мәліметтер не объект орналасқан жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда) не жылжымайтын мүлік иесінің объектіні газдандыруға нотариалды түрде расталған келісімі (реттеліп көрсетілетін қызметке құрылысы аяқталған объект қосылған жағдайда), ал құжаттар болмаған жағдайда – жылжымайтын мүлік объектісін газдандыруға жергілікті атқарушы органдардан өтініш осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 7-нысан бойынша;

3) жер учаскесіне тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы мәліметтер не жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар;

4) газдандырылатын объектіге (тұрғын үйге) техникалық паспорттың көшірмесі не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (реттеліп көрсетілетін қызметке құрылысы аяқталған объект қосылған жағдайда) немесе қолданыстағы (үйішілік) желілерді реконструкциялауға газдандырудың эскиздік жобасының көшірмесі;

5) заңды тұлғалар үшін – көп қабатты үйлерді газдандыру кезінде тамақ дайындауға, жылытуға, желдетуге, ауа баптауға, ыстық сумен жабдықтауға шикі газды тұтынуға арналған гидравликалық есептемелер қоса беріледі.

Табиғи монополия субъектісінің кеңсесі немесе Мемлекеттік корпорация арқылы газбен жабдықтау желілеріне қосуға техникалық шарттар беруге өтініш берген кезде тұтынушы салыстырып тексеру үшін осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.

Ескерту. 261-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.08.2022 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

262. Жаңа, кеңейтілетін немесе реконструкцияланатын объектілерді газбен жабдықтау жүйелерінің өндірістік қуаттарын айқындау үшін табиғи монополия субъектісі өтініш келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 261-тармағына сәйкес коммерциялық есепке алу аспаптарын орнату жөніндегі материалдарды, сауалнама парағын, жер учаскесін бөлу схемасын сұратады.

263. Техникалық шарттарда жабдықтың рұқсат етілген қуаты, саны, орналасуы және негізгі сипаттамалары көрсетіледі.

264. Газбен жабдықтау жүйесі объектісінің бастапқы жобалық шешімі өзгерген кезде техникалық шарттар тұтынушының осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен табиғи монополия субъектісіне жаңа техникалық шарттарға өтініш беруі арқылы олардың қолданылу кезеңі ішінде өзгертіледі.

265. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және нормативтік техникалық құжаттардың талаптары өзгерген жағдайда техникалық шарттарды өнім берушінің бастамасы бойынша тұтынушының келісімімен олардың қолданылу кезеңі ішінде өзгертуге жол беріледі.

266. Табиғи монополия субъектісі берілген техникалық шарттардың есебін жүргізеді.

267. Объектінің иесі ауысқан кезде мүдделі тараптардың бірі (иесі, сатып алушы, жалға алушы) сатып алу-сату (мүліктік жалдау) шартын жасасқан күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде табиғи монополия субъектісін иеленушінің ауысуы туралы хабардар етеді және көрсеткіштерді, коммерциялық есепке алу аспаптарын қосу схемаларын салыстыру үшін олардың өкілдерін белгілі бір күн мен сағатқа шақырады. Табиғи монополия субъектісі тиісті салыстырып тексеру актісін жасайды және тұтынушыға сол жерде береді.

Иесінің ауысуы туралы хабарламамен бірге табиғи монополия субъектісіне тараптардың теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін шектеу актілерін қайта ресімдеуге жіберіледі. Қайта ресімделген актіні беру мерзімі хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнін құрайды.

12-параграф. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету

268. Табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды табиғи монополия субъектісі елді мекеннің құрылыстары өнімділігінің және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерінің өткізу қабілетінің жеткілікті қоры болған кезде:

1) елді мекендердің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қосылатын жаңа объектілерді жобалау және кейіннен салу;

2) елді мекеннің қолданыстағы су бұру жүйесіне су тұтыну және (немесе) сарқынды суларды бұру көлемдерін ұлғайту;

3) елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағызылатын сарқынды сулар ластануының шоғырлануын ұлғайту;

4) егер бұл сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың тұтынылатын қызметтерінің көлемі мен сипаттамаларының өзгеруіне алып келетін болса, объектіні реконструкциялау;

5) объектіні қайта бейіндеу;

б) бұрын қосылмаған объектіні сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне қосу;

7) сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың инженерлік желілерін дамыту жағдайларында береді.

269. Елді мекендердің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелері бірнеше табиғи монополия субъектісіне қызмет көрсеткен жағдайда, техникалық шарттарды теңгерімінде қосу жоспарланып отырған желілер бар табиғи монополия субъектісі береді.

270. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беруге өтініш осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 5-нысан бойынша ұсынылады.

271. Құрылыс объектілерін табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға техникалық шарттар беру осы Қағидалардың 205, 206 және 207-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

272. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру туралы өтінішке:

1) жеке тұлғалар үшін – объект иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, заңды тұлғалар үшін – жеке кәсіпкер куәлігінің көшірмесі немесе дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе анықтама;

2) құрылыс учаскесінің 1:500 масштабтағы топографиялық түсірілімі (барлық жер үсті және жер асты коммуникацияларымен және құрылыстарымен);

3) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін өндірістік тұтыну кезінде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін тұтынудың мәлімделген көлемдерін негіздейтін материалдар;

4) тұтынушының өндірістік сарқынды суларын тазалауға арналған жергілікті тазарту құрылыстарының (жұмыс істеп тұрған объектілер үшін) сипаттамасы;

5) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін өндірістік тұтыну кезінде елді мекеннің су бұру жүйесіне ағызуға жататын сарқынды сулардың сипаттамасы:

өндірістік сарқынды сулардың түрлері бойынша шығыстары;

тұрмыстық сарқынды сулардың шығыстары;

бар жағдай кезіндегі және перспективадағы жекелеген көрсеткіштер бойынша (физикалық, химиялық, биохимиялық, бактериологиялық, радиоактивті) өндірістік сарқынды сулардың ластануының (талдауының) құрамы туралы деректері қоса беріледі

273. Жобаланатын объектінің сипаттамалары өзгерген кезде олардың қолданылу кезеңі ішінде техникалық шарттар осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте тұтынушының жаңа техникалық шарттарды беруге өтініш беруі арқылы өзгертілуі мүмкін.

274. Нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын өзгертудің бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы түзетілген жағдайда табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша олардың қолданылу кезеңі ішінде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне қосуға арналған техникалық шарттардың өзгеруіне жол беріледі.

275. Табиғи монополия субъектісі өтінішті алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде техникалық шарттарды береді немесе осы Қағидалардың 271-тармағында көрсетілген техникалық шарттарды беруді қоспағанда, техникалық шарттарды беруден бас тартады.

276. Жұмыстар аяқталғаннан кейін тұтынушы табиғи монополия субъектісін жұмыстардың аяқталғаны және реттеліп көрсетілетін қызметті алуға дайындығы туралы хабардар етеді, ол ақпаратты алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде берілген техникалық шарттарға және реттеліп көрсетілетін қызметті алуға дайындыққа сәйкес орындалған жұмыстарды тексеруді жүзеге асырады.

Орындалған жұмыстар техникалық шарттарға сәйкес келген кезде реттеліп көрсетілетін қызметке қосу бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

277. Орындалған жұмыстар техникалық шарттарға сәйкес келмеген кезде табиғи монополия субъектісі бір жұмыс күні ішінде тұтынушыны құрылыс объектісінің реттеліп көрсетілетін қызметті алуға дайын еместігі туралы хабардар етеді.

Анықталған бұзушылықтар жойылғаннан кейін тұтынушы жұмыстардың аяқталғаны және реттеліп көрсетілетін қызметті алуға дайындығы туралы қайта хабарлайды.

278. Тұтынушыларды табиғи монополия субъектісінің жүйелеріне қосу келесі жұмыстарды қамтиды:

- 1) табиғи монополия субъектісінің қолданыстағы желіні ажыратуы;
- 2) тұтынушының қолданыстағы желісіне қосылуын жүргізу;
- 3) табиғи монополия субъектісінің қолданыстағы желіні қосуы.

279. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуы реттеліп көрсетілетін қызметті көрсету туралы шарт жасалғаннан кейін жүзеге асырылады.

280. Табиғи монополия субъектісі әзірленген және берілген техникалық шарттарды есепке алуды және тіркеуді ұйымдастырады. Берілген техникалық шарттардың бір данасы табиғи монополия субъектісінде сақталады. Берілген техникалық шарттардың сақталу мерзімі шектеусіз.

13-параграф. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету және олар бойынша шешімдер қабылдау жөніндегі өтініштерді қарау

281. Тұтынушыға реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге тең жағдайлар беру бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда тұтынушы уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына өтініш жібереді.

Өтініште өтініш беруші туралы және оған қатысты өтініш берілген табиғи монополия субъектісі туралы мәліметтер, осы Қағидалардың талаптарын бұзу сипаттамасы, сондай-ақ өтініш беруші өтініш жасаған талаптар қамтылуға тиіс.

282. Тұтынушылардың өтініштері Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде қаралады.

Ескерту. 282-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

283. Табиғи монополия субъектісі не тұтынушылар өтініш бойынша қабылданған шешімге уәкілетті органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе сотқа шағымдана алады.

14-параграф. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат беру

284. Табиғи монополия субъектісі тоқсан сайын мыналарды:

резерв, бос және қолжетімді қуаттардың, сыйымдылықтардың, орындардың, табиғи монополия субъектісі желілерінің өткізу қабілеттерінің, болуы туралы ақпаратты;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді және порттық қызметтер

нарығында бәсекелестік болмаған кезде порттардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылатын желілерді немесе өзге де мүлікті орналастыру схемаларын;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпаратты (объектілер орналасқан жерлері, фото-бейне түсірілімдермен қоса орындалу сатылары, инвестициялық бағдарламалардың іс-шараларын орындау мерзімдері және құны) өзінің интернет-ресурсында орналастырады не ол болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына оның интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсынады.

284-1. Табиғи монополиялар субъектілері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 244 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11111 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсыну қағидасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысандарға сәйкес мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде:

1) мыналар:

резерв;

белгіленген қуат және (немесе) сыйымдылық;

бос және қолжетімді қуаттардың және (немесе) сыйымдылықтардың бар-жоғы;

желілердің өткізу қабілеттілігі;

орналасқан жері (елді мекен көшелерінің атауын көрсете отырып);

ұзындығы;

брондалған қуаттардың және (немесе) сыйымдылықтардың саны және олардың брондау мерзімдері;

көрсетілетін қызметтерді түпкі тұтынушыларға ұсыну үшін технологиялық процесте пайдаланылатын қолданыстағы қуаттардың және (немесе) сыйымдылықтардың саны туралы ақпаратты;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылатын желілерді немесе өзге де мүлікті орналастыру схемаларын машинамен оқылатын түрде орналастырады және (немесе) жаңартып отырады.

Ескерту. Қағида 284-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2023 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

285. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосының немесе оның аумақтық органының талап етуі бойынша оған қағаз тасығышта немесе электрондық нысанда табиғи монополия субъектісі тиісті талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кем болмайтын уәкілетті орган белгілеген мерзімде қажетті ақпаратты ұсынады.

286. Табиғи монополия субъектісі ұсынған ақпаратты пайдаланған кезде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісі мен тұтынушылардың мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық құпияның, басқа да заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

7-тарау. Бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді жүргізу тәртібі

287. Табиғи монополия субъектісі ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 тамызынан және келесі күнтізбелік жылдың 1 мамырынан кешіктірмей жарты жылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептер жүргізеді.

288. Тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есеп жария тыңдау нысанында өткізіледі.

289. Табиғи монополия субъектісі осы Қағидалардың 287-тармағында белгіленген мерзімде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында және (немесе) өзінің интернет-ресурсында тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және негіздемелермен бірге табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерін, оның ішінде қаржылық есептілікті орналастырады.

Ескерту. 289-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

290. Алдағы есеп беруді өткізу туралы хабарландыруды Тіркелімнің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектісі кемінде аптасына бір рет шығарылатын және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымында, ал Тіркелімнің республикалық бөліміне енгізілген табиғи

монополия субъектісі – кемінде аптасына бір рет шығарылатын және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымында және (немесе) өзінің интернет-ресурсында оны өткізуге дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей жариялайды және мынадай мәліметтерді:

- 1) табиғи монополия субъектісінің атауын және орналасқан жерін;
- 2) есеп беруді өткізу күні мен орнын;
- 3) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрін қамтиды.

Ескерту. 290-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

291. Есепті өткізгенге дейін бір ай бұрын табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосын немесе оның аумақтық органын хабардар етеді.

292. Алдағы есепті өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін табиғи монополия субъектісі есепті өткізгенге дейін бес жұмыс күні бұрын өзінің интернет-ресурсында орналастырады, ал ол болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына оның интернет-ресурсында орналастыру үшін осы Қағидалардың 287-тармағында көзделген ақпаратты ұсынады.

293. Есепті өткізуге арналған үй-жайды табиғи монополия субъектісі айқындайды.

294. Табиғи монополия субъектісі есепті өткізу орнына барлық тілек білдірушілердің қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Есеп өткізу және өзге де мамандандырылған режимі бар ғимараттарда өткізілген жағдайда табиғи монополия субъектісі хабарландыруда тыңдаушылардың тізімі алдын ала қалыптастырылатыны туралы көрсетеді, оның мерзімі есепті өткізуге дейін 24 (жиырма төрт) сағат бұрын аяқталады. Егер есеп демалыс күнінен кейінгі келесі жұмыс күні өткізілсе, онда тыңдаушылардың тізімін қалыптастыру жұмыс күнінің бірінші жартысында сағат 12.00 -ге дейін аяқталады және есеп жұмыс күнінің екінші жартысында өткізіледі.

Жария тыңдаулар, табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есептері қатысушылардың жария тыңдауларға кедергісіз қол жеткізуі қамтамасыз етіле отырып, онлайн-трансляция ұйымдастырумен де өткізіледі.

Елде төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері, табиғи монополиялар субъектілері жария тыңдауларды, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есептерді онлайн-трансляциялар арқылы өткізеді.

Жария тыңдаулар онлайн-трансляциялар арқылы өткізілген кезде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі жария тыңдаулар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында

және интернет-ресурста жария тыңдаулардың күнін, уақытын және онлайн-трансляцияға сілтемені көрсете отырып, алдағы жария тыңдау туралы хабарландыруды орналастырады.

Ескерту. 294-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.03.2023 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

295. Осы тарауда көзделген талаптар қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне және жаңадан құрылған табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.

296. Есепті өткізу үшін табиғи монополия субъектісі басшыларының арасынан жария тыңдаудың төрағасы (бұдан әрі – Төраға), табиғи монополия субъектісі қызметкерлерінің арасынан – жария тыңдаудың хаттамасын жүргізетін хатшы тағайындалады.

297. Төраға белгіленген уақытта көпшілік алдында жария тыңдауды ашады және күн тәртібін жариялайды.

298. Жария тыңдау табиғи монополия субъектісінің сөз сөйлеуін қамтиды.

299. Табиғи монополия субъектісінің сөйлеген сөзі мынадай ақпаратты қамтиды:

1) табиғи монополия субъектісі туралы жалпы ақпарат;

2) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы;

3) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша бекітілген тарифтік сметаның баптары бойынша орындалуы;

4) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы;

5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 4-нысан бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы;

6) табиғи монополия субъектісі қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы;

7) ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы;

8) реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы;

9) қызмет перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы.

Өз сөзінде табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасы туралы егжей-тегжейлі түсінік береді.

Тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында есеп беретін табиғи монополия субъектісінің атынан бірінші басшы не бірінші басшының міндеттерін атқару жүктелген адам шығады.

300. Жария тыңдауға қатысушылар қаралатын мәселе бойынша ауызша немесе жазбаша өз пікірін білдіре алады, сөз сөйлеушілерге сұрақтар қоя алады, өз сөзінде көмекші материалдарды (плакаттар, кестелер және басқалар) пайдалана алады.

301. Жария тыңдауға қатысушының жазбаша түрде білдірген пікірі жеке немесе заңды тұлғаның ресми тұлғаға өтінішіне теңестіріледі және жария тыңдау хаттамасына міндетті түрде енгізуге, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінің одан әрі қарауына және тиісті шаралар қабылдауына жатады.

302. Көпшілік тыңдауды өткізу кезінде тәртіпті бұзған адамға Төраға ескерту жасайды.

303. Төраға қорытынды шығарады және көпшілік тыңдауды жабады.

304. Жария тыңдауды өткізу барысында хаттама жүргізіледі. Хаттамада тыңдаудың басталу және аяқталу уақыты, сөз сөйлегендердің тегі мен аты-жөні туралы ақпарат және сөз сөйлеудің қысқаша мазмұны қамтылады.

305. Жария тыңдау хаттамасының көшірмесі ол өткізілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына ұсынылады.

306. Жария тыңдау хаттамасы мен материалдарынан істер қалыптастырылады және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33339 болып тіркелген) сәйкес сақталады.

Ескерту. 306-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.04.2024 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

307. Табиғи монополия субъектісі тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында есеп өткізілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей оны бұқаралық ақпарат құралдарында және (немесе) өзінің интернет-ресурсында орналастырады не уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына оның интернет-ресурсында орналастыру үшін жібереді.

Ескерту. 307-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Ұлттық экономика министрінің 29.11.2024 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-тарау. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, табиғи монополия субъектісі желілерінің бос және қол жетімді қуаттарының, сыйымдылықтарының, орындарының, өткізу қабілетінің болуы туралы ақпаратты, сондай-ақ табиғи монополиялар

салаларындағы коммуналдық қызметтердің инженерлік коммуникацияларының схемасын орналастыру тәртібі

308. Табиғи монополия субъектісі өзінің интернет-ресурсында орналастырады не өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына өзінің интернет-ресурсында орналастыру үшін тоқсан сайын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, бос және қолжетімді қуаттардың, сыйымдылықтардың, орындардың, желілердің өткізу қабілетінің болуы туралы жаңартылатын ақпаратты, сондай-ақ коммуналдық қызметтердің инженерлік коммуникацияларының схемасын ұсынады.

309. Табиғи монополия субъектісі:

1) бос және қолжетімді қуаттардың, сыйымдылықтардың, орындардың, табиғи монополия субъектісі желілерінің өткізу қабілеттерінің резерві, бар-жоғы туралы ақпаратты;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді және порттық қызметтер нарығында бәсекелестік болмаған кезде порттардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылатын желілерді немесе өзге де мүлікті орналастыру схемасын;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпаратты (объектілердің орналасқан жерлері, фото-бейне түсірілімді қоса бере отырып, орындалу сатылары, инвестициялық бағдарламалардың іс-шараларын орындау мерзімдері және құны) тоқсан сайын өзінің интернет-ресурсында орналастырады не ол болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына оның интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсынады.

9-тарау. Есепке алу аспабын сатып алу және орнату үшін төлемді келісу тәртібі

310. Табиғи монополия субъектісі құрылыс объектілерін қабылдау және пайдалануға беру жағдайларын қоспағанда, тұтынушымен жасалған шартқа сәйкес есепке алу аспабын сатып алады және тұтынушыға орнатады.

311. Табиғи монополия субъектісі тұтынушыларға есепке алу аспаптарын орнату кестесін (бұдан әрі – Кесте) әзірлейді.

312. Есепке алу аспаптарын сатып алу және орнату үшін төлем мөлшерін (бұдан әрі – Төлем) табиғи монополия субъектісі есептейді және уәкілетті органның ведомствосымен немесе оның аумақтық органымен келіседі.

313. Табиғи монополия субъектісінің Төлемді алу мерзімін көрсете отырып Төлемді бекіту туралы шешімі табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысының не оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығы түрінде қабылданады.

314. Үйге ортақ есепке алу аспаптарын сатып алу және орнату үшін төлем "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 1-тармағына сәйкес есептеледі.

Ескерту. 314-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

315. Төлемді бекіту туралы бұйрықты табиғи монополия субъектісі Кестені, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінің есепке алу аспаптарын сатып алуға және орнатуға арналған шығындарды негіздейтін есептеулер мен құжаттарды қоса бере отырып, оған қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарау және келісу үшін уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына ұсынады. Негіздеуші материалдардың әрбір парағына табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға қол қояды.

316. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісі ұсынған Төлем бекіту туралы шешімді және Төлемді есептеуге негіздейтін материалдарды олар уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қарайды.

317. Табиғи монополия субъектісінің Төлемді бекіту туралы шешімін және Төлемді есептеуге негіздейтін материалдарды қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісіне төлем мөлшерін келісу не төлем мөлшерін келісуден дәлелді бас тарту туралы хат жібереді.

318. Табиғи монополия субъектісі ұсынылған Кестені облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жібереді.

319. Табиғи монополия субъектісі және мүдделі тұлғалар уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына ақпарат ұсынған кезде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің тізбесін айқындайтын ішкі актінің көшірмесін қоса бере отырып, коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің толық тізбесін көрсетеді.

320. Табиғи монополия субъектісі жеке қосалқы шотта есепке алу аспаптарын сатып алуға және орнатуға байланысты шығындар мен кірістердің есебін жүргізеді.

321. Табиғи монополия субъектісі тұтынушыға реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін төлеуге ұсынылатын төлем құжатында осы Қағидаларға сәйкес келісілген Төлем көрсетілетін жеке жолды көздейді.

322. Есепке алу аспабы тұтынушы табиғи монополия субъектісіне осы есепке алу аспабын сатып алудың және орнатудың барлық құнын төлегеннен кейін тұтынушының меншігіне өтеді.

10-тарау. Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібі

323. Осы тарау Заңның 15-бабы 23-тармағының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібін белгілейді.

1-параграф. Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін әзірлеу және бекіту

324. Заңның 15-бабының 7-тармағына сәйкес тарифтерді бекітуге өтінім берген кезде оған негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштерінің жобалары қоса беріледі.

Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін ол ұсынылған күннен бастап тоқсан жұмыс күні ішінде қарайды.

325. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіші субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған шығыстарының құрылымдық параметрлері бірдей немесе нашар болған кезде реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған ең аз шығыстарға қатынасын сипаттайды.

326. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы дербес (табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифті бекітуге арналған өтінімін алуға қарамастан) белгілі бір саланың табиғи монополиялар салалары үшін не егер табиғи монополия субъектісінің қызметі тиімділігінің бекітілген көрсеткішінің қолданылу кезеңі кемінде күнтізбелік жүз сексен күннен кейін аяқталатын жағдайда табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бағалау жөніндегі жұмысты алғаш рет бастайды.

327. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы өзінің интернет-ресурсында белгілі бір саланың табиғи монополия салаларында субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді есептеу формуласында ескерілетін табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділігі көрсеткішін бағалау жұмысының басталғаны туралы баспасөз релизін жариялайды.

328. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісінің қызметі тиімділігінің бұрын бекітілген көрсеткішінің қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын белгілі бір саланың табиғи монополиялар салаларындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерде ескерілетін жаңа көрсеткіштерін,

тиісінше салалар бөлінісінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша тарифтің қолданылу кезеңін бекітеді, оларды уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

2-параграф. Әрбір субъект үшін табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің тізбесін қалыптастыру

329. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін есептеу мақсатында уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы оларды әзірлеудің басталғаны туралы баспасөз релизі жарияланған күннен бастап күнтізбелік қырық күн ішінде осы реттеліп көрсетілетін қызмет үшін құрылымдық параметрлер тізбесінің жобасын қалыптастырады.

330. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша табиғи монополия субъектісі қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің ең аз тізбесін қамтитын табиғи монополия субъектісі қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесін (бұдан әрі – құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесі) жібереді.

331. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы бастапқы тізбенің жобасына(н) құрылымдық параметрлерді енгізеді (алып тастайды).

332. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы Тіркелімге сәйкес табиғи монополиялар субъектісінің қызметі тиімділігінің көрсеткіштері есептелетін бір реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектілердің тізбесін (бұдан әрі – субъектілер тізбесі) қалыптастырады.

333. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополиялар субъектісінің қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін есептеуді бастау туралы баспасөз релизі жарияланған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын табиғи монополия субъектілеріне реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифтерді есептеу кезінде ескерілетін табиғи монополиялар субъектісінің қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін бағалау кезінде пайдалану үшін құрылымдық параметрлердің жылдық тарихи деректерін ұсынуға сұрау салуды жібереді. Табиғи монополиялар субъектілері құрылымдық параметрлер бойынша жылдық тарихи деректерді табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін әзірлеу басталғанға дейінгі реттеліп көрсетілетін қызметті көрсету кезеңі үшін ұсынады.

334. Табиғи монополия субъектісі құрылымдық параметрлердің мәнін қалыптастыру кезінде мынадай ақпарат көздерін пайдаланады:

- 1) жабдықтың техникалық паспорттары;

2) пайдалануға қабылдау (беру) актілері.

335. Табиғи монополия субъектісі құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесінің жобасын алған кезден бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына сұрау салынған ақпаратты ұсынады.

336. Реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына бастапқы тізбе жобасынан қандай да бір құрылымдық параметрлерді толықтыру және (немесе) алып тастау жөнінде ұсыныстар беруге құқылы.

337. Табиғи монополиялар субъектілерінен бастапқы тізбенің жобасын жаңа құрылымдық параметрлермен толықтыру жөнінде ұсыныстар алған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы тиісті реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын барлық табиғи монополиялар субъектілерінен табиғи монополиялар субъектілері ұсынған құрылымдық параметрлер бойынша мәндерді қосымша жинауды ұйымдастырады.

Егер қандай да бір құрылымдық параметр табиғи монополиялар субъектілерінің 10 пайыздан астамында болмаса, онда осы құрылымдық параметр түпкілікті тізбеге енгізілмейді.

338. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесін қалыптастырады, ол:

- 1) алып тастау табиғи монополиялар субъектілерінің 50 пайыздан астамына ұсынылғанды қоспағанда, бастапқы тізбенің жобасынан құрылымдық параметрлерді;
- 2) субъектілер ұсынатын құрылымдық параметрлерді (бар болса);
- 3) кемінде үш, бірақ оннан аспайтын құрылымдық параметрлерді қамтиды.

339. Құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесінен уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы талдау жүргізу арқылы статистикалық маңызды құрылымдық параметрлерді бөледі.

340. Белгілі бір реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын барлық табиғи монополиялар субъектілерінен алынған бастапқы тізбеден s әрбір құрылымдық параметр мәндерінің жиынтығы матрица түрінде қалыптастырылады:

$$X = (X'_{11}, X'_{12}, \dots, X'_{it}, \dots, X'_{IT}, 1_s)$$

мұндағы:

$$X'_{11} = \begin{bmatrix} x_{11}^1 \\ \dots \\ x_{11}^s \\ \dots \\ x_{11}^s \end{bmatrix}, \dots, X'_{it} = \begin{bmatrix} x_{it}^1 \\ \dots \\ x_{it}^s \\ \dots \\ x_{it}^s \end{bmatrix}, \dots, X'_{IT} = \begin{bmatrix} x_{IT}^1 \\ \dots \\ x_{IT}^s \\ \dots \\ x_{IT}^s \end{bmatrix}$$

X_{it}

– құрылымдық параметрлердің логарифмделінген (табиғи логарифм бойынша) мәндерінің матрицасы;

x_{it}^s

– i табиғи монополия субъектісінің деректері бойынша s құрылымдық параметрінің бір жылдағы t логарифмделінген мәні;

$i \in [1; I]$

– табиғи монополия субъектісінің сәйкестендіргіші, I – реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын табиғи монополия субъектілерінің саны;

$t \in [1; T]$

– жылдың сәйкестендіргіші, T – табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін әзірлеудің алдындағы барлық табиғи монополиялар субъектілері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетудің ең аз кезеңі, 1 – осы кезеңнің бірінші жылы;

$s \in [1; S]$

– құрылымдық параметр сәйкестендіргіші,

S – құрылымдық параметрлер саны;

$1s$ – өлшемдік бірлік вектор S .

Табиғи монополия субъектісі бақылайтын реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған шығыстар жиынтығының матрицасы:

$$Y = \begin{bmatrix} y_{11} \\ \dots \\ y_{I1} \\ \dots \\ y_{1t} \\ \dots \\ y_{It} \\ \dots \\ y_{1T} \\ \dots \\ y_{IT} \end{bmatrix},$$

мұндағы:

Y – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған логарифмделінген нақты бақыланатын шығыстар матрицасы;

Y_{it}

– і табиғи монополия субъектісінің деректері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуге арналған логарифмделінген нақты бақыланатын шығыстардың сомасы t жылға номиналды бақыланатын шығыстарды

$ИПЦ_t^{t_0-6}$

көбейту арқылы алынған.

341. Регрессиялық талдау шеңберінде құрылымдық параметрлердің статистикалық маңыздылығын бағалау мақсатында уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы:

регрессиядан (реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерінің бақыланатын шығыстары арасындағы тәуелділіктен (Y) және құрылымдық параметрлерден (X))

$$y_{it} = X_{it}\alpha + \varepsilon_{it}$$

немесе матрицалық түрде

$$Y = X\alpha + \varepsilon$$

мұндағы:

ε_{it}

- t жылы i табиғи монополия субъектісі үшін "регрессияны бағалау қатесі" статистикалық көрсеткіші, нөлге тең және бірдей дисперсиялы математикалық күтумен ;

$$\alpha = (\alpha^1, \dots, \alpha^S)'$$

- Y бақыланатын шығыстардың X құрылымдық параметрлердің әрқайсымен ең аз квадрат әдісімен байланысын анықтайтын регрессия коэффициенттерінің векторы мынадай статистикалық көрсеткіштердің мәнін есептейді:

регрессия коэффициенттерінің векторын бағалау

$$a = (\alpha^1, \dots, \alpha^S)'$$

мынадай формула бойынша құрылымдық параметрлер бөлінісінде:

$$a = (X'X)^{-1}X'Y$$

регрессия коэффициенттерінің векторы үшін стандартты ауытқулар

$$\sigma^a = (\sigma_1^a, \dots, \sigma_S^a)$$

мынадай формула бойынша құрылымдық параметрлер бөлінісінде:

$$\sigma^{a'} \sigma^a = \frac{1}{IT - I - S} (Y - Xa)'(Y - Xa)(X'X)^{-1}$$

t – әрбір регрессия коэффициенті үшін өлшемшарттар (Стьюдент) мынадай формула бойынша:

мынадай

$$t_{a_s^s}^{\text{Стьюд}} = \frac{a_s^s}{\sigma_s^a} \text{ мынадай } s \in [1; S] \text{ үшін}$$

R² детерминация коэффициенті мынадай формула бойынша:

$$R^2 = a'Ma$$

F – мынадай формула бойынша өлшемшарт (Фишер):

$$F_{S, IT-I-S}^{\text{Фишер}} = \frac{R^2 (IT-I-S)}{(1-R^2)S}$$

регрессия коэффициенттері үшін мынадай шартты қанағаттандыратын t-өлшемшарттардың абсолюттік мәндері, статистикалық елеусіз құрылымдық параметрлерді анықтайды:

$$|t_{a_s^s}^{\text{Стьюд}}| < t_{IT-I-S, 1-\theta}^{\text{Табл}}$$

мұндағы:

$$t_{IT-I-S, 1-\theta}^{\text{Табл}} -$$

– t-өлшемнің таблицалық мәні (Стьюдент);

$$(1 - \theta)$$

– құрылымдық параметр статистикалық болмашы деп танылатын ықтималдықты (Стьюдент өлшемшарты) уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы 90 пайз деңгейінде айқындайды;

болмашы құрылымдық параметрлер болған жағдайда, Т бүкіл кезеңдегі барлық І субъектілер бойынша олардың біреуінің деректерін осы тармақта көрсетілген регрессиядан алып тастайды

$$Y = X_{X^S \text{сыз}} \alpha + \varepsilon$$

мұндағы:

$$X_{X^S \text{сыз}} = (X'_{11}, X'_{12}, \dots, X'_{it}, \dots, X'_{IT}, 1_S),$$

мұндағы:

$$X'_{11} = \begin{bmatrix} x_{11}^1 \\ \dots \\ 0 \\ \dots \\ x_{11}^S \end{bmatrix}, \dots, X'_{it} = \begin{bmatrix} x_{it}^1 \\ \dots \\ 0 \\ \dots \\ x_{it}^S \end{bmatrix}, \dots, X'_{IT} = \begin{bmatrix} x_{IT}^1 \\ \dots \\ 0 \\ \dots \\ x_{IT}^S \end{bmatrix}$$

және осы тармақта көзделген алгоритмге сәйкес осы регрессия үшін болмашы статистикалық құрылымдық параметрлерді анықтайды;

регрессияда статистикалық болмашы құрылымдық параметрлер болмаған жағдайда мынадай шарттарға сәйкес F-өлшемшартты (Фишерді) бағалайды:

$$\text{егер } F_{S,IT-I-S}^{\text{Фишер}} > F_{S,IT-I-S,1-\theta}^{\text{Табл}},$$

мұндағы:

$$F_{S,IT-I-S,1-\theta}^{\text{Табл}}$$

– S және IT-I-S еркіндік дәрежелері бар F-өлшемшарттың (Фишердің) таблицалық мәні;

(1 – θ)

– құрылымдық параметр статистикалық болмашы деп танылатын ықтималдықты (Фишер өлшемшарты) уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы 95 пайыз деңгейінде айқындайды;

онда регрессия статистикалық мәні бар деп танылады және осы регрессияның барлық құрылымдық параметрлері – статистикалық мәні бар және табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бағалау, оның ішінде ұқсас табиғи монополиялар субъектілерін таңдау бойынша одан әрі талдау қолданылады;

$$F_{S,IT-I-S}^{\text{Фишер}} < F_{S,IT-I-S,1-\theta}^{\text{Табл}}$$

онда регрессиядан жүйелі түрде (бірінен кейін бірі) T кезеңіндегі барлық I табиғи монополиялар субъектілері үшін барлық құрылымдық параметрлердің деректері алынып тасталады және осы тармағында көрсетілген қадамдар жүзеге асырылады.

342. Егер регрессиядан барлық құрылымдық параметрлердің деректерін алып тастау статистикалық маңызды құрылымдық параметрлерді анықтауға алып келмеген жағдайда, F-өлшемшарты мәндері ең көп регрессияның құрылымдық параметрлері статистикалық маңызды деп танылады және табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бағалау бойынша одан әрі талдауда пайдаланылады.

343. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесінен құрылымдық параметрлердің маңыздылығын есептеу нәтижелерін ескере отырып, құрылымдық параметрлердің түпкілікті тізбесінің жобасын қалыптастырады. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша ұқсас табиғи монополиялар субъектілерінің топтарын анықтау және табиғи монополия субъектісінің қызметі тиімділігінің жеке көрсеткіштерін есептеу үшін құрылымдық параметрлердің маңыздылығы қалыптастырылады.

344. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділігі көрсеткіштерін есептеу бойынша құрылымдық параметрлердің түпкілікті тізбесінің жобасын қарап, оны алған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

құрылымдық параметрлердің түпкілікті тізбесінің жобасын келісу туралы;

бастапқы тізбеден құрылымдық параметрлерді алып тастау немесе сақтау жолымен табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін есептеу бойынша түзетілген құрылымдық параметрлердің түпкілікті тізбесінің жобасын келісу туралы.

345. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы құрылымдық параметрлердің түпкілікті тізбесінің жобасын келісу (түзетілген) туралы шешім шығарған жағдайда, оны шығарған кезден бастап күнтізбелік бес күн ішінде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 4-нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифтерді есептеу формуласында ескерілетін, табиғи монополия субъектісі қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің тізбесін өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

346. Табиғи монополия субъектісі қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін есептеуде пайдаланылатын бекітілген құрылымдық параметрлердің қолданылуы тарихи кезеңінің ұзақтығы табиғи монополия субъектісі қызметі тиімділігінің жаңадан бекітілетін көрсеткіштерінің қолданылу кезеңінің ұзақтығына ұқсас.

3-параграф. Ұқсас табиғи монополиялар субъектілерінің және (немесе) олардың топтарының тізбесін (тізбелерін) қалыптастыру

347. Реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифтерді есептеу кезінде ескерілетін табиғи монополия субъектісі қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін бағалау мақсатында уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы құрылымдық параметрлердің тізбесі жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде осы реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын ұқсас табиғи монополиялар субъектілерінің топтарын қалыптастырады, олардың деректері реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған тарифтер есебінде ескерілетін табиғи монополия субъектісі қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін бағалау үшін пайдаланылады (бұдан әрі – ұқсас субъектілер топтары).

348. Ұқсас табиғи монополиялар субъектілері топтарын қалыптастыру мақсатында уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерінің ұқсастығына статистикалық талдауды жүзеге асырады.

349. Бекітілген тізбеден құрылымдық параметрлердің мәні:

$$X_s = \begin{bmatrix} x_{11}^s & \dots & x_{1T}^s \\ \dots & \dots & \dots \\ x_{i1}^s & x_{it}^s & x_{iT}^s \\ \dots & \dots & \dots \\ x_{I1}^s & \dots & x_{IT}^s \end{bmatrix} \text{ мынадай } s \in [1; S'] \text{ үшін,}$$

мұндағы:

X – бекітілген тізбеден құрылымдық параметрлердің логарифмделінген (табиғи логарифм бойынша) мәндерінің матрицасы;

$i[1;I]$ – табиғи монополия субъектісінің сәйкестендіргіші, I -реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын табиғи монополия субъектілерінің саны;

$t[1;T]$ – жылдың сәйкестендіргіші, T – табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін әзірлеудің алдындағы барлық табиғи монополиялар субъектілері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетудің ең аз кезеңі, 1 – осы кезеңнің бірінші жылы;

S'

– бекітілген тізбедегі құрылымдық параметрлердің саны.

Реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге нақты бақыланатын шығыстар:

$$Y = \begin{bmatrix} y_{11} & \dots & y_{1T} \\ \dots & \dots & \dots \\ y_{i1} & y_{it} & y_{iT} \\ \dots & \dots & \dots \\ y_{I1} & \dots & y_{IT} \end{bmatrix}$$

мұндағы:

Y – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған логарифмделінген нақты бақыланатын шығыстар матрицасы;

Егер қандай да бір i табиғи монополия субъектіде t бүкіл кезеңінде бақыланатын шығыстар және (немесе) бір және одан да көп құрылымдық параметрлер бойынша деректер болмаған жағдайда, осы i субъекті талдаудан алынып тасталады, одан әрі ұқсастық және табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерінің есебі туралы есептерде мұндай табиғи монополия субъектісі "деректердің болмауына байланысты алынып тасталды" деп белгіленеді.

350. Табиғи монополиялар субъектілерінің талданатын деректерінің салыстырмалылығын статистикалық талдау шеңберінде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы:

регрессиядан (реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерінің бақыланатын шығыстары арасындағы тәуелділіктен (Y) және табиғи монополия субъектісі қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін бағалау үшін бекітілген құрылымдық параметрлерден (X):

$$y_{it} = X_{it}\alpha + \varepsilon_{it}$$

мұндағы:

ε_{it}
– t жылы I табиғи монополия субъектісі үшін "регрессияны бағалау қатесі" статистикалық көрсеткіші, нөлге тең және бірдей дисперсияны математикалық күтумен ;

$a=(a^1, \dots, a^S)'$ – y бақылаудағы шығыстардың құрылымдық параметрлерінің әрқайсысымен байланысын анықтайтын регрессия коэффициенттерінің векторы Xh;

ең кіші квадраттар әдісімен табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бағалау үшін бекітілген құрылымдық параметрлер бөлінісінде $a=(a^1, \dots, a^S)'$ регрессия коэффициенттері векторының бағалау мәндерін мынадай формула бойынша есептеледі:

$$a = (X'X)^{-1}X'Y$$

Осы тармаққа сәйкес бағаланған модель коэффициенттерін пайдалана отырып, әрбір i және t табиғи монополия субъектісі үшін есепті қалдықтар мынадай формула бойынша есептеледі:

$$e_{it}^{\text{есепт}} = y_{it} - X_{it}a \quad i \text{ мынадай } \in [1; I'], t \in [1; T] \text{ үшін}$$

немесе матрицалық түрде $e = Y - Xa$.

мұндағы:

есепт – осы тармаққа сәйкес бағаланған әрбір i табиғи монополия субъектісі және t жылы үшін модель коэффициенттері пайдаланылатын есептік қалдықтар;

X – құрылымдық параметрлердің логарифмделінген (табиғи логарифм бойынша) мәндерінің матрицасы;

Y – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған логарифмделінген нақты бақыланатын шығыстар матрицасы;

$i[1;I]$ – табиғи монополия субъектісінің сәйкестендіргіші, I – реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерінің саны;

$t[1;T]$ – жылдың сәйкестендіргіші, T – табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін әзірлеудің алдындағы барлық табиғи монополия субъектілері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетудің ең аз кезеңі, 1 – осы кезеңнің бірінші жылы;

әрбір i табиғи монополия субъектісі үшін жылдар бойынша орташа арифметикалық қалдықтар есептеледі:

$$e_i = \frac{1}{T} \sum_{t=1}^T e_{it}$$

барлық табиғи монополиялар субъектілерінің мәні бойынша ең аз қалдықты таңдайды, оны есептік бақыланатын шығыстарға қосады – есептік қалдықтар алады:

$$y_{it}^{\square} = X_{it}a + e_i, \text{ мынадай } i \in [1; I'], t \in [1; T]$$

үшін,

мұндағы

$$e_i = \min\{e_i\} \text{ мынадай } i \in [1; I']$$

үшін,

өсу бойынша барлық субъектілер үшін бірқатар мәндерді қалыптастырады және әрбір W мәні қатарда бар, жиілікті (мәндер санын), пайызда және жинақталған жиілікті пайызда, есептейді;

g_1

25 пайыз-персентильді мына формула бойынша есептейді:

$$g_1 = w_1 + i \frac{\frac{1}{4} \sum f - F_{1w-1}}{f_{1w-1}}$$

мұндағы:

g_1

– өсу бойынша барлық табиғи монополиялар субъектілері үшін бірқатар мәндер;

W_1 – 25 пайыз-персентильден тұратын интервалдың төменгі шекарасы (интервал 10 пайыздан асатын жинақталған жиілік бойынша анықталады);

F_{1W-1} – 25 пайыз-персентильден тұратын интервалдың алдындағы жинақталған жиілігі;

f1 W-1 – 25 пайыз - персентильден тұратын интервал жиілігі;

егер 25 пайыз-персентиль, 25 пайыз-дельта бар интервалдағы ең жоғары және ең төменгі мәндердің арасындағы айырмашылық болған жағдайда:

0,5-тен аз немесе тең болса, ұқсас табиғи монополиялар субъектілерінің қалған барлық топтары осы айырмаға сүйене отырып қалыптастырылады - мәні өсу бойынша келесі интервалда болатын барлық табиғи монополиялар субъектілері, 25 пайыз-дельтаға тең ең жоғары және ең төменгі мәндердің арасындағы айырма бір топқа қалыптастырылады;

бірінші топ ең жоғарғы және ең төменгі мәндері 0,5-ке ерекшеленетін табиғи монополиялар субъектілері бойынша алынады, одан кейінгі топтар 0,5-ке сүйене отырып қалыптастырылады, мәні өсу бойынша келесі аралықта болатын барлық табиғи монополиялар субъектілері 0,5-ке тең ең жоғары және ең төменгі мәндердің арасындағы айырмашылық бір топқа қалыптастырылады.

351. Табиғи монополия субъектілерінің ұқсастығын статистикалық талдау нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы ұқсас табиғи монополиялар субъектілері топтарының жобасын қалыптастырады.

352. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 5-нысан бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің ұқсастығын статистикалық талдау нәтижелерін қоса бере отырып, құзыретті органдардың қарауына ұқсас табиғи монополиялар субъектілері топтарының жобасын шығарады. Хаттаманы, ұқсас табиғи монополиялар субъектілері топтарының тізбесін және шешімді уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы оны өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

353. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы ұқсас табиғи монополиялар субъектілері топтарының жобасын қарап, оны алған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

ұқсас субъектілер топтарының жобасын келісу туралы;

табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін есептеу бойынша ұқсас субъектілер топтарының жобасын келісу туралы.

354. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін есептеу бойынша ұқсас субъектілер топтарының жобасын (түзетілген) келісу туралы шешім шығарған жағдайда, ол шығарылған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде:

уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы басшысының бұйрығымен осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 6-нысан бойынша деректері табиғи монополия субъектісінің қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін бағалау кезінде пайдаланылатын реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын ұқсас табиғи монополиялар субъектілері топтарының тізбесі бекітіледі;

уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы ұқсас табиғи монополиялар субъектілері топтарын бекіту туралы бұйрықты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Құзыретті орган табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін есептеу бойынша жобаны келіспеген жағдайда, шешімді уәкілетті органның ведомствосының немесе оның аумақтық органының басшысы қабылдайды.

Уәкілетті органның ведомствосының немесе оның аумақтық органының барлық шешімдері отырыстардың хаттамаларымен ресімделеді және уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы интернет-ресурсында орналастырылады.

4-параграф. Табиғи монополия субъектісінің қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін есептеу

355. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы ұқсас субъектілер топтарының тізбесі жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде:

табиғи монополиялар субъектілері бөлінісінде табиғи монополия субъектісі қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін есептеуді жүзеге асырады;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 7, 8, 9 және 10-нысандар бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін есептеу нәтижелері туралы қорытындыны құзыретті органдардың қарауына шығарады.

356. Табиғи монополия субъектісінің әрекет ету кезеңінің әрбір жылына табиғи монополиялар субъектілері бөлінісінде қызметінің тиімділік көрсеткіштері мынадай формула бойынша айқындалады:

$$x_i^{\text{жеке}} = \frac{x_i^{\text{жеке, есепт}}}{N^{\text{жеке}}}$$

мұндағы:

$x_i^{\text{жеке, есепт}}$

– осы Қағидалардың 357-тармағына сәйкес i табиғи монополия субъектісі үшін есептелген табиғи монополия субъектісі қызметі тиімділігінің есептік көрсеткіші;

$N^{\text{жеке}}$

- қызмет тиімділігі көрсеткіштерінің әрекет ету кезеңіндегі жылдар саны.

357. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы әрбір I табиғи монополия субъектісі үшін қызмет тиімділігінің есептік көрсеткіштерін уақыт бойынша орташа арифметикалық ретінде мынадай формула бойынша нақты шығыстардың тиімді шекарадан ауытқуы ретінде есептейді:

$$x_i^{\text{жеке,есепт}} = \frac{1}{T} \sum_{t=1}^T (y_{it} - y_{it}^{\text{тиімд}})$$

$$i \in [1; I']$$

– табиғи монополия субъектісінің сәйкестендіргіші, I' - реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын ұқсас табиғи монополиялар субъектілерінің бекітілген тізбесінен табиғи монополиялар субъектілерінің саны.

358. Табиғи монополия субъектісінің қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін бағалау мақсатында уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған ең төменгі бақыланатын шығыстарды құрылымдық параметрлердің (бұдан әрі – тиімділік шекарасы) функциясы ретінде мынадай алгоритмге сәйкес бағалайды:

реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын ұқсас табиғи монополиялар субъектілерінің бекітілген тізбесінен табиғи монополиялар субъектілерінің деректері бойынша бекітілген тізбеден құрылымдық параметрлер мәндерінің жиынтығы матрица түрінде қалыптастырылады:

$$X = (X'_{11}, X'_{12}, \dots, X'_{it}, \dots, X'_{IT}, 1_{S'}),$$

$$\text{мұндағы: } X'_{11} = \begin{bmatrix} x_{11}^1 \\ \dots \\ x_{11}^s \\ \dots \\ x_{11}^{S'} \end{bmatrix}, \dots, X'_{it} = \begin{bmatrix} x_{it}^1 \\ \dots \\ x_{it}^s \\ \dots \\ x_{it}^{S'} \end{bmatrix}, \dots, X'_{IT} = \begin{bmatrix} x_{IT}^1 \\ \dots \\ x_{IT}^s \\ \dots \\ x_{IT}^{S'} \end{bmatrix},$$

мұндағы:

X – бекітілген тізбеден құрылымдық параметрлердің логарифмделінген (табиғи логарифм бойынша) мәндерінің матрицасы;

$$x_{it}^s$$

– i табиғи монополия субъектісінің деректері бойынша бір жылғы t бекітілген тізбесінен s құрылымдық параметрдің логарифмделінген мәні;

$$s \in [1; S']$$

– құрылымдық параметрдің сәйкестендіргіші, S' – бекітілген тізбеден құрылымдық параметрлердің саны;

1_S,

– өлшемдіктің бірлік векторы S'.

табиғи монополиялар субъектілерінің деректері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған бақыланатын шығыстардың жиынтығы ұқсас табиғи монополиялар субъектілерінің бекітілген тізбесінен матрица түрінде ұсынылады:

$$Y = \begin{bmatrix} y_{11} \\ \dots \\ y_{1i} \\ \dots \\ y_{1t} \\ \dots \\ y_{1t} \\ \dots \\ y_{1T} \\ \dots \\ y_{1T} \end{bmatrix},$$

мұндағы:

Y – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған логарифмделінген нақты бақыланатын шығыстардың матрицасы.

регрессиядан (реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерінің бақыланатын шығыстары арасындағы тәуелділіктен (Y) және құрылымдық параметрлерден (X))

$$y_{it} = X_{it}\alpha + \varepsilon_{it}$$

немесе матрицалық түрде

$$Y = X\alpha + \varepsilon$$

мұндағы:

ε_{it}

– t жылы i табиғи монополия субъектісі үшін "регрессияны бағалау қатесі" статистикалық көрсеткіші, нөлге тең және бірдей дисперсияны математикалық күтумен ;

$$\alpha = (\alpha^1, \dots, \alpha^S)'$$

– Y бақылаудағы шығыстардың Xs құрылымдық параметрлерінің әрқайсымен байланысын айқындайтын регрессия коэффициенттерінің векторы $a = (a_1, \dots, a_s)'$ мынадай формула бойынша құрылымдық параметрлер бөлінісінде:

$$a = (X'X)^{-1}X'Y$$

осы тармаққа сәйкес бағаланған модель коэффициенттерін пайдалана отырып, әрбір i және t табиғи монополия субъектісі үшін есепті қалдықтарды мынадай формула бойынша есептейді:

$$e_{it}^{\text{есепт}} = y_{it} - X_{it}a \text{ мынадай } i \in [1; I'], t \in [1; T] \text{ үшін}$$

немесе матрицалық түрде
 $e = Y - Xa$.

мұндағы:

e есепт – осы тармаққа сәйкес әрбір i табиғи монополия субъектісі және t жыл үшін бағаланған модель коэффициенттерін пайдалана отырып есепті қалдықтар;

әрбір i табиғи монополия субъектісі үшін жылдар бойынша орташа арифметикалық қалдықтар есептеледі:

$$e_i = \frac{1}{T} \sum_{t=1}^T e_{it}$$

барлық табиғи монополиялар субъектілерінің мәні бойынша ең аз қалдықты таңдайды, оны есептік бақыланатын шығыстарға қосады – (тиімділік шекарасын неғұрлым тиімді табиғи монополия субъектісіне

ауыстыру) – алынған есептік бақыланатын шығыстар тиімділік шекарасы болып табылады:

$$y_{it}^{\text{тиімд}} = X_{it}a + e_{it}^{\text{тиімд}}, \text{ мынадай } i \in [1; I'], t \in [1; T] \text{ үшін,}$$

мұндағы:

$$e_{it}^{\text{тиімд}} = \min\{e_i\}, \text{ мынадай } i \in [1; I'] \text{ үшін}$$

359. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызмет тиімділігінің көрсеткіштерін есептеу бойынша құзыретті органдар табиғи монополия субъектісінің қызмет тиімділігінің көрсеткіштерін есептеу нәтижелері туралы уәкілетті органның ведомствосының немесе оның аумақтық органдарының қорытындысын қарап, оны алған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органдарының есептеген табиғи монополиялар субъектілерінің бөлінісінде табиғи монополия субъектісі қызмет тиімділігі көрсеткіштерінің нәтижелерін келісу туралы;

құзыретті органдардың ұсыныстары бойынша түзетілген табиғи монополиялар субъектілері бөлінісіндегі табиғи монополия субъектісі қызмет тиімділігі көрсеткіштерінің мөлшерін келісу туралы.

Құзыретті органның табиғи монополия субъектісі қызмет тиімділігінің көрсеткіштерін есептеу жөніндегі шешімі отырыс хаттамаларымен ресімделеді және уәкілетті органның ведомствосының немесе оның аумақтық органдарының интернет-ресурсында орналастырылады.

360. Құзыретті органдардың табиғи монополия субъектілерінің қызмет тиімділігі көрсеткіштерінің мөлшерлерін келісу туралы шешімі қабылдағаннан кейін күнтізбелік жеті күн ішінде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы басшысының бұйрығымен тарифтерде ескерілетін қызмет тиімділігінің көрсеткіштері бекітіледі.

11-тарау. Табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі

361. Табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 361-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-тарау. Тұтынушыларды және (немесе) уәкілетті органды тариф, оның өзгеруі туралы хабардар ету тәртібі

362. Табиғи монополия субъектісі тұтынушыларды және (немесе) уәкілетті органның ведомствосын немесе оның аумақтық бөлімшесін тиісті ақпаратты табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы тариф, оның өзгеруі туралы хабардар етеді.

363. Заңның 20-бабының 1-тармағында көрсетілген табиғи монополиялар субъектілері тарифті қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушыларды:

оңайлатылған тәртіппен бекітілген тариф туралы;

тарифтің, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептері бар ақпаратты ұсына отырып, қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бекітілген тариф, оңайлатылған тәртіппен бекітілген тариф туралы хабардар етеді.

364. Табиғи монополия субъектісі Заңның 22-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей

тұтынушыларды уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы бекіткен тарифтің өзгергені туралы оның қолданылу мерзімі өткенге дейін тарифтің, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептерін көрсететін ақпаратты ұсына отырып, хабардар етеді.

365. Табиғи монополия субъектісі Заңның 15-бабының 17-тармағына сәйкес бекітілген тариф туралы тұтынушыны ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей хабардар етеді.

13-тарау. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бекіту тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

366. Осы тарау Заңның 15-бабы 23-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бекіту тәртібін айқындайды.

367. Уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық органының тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдану кезінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бекітуі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын қалыптастыруы және енгізуі;

2) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын қарау;

3) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бекіту;

4) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы табиғи монополиялар субъектілерінің есептерін талдау.

368. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша көрсеткіштер тізбесіне сәйкес табиғи монополия субъектісі мәлімдеген тарифтің қолданылу кезеңіне осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша қалыптастырылады.

369. Табиғи монополия субъектісі Заңның 15-бабының 7-тармағына сәйкес тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, тарифті бекітуге өтінім берген кезде негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобаларын ұсынады.

370. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері жобасының нысаналы мәндері ретінде мыналар қабылданады:

тариф қолданысының бірінші жылына – нақты көрсеткіштердің орташа мәні тарифті бекітуге өтінім берілген жылдың алдындағы бұрын бекітілген тарифтің соңғы бес жылдағы нақты бастапқы деректер негізінде есептелген;

тариф қолданылуының кейінгі жылдарына – инвестициялық бағдарламаның жобасында немесе бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды ескере отырып айқындалатын көрсеткіштердің болжамды мәндері.

371. Негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын қалыптастыру мынадай кезендерден тұрады:

1) өтінім берілген жылдың алдындағы бұрын бекітілген тарифті қолданудың соңғы бес жылдағы іс жүзіндегі бастапқы деректерін дайындау;

2) инвестициялық бағдарламаның жобасында немесе бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шаралар негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндерін есептеу;

3) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндерінің есептеулерін және растаушы материалдарын (өтінім берілген жылдың алдындағы бұрын бекітілген тарифті қолданудың соңғы бес жылдағы нақты бастапқы деректері) қоса бере отырып, өтініммен көрсеткіштер жобасын енгізу.

372. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы оны ұсынған күннен бастап тоқсан жұмыс күні ішінде қарайды.

2-параграф. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын қарау және бекіту

373. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері жобасының негізділігін және растаушы құжаттардың анықтығын белгілеу мақсатында уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы көрсеткіштер жобасының нысаналы мәндерінің есептеулерін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 3-нысанда келтірілген формулалар бойынша тексереді және есептеулердің негізсіздігі немесе ұсынылған құжаттардың анық еместігі анықталған жағдайда, көрсеткіштердің нысаналы мәндерін:

тариф қолданысының бірінші жылына – нақты бастапқы деректердің анықтығын тексеру нәтижелерінің негізінде;

тарифтің келесі қолданылу жылдарына – инвестициялық бағдарламаның жобасында немесе бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шаралар негізінде түзетеді

374. Табиғи монополия саласының ерекшелігіне байланысты уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы көрсеткіштер жобасы қолданысының әрбір жылы үшін көрсеткіштердің нысаналы мәндерінен жол берілетін ауытқуларды мынадай формула бойынша есептеуі мүмкін:

$$\Delta t = (P\phi - P\psi) \times (1 - t/T);$$

Δt

– табиғи монополия субъектісі үшін бір жылға көрсеткіштің нысаналы мәнінен нақты ауытқуы;

t – тарифтің қолданылу кезеңінің жылы;

T – тарифтің қолданылу кезеңі;

R_f – табиғи монополия субъектісі ұсынған көрсеткіштің нақты мәні;

$R_{ц}$ – уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісі үшін есептеген көрсеткіштің нысаналы мәні;

375. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын қарау нәтижелері уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы жол берілетін ауытқуларды ескере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің қалыптастырылған жобасына (бар болса) қорытынды түрінде ресімдейді.

Қорытынды реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері жобасының нысаналы мәндерін өзгерту мен нақтылаудың негіздемесін қамтиды.

Ескерту. 375-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

376. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы қорытынды негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын бекіту туралы немесе оны бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын бекітуден бас тарту үшін инвестициялық бағдарламаны және (немесе) тарифті бекітуден бас тарту негіз болып табылады.

Уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық органының шешімі бұйрықпен ресімделеді.

3-параграф. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы табиғи монополиялар субъектілерінің есептерін талдау

377. Табиғи монополия субъектісі жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей, уәкілетті орган ведомствосына немесе оның аумақтық органына, өзге мемлекеттік органға не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына бір мезгілде реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы есепті осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 6-нысан бойынша ұсынады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепке табиғи монополия субъектісі есепті кезеңдегі көрсеткіштердің нақты мәндерінің олардың есепті кезеңге көрсеткіштердің нысаналы мәндерінен жол берілетін ауытқуларға түзетілген (бұдан әрі-бекітілген көрсеткіштер) нысаналы мәндеріне сәйкес келмеу себептері (болған жағдайда) туралы көрсеткіштер бөлінісінде түсіндірме жазбаны қоса береді.

378. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепті ол ұсынылған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде қарайды.

Уәкілетті орган реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы есепті Тарифтерді қалыптастыру қағидаларында айқындалған мерзімде және тәртіппен қарайды.

379. Табиғи монополия субъектісінен тәуелсіз факторлар болып мыналар табылады: тиісті органның қорытындысымен расталған метеорологиялық жағдайлар;

аудио-, бейнетіркеу құралдарымен, орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру актілерімен расталған тұтынушылардың, үшінші тұлғалардың әрекеттері (әрекетсіздігі) ;

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес расталған төтенше жағдайлар.

380. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепті талдау нәтижелерін уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы қорытынды түрінде ресімдейді.

Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақталмаған жағдайда қорытынды негізінде бекітілген тарифті оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерту туралы шешім қабылдайды.

Инвестицияланған капиталға табиғи монополия субъектісінің кірісіне салынатын айыппұлдарды есептеу тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып тарифтерді есептеу тетігіне сәйкес Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 380-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-бөлім. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуын, оның ішінде инвестициялық бағдарламаға байланысты мониторингілеу және бақылау жүйесі

381. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы реттеліп көрсетілетін қызметке тариф белгілеудің ынталандырушы әдісін ескере отырып бекітілген тарифке жыл сайын түзету жүргізеді.

Түзету жүргізу үшін табиғи монополия субъектісі есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына мыналарды ұсынады:

Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп;

Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес кірістер, шығыстар және тарифтер туралы есеп;

Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметінің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есеп. Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепке табиғи монополия субъектісі есепті кезеңде табиғи монополия субъектісі қол жеткізген көрсеткіштердің нақты мәндерінің олардың есепті кезеңге арналған көрсеткіштердің нысаналы мәндерінен жол берілетін ауытқуларға түзетілген нысаналы мәндеріне сәйкес келмеу себептері (болған кезде) (бұдан әрі – сәйкессіздік себептері) туралы көрсеткіштер бөлінісіндегі түсіндірме жазбаны қоса береді.

382. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтауға мониторингі және табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті есептеу кезінде ескерілетін реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау коэффициентін (В)) есептеу осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2-бөлім. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бағалауды қалыптастыру

383. Табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бағалауды уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепті қарау жолымен жүзеге асырады.

384. Табиғи монополия субъектісі жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы есепті Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес нысан бойынша ұсынады. Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепке табиғи монополия субъектісі есепті кезеңде табиғи монополия субъектісі қол жеткізген көрсеткіштердің нақты мәндерінің олардың есепті кезеңге арналған көрсеткіштердің нысаналы мәндерінен жол берілетін ауытқуларға түзетілген нысаналы мәндеріне сәйкес келмеу себептері (болған кезде) (

бұдан әрі – сәйкессіздік себептері) туралы көрсеткіштер бөлінісіндегі түсіндірме жазбаны қоса береді.

385. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есеп жіберілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде оны өзінің ресми интернет-ресурсында орналастырады (бар болса) не реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепті оның интернет-ресурсында орналастыру қажеттігі туралы өтінішті уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына жолдайды.

386. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есебінде ұсынылған ақпараттың анықтығын тексеру мақсатында уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы:

1) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынушыларға, оның ішінде тәуелсіз ұйымдарды тарта отырып, сауалнама жүргізеді;

2) құзыретті органдардан;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан;

мемлекеттік статистикалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан;

субъектілерден және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінен қажетті ақпаратты сұратады.

387. Табиғи монополия субъектісі көрсеткен реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бағалау кезінде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісінің есебін алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде:

1) есепті кезеңде табиғи монополия субъектісі қол жеткізген әрбір көрсеткіштің нақты мәнінің нысаналы мәннен есепті кезеңге жол берілетін ауытқуға (бұдан әрі – реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің есепті кезеңге жол берілетін мәні) түзетілген осы көрсеткіштің нысаналы мәніне сәйкестігі коэффициентін есептеуді;

2) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау коэффициентін есептеуді;

3) табиғи монополия субъектісі көрсететін реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бағалауды жүзеге асырады.

Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есебінде ұсынылған ақпараттың анықтығына осы Қағидалардың 386-тармағына сәйкес тексеру жүргізген жағдайда табиғи монополия

субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтауына мониторинг жүргізу мерзімі ақпаратты алған күнге дейін, бірақ күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады.

388. Егер көрсеткіш мәнінің азаюы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жақсаруын сипаттаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы есепті кезеңде табиғи монополия субъектісі қол жеткізген көрсеткіштің нақты мәнінің есепті кезеңге жол берілетін осы көрсеткіштің мәніне сәйкестігі коэффициентін мынадай формула бойынша есептейді:

$$K_i = \frac{P_{\Phi i}}{P_{\Psi i} \cdot (1 + \Delta t_i)}$$

мұндағы:

K_i – есепті кезеңде табиғи монополия субъектісі қол жеткізген i көрсеткіштің нақты мәнінің есепті кезеңде осы i көрсеткіштің мәніне сәйкестік коэффициенті;

$P_{\Phi i}$ – есепті кезеңде табиғи монополия субъектісі қол жеткізген i көрсеткішінің нақты мәні;

$P_{\Psi i}$ – i көрсеткішінің нысаналы мәні;

Δt_i

– есепті кезеңге i көрсеткішінің нысаналы мәнінен нақты көрсеткіштің жол берілетін ауытқуы.

389. Егер реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіші мәнінің ұлғаюы осы көрсеткіштердің жақсаруын сипаттаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы есепті кезеңде табиғи монополия субъектісі қол жеткізген көрсеткіштің нақты мәнінің осы көрсеткіштің есепті кезеңге жол берілетін мәніне сәйкестігі коэффициентін мынадай формула бойынша есептейді:

$$K_i = \frac{P_{\Psi i} \cdot (1 - \Delta t_i)}{P_{\Phi i}}$$

мұндағы:

K_i – табиғи монополия субъектісі есепті кезеңде қол жеткізген i көрсеткішінің нақты мәнінің осы i көрсеткіштің есепті кезеңге жол берілетін мәніне сәйкестігі коэффициенті (бұдан әрі – K_i сәйкестік коэффициенті);

$P_{\Phi i}$ – есепті кезеңде табиғи монополия субъектісі қол жеткізген i көрсеткішінің нақты мәні;

$P_{\Psi i}$ – i көрсеткіштің нысаналы мәні;

Δt_i

– есепті кезеңге i көрсеткішінің нысаналы мәнінен нақты көрсеткіштің жол берілетін ауытқуы.

390. Есепті кезеңде табиғи монополия субъектісі қол жеткізген, осы көрсеткіштің есепті кезеңде жол берілетін мәніне ($K_i > 1$) сәйкес келмейтін әрбір көрсеткіш, нақты мән үшін уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы ұсынылған табиғи монополия субъектісінің түсіндірме жазбасында (бар болған жағдайда) себептерін ескере отырып, K_i сәйкестік коэффициентін түзетуді жүзеге асырады. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы K_i коэффициентін мынадай өлшемшарттарға сәйкес түзетуді жүзеге асырады:

егер осы реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіші үшін табиғи монополия субъектісі сәйкессіздік себептері ретінде табиғи монополия субъектісіне тәуелді емес факторларды келтірген жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы $K_i = 1$ сәйкестік коэффициентін қабылдайды;

барлық қалған жағдайларда K_i коэффициенті түзетілмейді.

391. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы ынталандырушы әдістер шеңберінде табиғи монополия субъектісінің тарифінде ескерілетін реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау коэффициентін мынадай формула бойынша есептейді:

$$B = 1 - \frac{\sum_1^I K_i}{I};$$

мұндағы:

B – табиғи монополия субъектісі көрсететін реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифте ескерілетін табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтауының коэффициенті;

I – көрсеткіштер саны.

392. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісі көрсететін реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін мынадай өлшемшарттарға сәйкес бағалауды жүзеге асырады :

егер $B > 1$ болса, табиғи монополия субъектісі қызметтің жоғары сапасына қол жеткізгені;

егер $B < 1$ болса, табиғи монополия субъектісі қызметтің төмен сапасына қол жеткізгені;

егер $B = 1$ болса, табиғи монополия субъектісі қызметтің орташа сапасына қол жеткізгені.

393. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтауына мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша талдамалық есептің жобасын мынадай құрылым бойынша жасайды:

кіріспе – табиғи монополия субъектісінің атауы және реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері, есепті кезең және пайдаланылған ақпарат пен құжаттар тізбесі көрсетіледі;

әрбір көрсеткіш үшін сәйкестік коэффициентін есептеу – табиғи монополия субъектісі есепті кезеңде қол жеткізген, мәндері осы көрсеткіштердің есепті кезеңде жол берілетін мәніне сәйкес келетін не сәйкес келмейтін нақты көрсеткіштер айқындалады;

көрсеткіштердің сәйкестік коэффициенттерін түзету (бар болса) – олар үшін уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы негіздемелерін және табиғи монополия субъектісі ұсынған сәйкессіздік себептерін қоса бере отырып, сәйкестік коэффициентін түзетуді жүзеге асырған көрсеткіштер айқындалады;

табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтауы коэффициентін есептеу – табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтауы коэффициентінің мәні айқындалады;

табиғи монополия субъектісі көрсететін реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бағалау бойынша қорытындылар.

394. Талдамалық есептің жобасын табиғи монополия субъектісінің есебін алған күннен бастап күнтізбелік қырық күн ішінде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтауы мониторингі процесінде пайдаланылған құжаттарды қоса бере отырып, құзыретті органның қарауына жібереді. Осы Қағидалардың 386-тармағында көзделген табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтауына мониторинг жүргізу мерзімі тоқтатыла тұрған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісінің есебін алған күннен бастап күнтізбелік жетпіс күннен кешіктірмей талдау есебінің жобасын барлық құжаттарды қоса бере отырып, құзыретті органның қарауына жолдайды.

Талдамалық есеп жобасын қарау қорытындысы бойынша құзыретті орган талдамалық есептің жобасы шығарылған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде бар юолған кезде ұсынымдарды әзірлейді, олар уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық органның басшылығына жіберіледі.

395. Табиғи монополия субъектісінің есебін алған күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде құзыретті органның ескертулері мен ұсынымдарын ескере отырып, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі

көрсеткіштерін сақтауы туралы талдамалық есеп уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

396. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтауы туралы талдамалық есепті бекіткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны өзінің ресми интернет-ресурсында орналастырады.

4-параграф. Тарифтері тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып бекітілетін табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесіне енгізілген табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бекіту ерекшеліктері

397. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері жобасының негізділігін және растаушы құжаттардың анықтығын тексеру мақсатында уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері жобасының нысаналы мәндерін есептеу негізділігін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 4-нысанда келтірілген формулалар бойынша тексереді және негізсіз есептеулер немесе ұсынылған құжаттардың анық еместігі анықталған жағдайда реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндерін:

тариф қолданысының бірінші жылына – нақты бастапқы деректердің анықтығын тексеру нәтижелерінің негізінде;

тарифтің кейінгі қолданылу жылдарына – инвестициялық бағдарламаның жобасында немесе бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шаралар негізінде түзетеді.

398. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын қарау нәтижелерін уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы жол берілетін ауытқуларды (болған жағдайда) ескере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің түпкілікті жобасына қорытынды түрінде ресімдейді.

Қорытынды реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері жобасының нысаналы мәндерін өзгерту мен нақтылаудың негіздемесін қамтиды.

Ескерту. 398-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

399. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің жобасын талдау

нәтижелері туралы қорытынды негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бекіту туралы немесе оларды бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бекітуден бас тарту үшін инвестициялық бағдарламаны және (немесе) тарифті бекітуден бас тарту негіз болады.

Уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық органының шешімі бұйрықпен ресімделеді.

400. Табиғи монополия субъектісі жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 6-нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепті ұсынады.

Есепке табиғи монополия субъектісі осы Қағидалардың 403 және 404-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзге мемлекеттік органның не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының есеппен келісу туралы хатының көшірмесін қоса бере отырып, көрсеткіштер бөлінісінде есепті кезеңдегі көрсеткіштердің нақты мәндерінің олардың нысаналы мәндеріне сәйкес келмеу себептері (болған жағдайда) туралы түсіндірме жазбаны қоса береді.

401. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтауы туралы есепті қалыптастыруы мынадай кезеңдерден тұрады:

1) осы Қағидалардың 402, 403 және 404-тармақтарына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы жылдық есепті қалыптастыру және оны өзге мемлекеттік не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен келісу;

2) осы Қағидалардың 400-тармағына сәйкес есепті уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына енгізу.

402. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау салаларында табиғи монополия субъектісі (жылу электр орталықтарындағы технологиялық бұзушылықтар саны бойынша көрсеткішті қоспағанда) есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей, есепті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы табиғи монополия субъектісі ұсынған реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы туралы есепті олар ұсынылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде қарайды. Егер реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепті қарау кезінде

қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы оны табиғи монополия субъектісінен жазбаша түрде сұратады, бұл ретте есепті қарау мерзімі сұратылған ақпаратты ұсыну мерзіміне тоқтатыла тұрады.

403. Жылу энергиясын өндіру саласында табиғи монополия субъектісі ай сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 7 қаңтарынан кешіктірілмейтін мерзімде мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау органына Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 121 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10558 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 121 бұйрығы) сәйкес есепті жылдың қорытындысы бойынша технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептілікті жолдайды.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 121 бұйрығына сәйкес алынған жылу электр орталықтарындағы технологиялық бұзушылықтардың нақты саны туралы ақпаратты ұсынады.

404. Электр энергиясын беру саласында жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей табиғи монополия субъектісі мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға "Электрмен жабдықтау сенімділігі көрсеткіштерінің нормативтік мәндерін, сондай-ақ оларды айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 20 мамырдағы № 214 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13755 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы мамырдағы № 214 бұйрығы) сәйкес есепті жылдың қорытындылары бойынша есептілікті ұсынады.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган есепті кезеңнен кейінгі 1 наурыздан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 20 мамырдағы № 214 бұйрығына сәйкес алынған электрмен жабдықтаудың сенімділігі көрсеткіштері бойынша ақпаратты, сондай-ақ тұтынушылардың қызметтердің сапасыз көрсетілуіне шағымдары және тұтынушылардың мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органға келіп түскен және ішкі немесе сот талқылауының немесе мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау

жөніндегі органның тексеруінің нәтижелері бойынша расталған қызметтерге қосудан немесе техникалық шарттарды беруден бас тартуға шағымдары бойынша табиғи монополиялар субъектілері бөлінісіндегі ақпаратты ұсынады.

405. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепті оны табиғи монополия субъектісі ұсынған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде қарайды.

406. Есептің негізділігін және реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепте ұсынылған ақпараттың анықтығын тексеру мақсатында, уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы осы Қағидалардың 403 және 404-тармақтарына сәйкес алынған ақпаратты пайдаланады және (немесе) қажетті ақпаратты мыналардан

кұзыретті органдардан;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан;

мемлекеттік статистикалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органнан сұратады.

Бұл ретте реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепті талдау мерзімі сұратылған ақпаратты алған кезге дейін табиғи монополия субъектісіне бұл туралы хабарлай отырып, бірақ күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады.

407. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепте ұсынылған нақты көрсеткіштердің сәйкестік коэффициенттерін есептеу осы Қағидалардың 408 және 409-тармақтарына сәйкес формулалар бойынша жүзеге асырылады.

408. Егер көрсеткіш мәнінің азаюы реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігін жақсартуды сипаттаған жағдайда сәйкестік коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_i = \frac{P_{\phi i}}{P_{\psi i}};$$

мұндағы:

K_i – i көрсеткішінің сәйкестік коэффициенті;

$P_{\phi i}$

– есепті кезеңде табиғи монополия субъектісі қол жеткізген i көрсеткішінің нақты мәні;

$P_{\psi i}$

– бекітілген i көрсеткіштің нысаналы мәні.

409. Егер көрсеткіш мәнінің ұлғаюы реттеліп көрсетілетін қызмет сапасының жақсаруын сипаттаған жағдайда сәйкестік коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_i = \frac{P_{\text{ц}i}}{P_{\text{ф}i}}$$

мұндағы:

K_i – i көрсеткішінің сәйкестік коэффициенті;

$P_{\text{ф}i}$

– есепті кезеңде табиғи монополия субъектісі қол жеткізген i көрсеткішінің нақты мәні;

$P_{\text{ц}i}$

– бекітілген i көрсеткіштің нысаналы мәні.

410. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің әрбір көрсеткіші үшін нақты мәні, осы көрсеткіштің бекітілген мәніне сәйкес келмейтін жағдайда табиғи монополия субъектісінің түсіндірме жазбасында (болған жағдайда) ұсынылған себептерін ескере отырып, уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы K_i сәйкестік коэффициентін түзетуді жүзеге асырады. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы K_i коэффициентін мынадай өлшемшарттарға сәйкес түзетуді жүзеге асырады:

егер осы көрсеткіш үшін табиғи монополия субъектісі себептер ретінде табиғи монополия субъектісіне байланысты емес факторларды келтірген жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы $K_i = 1$ сәйкестік коэффициентін қабылдайды;

барлық қалған жағдайларда K_i сәйкестік коэффициенті түзетілмейді.

411. Егер реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің нақты көрсеткіштері бекітілген көрсеткіштерден 5 процентке артық шамаға ерекшеленсе немесе табиғи монополия субъектісі осы Қағидалардың 400-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаған жағдайда реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің бекітілген көрсеткішін сақтау коэффициенті 0-ге тең мәнде қолданылады.

412. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің бекітілген сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтаудың қорытынды коэффициенті бекітілген көрсеткіштерді сақтау коэффициенттерінің орташа өлшенген мәні ретінде мынадай формулаға сәйкес айқындалады:

$$B=1-\sum_i K_i xw_i;$$

мұндағы:

B – бекітілген көрсеткіштерді сақтаудың қорытынды коэффициенті;

K_i – көрсеткіштің сәйкестік коэффициенті;

w_i – көрсеткіштің үлес салмағы.

413. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін бағалау мынадай өлшемшарттарға сәйкес жүзеге асырылады:

егер $B < 1$, субъект реттеліп көрсетілетін қызметтің төмен сапасы мен сенімділігіне қол жеткізген, бұл инвестицияланған капиталға табиғи монополия субъектісінің кірісіне айыппұл салу үшін негіз болып табылады;

егер $B >$ немесе $= 1$, субъект реттеліп көрсетілетін қызметтің тиісінше жоғары немесе орташа сапасына және сенімділігіне қол жеткізген, инвестицияланған капиталға табиғи монополия субъектісінің кірісіне айыппұл беру үшін негіздер жоқ.

414. Есепті талдау нәтижелерін уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы қорытынды түрінде ресімдейді.

Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы қорытынды негізінде Заңның 22-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес шешім қабылдайды.

Инвестицияланған капиталға табиғи монополия субъектісінің кірісіне салынатын айыппұлдарды есептеу тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін ескере отырып тарифті есептеу тетігіне сәйкес Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 414-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Тарифтері реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасының, сенімділігі мен тиімділігінің өлшемшарттарын ескере отырып, 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін бекітілген табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепті қарау ерекшеліктері

415. Жыл сайын тариф қолданылуының соңғы он екі айынан кейінгі екі айдан кешіктірмей табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 19-нысан бойынша белгілеген жалпы және арнайы өлшемшарттар тізбелерінің негізінде бес және одан да көп жыл мерзімге тарифті бекіту кезінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің белгіленген сапа, сенімділік және тиімділік өлшемшарттарының орындалуын растайтын материалдарды уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына ұсынады.

416. Есепке табиғи монополия субъектісі есепті кезеңдегі өлшемшарттардың нақты мәндерінің олардың нысаналы мәндеріне сәйкес келмеу себептері (болған жағдайда) туралы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа, сенімділік және тиімділік өлшемшарттары бөлінісінде түсіндірме жазбаны және олардың орындалуын растайтын материалдарды:

1) көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттанған тұтынушылар туралы мәліметтерді;

2) ұзақтығы үш күннен асатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді ұсынбау (ажырату) фактілерінің болмауы туралы мәліметтерді;

3) негізгі құралдардың тозуының 2 және одан да көп процентке төмендеуі немесе бұрынғы деңгейінде сақталуы туралы мәліметтерді; реттеліп көрсетілетін қызметтерді өндіруге арналған энергетикалық ресурстар шығысының үлестік шамасының төмендеуі туралы мәліметтерді; нормативтік техникалық шығындарды уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы бекіткен деңгейге төмендету туралы мәліметтерді; энергия тиімділігін арттыру туралы мәліметтерді (әкімшілік және өндірістік ғимараттардың энергиятиімділігі класын арттыру); көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін тұтынушылардан төлемдердің жиналу деңгейін арттыру туралы мәліметтерді қоса береді.

417. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарынан, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты өз құзыреті шегінде сұратады және алады.

418. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы табиғи монополия субъектісі ұсынған реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы есепті және материалдарды күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде қарайды.

419. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы, сенімділігі мен тиімділігі көрсеткіштерін сақтау коэффициенті осы Қағидалардың 408, 409, 410, 411, 412 және 413-тармақтарына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасының, сенімділігінің және тиімділігінің жалпы және арнайы өлшемшарттары негізінде айқындалады.

420. Табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасының, сенімділігінің және тиімділігінің белгіленген өлшемшарттарының орындалуын растайтын материалдарды ұсынбаған жағдайда реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы, сенімділігі мен тиімділігі коэффициенті нөлдік мәнде қолданылады.

421. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепті талдау нәтижелерін уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы қорытынды түрінде ресімдейді.

Ескерту. 421-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

422. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы есепті қарау қорытындылары бойынша уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы, сенімділігі мен тиімділігі өлшемшарттарын сақтау коэффициентін қолдану арқылы Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес тарифті есептеу тетігіне сәйкес 30 проценттен аспайтын пайда бөлігіне тарифті өзгерту туралы шешім қабылдайды.

14-тарау. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына қоғамдық мониторинг және (немесе) техникалық сараптама жүргізу, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

423. Осы тарау Уәкілетті адамдардың бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуына және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізілуіне қоғамдық мониторинг және (немесе) техникалық сараптама жүргізу:

бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуына және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізілуіне қоғамдық мониторинг жүргізу, (бұдан әрі - қоғамдық мониторинг);

бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі техникалық сараптама (бұдан әрі - техникалық сараптама) жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 423-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Ұлттық экономика министрінің 29.11.2024 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

424. Уәкілетті адамдардың қоғамдық мониторинг және (немесе) техникалық сараптама жүргізуінің негізгі қағидааттары:

- 1) уәкілетті адамдардың тәуелсіздігі;

2) зерттеулердің толықтығы, жан-жақтылығы, объективтілігі, оларды жүргізу нәтижелерінің ғылыми негізділігі;

3) уәкілетті адамдардың құзыреттілігі мен кәсібилігі болып табылады.

Ескерту. 424-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Ұлттық экономика министрінің 29.11.2024 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Қоғамдық мониторинг жүргізу тәртібі

425. Қоғамдық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу үшін уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы құрамына қоғамдық ұйымдардың және өзге де мүдделі тұлғалардың өкілдері кіретін жұмыс тобын қалыптастырады.

426. Жұмыс тобы қоғамдық мониторинг жүргізудің жылдық кестесін жасайды, онда оны өткізу уақыты мен орны, сондай-ақ қоғамдық мониторингке жататын табиғи монополиялар субъектілерінің тізімі айқындалады.

427. Қоғамдық мониторинг жүргізу кестесін уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы интернет-ресурста орналастырады және тізімге сәйкес табиғи монополиялар субъектілеріне жібереді.

428. Қоғамдық мониторинг жүргізгенге дейін он жұмыс күні бұрын жұмыс тобы мәслихаттардың және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, тұтынушылар (кемінде бес адам) қатарынан уәкілетті адамдардың тізімін қалыптастырады және оны қоғамдық мониторинг жүргізу кестесін қоса бере отырып, табиғи монополия субъектісіне жібереді.

429. Уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық органының өкілдері уәкілетті адамдарды алып жүреді және осы Қағидалардың 433-тармағына сәйкес қоғамдық мониторинг актісін ресімдеуді қамтамасыз етеді.

430. Қоғамдық мониторинг жүргізу үшін табиғи монополия субъектісі өткізу режимінің талаптарын сақтай отырып, бекітілген инвестициялық бағдарлама объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат береді.

431. Уәкілетті адамдар бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалу барысын, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуын және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштерінің қол жеткізілуін бақылауды жүзеге асырады.

432. Уәкілетті адамдар:

1) бекітілген инвестициялық бағдарлама объектілерін көзбен шолып қарау және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпаратқа талдау;

2) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпаратқа, оның ішінде растайтын құжаттарға талдау жүргізеді.

433. Қоғамдық мониторинг бойынша актінің мазмұны:

1) кіріспе бөлімді (іс-шаралар тізбесі, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі, бөлінген бюджеттік және өзге де қаржы қаражаты туралы ақпарат);

2) бекітілген инвестициялық бағдарламаға енгізілген өзгерістерді және қоғамдық мониторингтің нақты белгіленген нәтижелерін ескере отырып, ұсынылған ақпаратты салыстырмалы талдауды;

3) синтездеуші бөлікті (инвестициялық бағдарламаны іске асыру барысына әсер еткен факторларды белгілеу, бюджеттік және өзге де қаржы қаражатын игермеу, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтамау, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу);

4) қарар бөлігін (нақты жай-күйі мен ұсынымдар) қамтиды.

434. Қоғамдық мониторинг актісі табиғи монополия субъектісі міндетті түрде таныстырылып, ол аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына жіберіледі.

435. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы үш жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында жүргізілген қоғамдық мониторингі нәтижелері туралы фото- және бейнематериалдармен (болған жағдайда) баспасөз релизін орналастырады.

3-параграф. Техникалық сараптама жүргізу тәртібі

436. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуына және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізуге техникалық сараптаманы табиғи монополия субъектісімен шарт негізінде уәкілетті адам (сарапшы, сараптама ұйымдары) жүзеге асырады.

437. Уәкілетті адамдардың (сарапшылардың, сараптама ұйымдарының) тізімін уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы қалыптастырады.

438. Техникалық сараптама жүргізу үшін табиғи монополия субъектісі өткізу режимінің талаптарын сақтай отырып, бекітілген инвестициялық бағдарлама объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат береді.

439. Уәкілетті адамдар (сарапшылар, сараптама ұйымдары) бекітілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларының нақты орындалуын, реттеліп көрсетілетін

қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуын, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді белгілейді.

440. Уәкілетті адамдарға (сарапшыларға, сарапшы ұйымдарға):

- 1) негізсіз сараптамалық қорытынды беруге;
- 2) мүдделер қақтығысы және объективті техникалық сараптама жүргізуге кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар туындаған жағдайда техникалық сараптама жүргізуге қатысуға жол берілмейді.

441. Уәкілетті адамдар (сарапшылар, сараптама ұйымдары):

- 1) ұсынылған құжаттардың сақталуын және алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді;
- 2) инвестициялық бағдарлама объектілерін тікелей тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ ол бойынша құжаттаманы өз құқығын қайта сенім білдірмей зерделейді.

442. Уәкілетті адамдар (сарапшылар, сараптама ұйымдары), егер:

- 1) инвестициялық бағдарлама объектісіне қатысты заттық немесе міндеттемелік құқықтары болса не сатып алса;
- 2) инвестициялық бағдарлама объектісіне мүліктік қызығушылығы болса;
- 3) табиғи монополия субъектісінің үлестес тұлғасы болып табылса;
- 4) табиғи монополия субъектісінің акционері, құрылтайшысы, жұмыскері, меншік иесі, қатысушысы, кредиторы, дебиторы, жақын туысы немесе жекжаты болып табылса ;

5) бұл жасалған жария шарттардан туындайтын міндеттемелерді қоспағанда, мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғатын немесе мұндай қақтығыстың туындау қаупін туғызатын болса техникалық сараптаманы жүргізе алмайды.

442-1. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына техникалық сараптама жүргізу, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін уәкілетті тұлғалар (сарапшылар, сараптама ұйымдары) ретінде мынадай өлшем шарттар мен талаптарға сәйкес келетін тұлғалар тартылады:

1) жылу энергетикасы салаларында немесе энергетика экономикасы, энергетика, сумен жабдықтау және су бұру, мұнай және газ, теміржол көлігі салаларында бакалавриат, магистратура бағдарламалары бойынша жоғары білімінің, сондай-ақ жылу энергетикасы, энергетика, сумен жабдықтау және су бұру, мұнай және газ, теміржол көлігі салаларында жұмысты жүзеге асыратын ұйымдарда кемінде 3 (үш) жыл еңбек өтілінің болуы;

2) штатта: жылу энергетикасы, энергетика, сумен жабдықтау және су бұру, мұнай және газ, теміржол көлігі дипломы, электр энергетикасы бойынша дипломы, мамандығы бойынша 3 (үш) жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар маманның, жылу

энергетикасы, электр энергетикасы, сумен жабдықтау және су бұру, мұнай және газ, теміржол көлігі саласындағы инженердің болуы;

3) жылу энергетикасы, электр энергетикасы, сумен жабдықтау және су бұру, мұнай және газ, теміржол көлігі кәсіпорындары үшін инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу бойынша кемінде 3 (үш) жыл жұмыс өтілінің болуы;

4) шарт негізінде қызмет көрсететін, жылу энергетикасы, электр энергетикасы, сумен жабдықтау және су бұру, мұнай және газ, теміржол көлігі саласындағы кәсіпорындар үшін қызмет көрсетуде кемінде 3 (үш) жыл тәжірибесі бар сертификатталған аудитордың болуы.

Ескерту. Қағидалар 442-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

443. Техникалық сараптама негізгі құралдардың техникалық жай-күйін талдауды және техникалық сипаттамаларын бағалауды, оның ішінде сараптама жүргізу күніне жабдықтың тозу дәрежесін, Қазақстан Республикасының осы саладағы заңнамасына сәйкес қабылданған сыныптау топтары бойынша оны пайдалану мерзімдерін, жабдықтың жобалық және технологиялық қуатын бағалауды қамтиды.

Техникалық сараптама барысында:

негізгі құралдардың іске қосылу деңгейі бағаланады, сондай-ақ тиісті көрсеткіштердің деңгейі (жабдықтың белгіленген жиынтық қуаты, қуат коэффициенті, табиғи тозу коэффициенті, жүктеме кестесін толтыру коэффициенті және (немесе) саланың ерекшелігін ескере отырып, басқа да көрсеткіштер), пайда мөлшерлемесін есептеуде қабылданған табиғи монополия субъектісі активтерінің іске қосылу коэффициенттерінің негізділігі бағаланады;

еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік-техникалық құжаттамасында белгіленген жағдайларда еңбек қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі тұрғысынан еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау жөніндегі нормативтік талаптардың сақталуына талдау жүргізіледі;

қолданысқа енгізілген активтерді реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша бөлудің сәйкестігіне баға беріледі;

еңбек қызметі процесінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, санитариялық-гигиеналық, биологиялық және өзге де нормаларды, қағидаларды, рәсімдер мен өлшемшарттарды қамтамасыз ету тұрғысынан өндіріс жағдайларын, өндірістік және еңбек процесін сипаттайтын сапалық және сандық көрсеткіштерге баға беріледі.

444. Техникалық сараптама қорытындысының мазмұны:

1) кіріспе бөлік (іс-шаралар, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштерінің тізбесі, бөлінген бюджеттік және өзге де қаржы қаражаты туралы ақпарат;

2) бекітілген инвестициялық бағдарламаға енгізілген өзгерістерді және техникалық сараптаманың нақты белгіленген нәтижелерін ескере отырып, ұсынылған ақпаратты салыстырмалы талдау;

3) синтездеуші бөлік (реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша негізгі құралдарға олардың нақты жай-күйі мен құзыретті орган бекіткен нұсқаулықтар мен нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын ескере отырып, техникалық қызмет көрсету және жөндеу көлемінің негізділігі, табиғи монополия субъектісі белгілеген жөндеудің барлық түрлерінің кезеңділігінің нұсқаулықтардың, қағидалар мен нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі, еңбек шығыны мен персоналдың санын бағалау, еңбек қауіпсіздігі және қорғау жөніндегі нормативтік талаптардың сақталуын айқындау);

4) қарар бөлігі (ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер жүргізу қажеттігі туралы (негізгі құралдардың құнын ұлғайтатын және ұлғайтпайтын), Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша негізгі құралдарды ауыстыру, реконструкциялау және жаңғырту, негізгі құралдарды пайдалануды, негізгі құралдарды пайдалануға байланысты пайдалану және басқа да шығындарды, шикізат пен материалдар шығысын оңтайландыру жөніндегі тұжырымдар мен ұсынымдар).

Ескерту. 444-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

445. Техникалық сараптаманың қорытындысы табиғи монополия субъектісіне ол аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

446. Табиғи монополия субъектісі техникалық сараптаманың қорытындысын Заңның 26-бабы 2-тармағының 17) тармақшасына сәйкес уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшесіне ұсынылатын есептерге қоса береді.

15-тарау. Халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тарту үшін табиғи монополиялар субъектілерінің кредиттік келісімдерін уәкілетті органның келісу тәртібі

Ескерту. Қағидалар 15-тараумен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

447. Осы тарау Заңның 15-бабы 23-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленген және табиғи монополиялар субъектілерінің халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тартуға арналған кредиттік келісімдерін уәкілетті органның келісу тәртібін айқындайды.

448. Халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін қарыздар тарту үшін табиғи монополиялар субъектілерінің кредиттік келісімдері уәкілетті органмен келісуге жатады.

449. Халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тарту үшін табиғи монополиялар субъектілерінің кредиттік келісімдерін уәкілетті орган келісуінің негізгі қағидаттары мыналар:

1) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифіне енгізілетін шығындардың ашықтығы;

2) табиғи монополиялар субъектілері мен халықаралық қаржы ұйымдары, мамандандырылған салалық банктер, Қазақстанның Даму Банкі және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері арасында туындайтын қатынастардың шартпен ресімделуі болып табылады.

2-параграф. Халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тарту үшін табиғи монополиялар субъектілерінің кредиттік келісімдерін уәкілетті органның келісу тәртібі

450. Табиғи монополия субъектісі кредиттік келісім жасалғанға дейін уәкілетті органға жазбаша өтініш, сондай-ақ келісімнің мыналарды:

жобаның мақсаттары мен міндеттерін;

тартылған қарыздың сипаттамасын және оны іске асыру схемасын;

жобаны іске асырудың кезеңдері мен мерзімдерін;

қарыз тарту көздерінің сипаттамасын;

тартылған қарыздың қажеттілігі есеп-қисаптарын;

жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелерді;

жобаның өтелу мерзімдері есеп-қисаптарын және қарызды өтеу тетіктерін;

жобаны іске асыру нәтижелерінің тиімділігін бағалауға арналған индикаторларды;

жобаның тәуекелдері мен қауіптері типтерінің, сондай-ақ оларды азайту шараларының сипаттамасын;

жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін қамтуға тиіс жобасын жібереді.

451. Айналым қаражатын толықтыруға қарыз тарту мақсатында жасалатын кредиттік келісімдер келісуге жатпайды.

452. Өтінішке табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметасының жобасымен қоса, оны іске асыру кезеңінде тарифтеріне кредиттік келісім жасасу әсерінің болжамы қоса беріледі.

453. Уәкілетті орган ұсынылған материалдарды 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды және табиғи монополия субъектісіне қараудың нәтижелері туралы хабарлайды.

Материалдар сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган міндетті түрде көрсетілген мерзім ішінде қарызды тартудан бас тарту себептерін көрсете отырып, дәлелді бас тарту жібереді (сыйақының жоғары мөлшерлемесі және банктің өзге де алымдары, қаржылық тәуекелдер, тартылған қарызды өтеу кезінде табиғи монополия субъектісінің төлем қабілеттілігі).

16-тарау. Табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын және мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардан табиғи монополия субъектісіне берілетін мүлікті беру шартын мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен, жергілікті атқарушы органмен келісу тәртібі

Ескерту. Қағидалар 16-тараумен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

454. Осы тарау Заңның 15-бабы 23-тармағының 16) тармақшасына сәйкес әзірленген және табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын және мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардан табиғи монополия субъектісіне берілетін мүлікті беру шартын мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен, жергілікті атқарушы органмен келісу тәртібін айқындайды.

455. Осы Тәртіп жаңадан құрылатын кәсіпорынға мүлікті беру кезінде туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылмайды.

2-параграф. Табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын және мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардан табиғи монополия субъектісіне берілетін мүлікті беру шартын мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен, жергілікті атқарушы органмен келісу тәртібі

456. Табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын және жергілікті атқарушы органдардан табиғи монополиялар субъектісіне берілетін мүлікті беру шарты Мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарына сәйкес жасалады.

457. Мүлікті беру және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру шартында мынадай:

- 1) жасалған орны мен күні;
- 2) тараптардың атауы;
- 3) шарттың мәні;
- 4) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 5) тараптардың жауаптылығы;
- 6) форс-мажор;
- 7) туындайтын дауларды шешу;
- 8) шарттың қолданылу мерзімі;
- 9) шарт талаптарының орындалуын бақылау;
- 10) шарттың қолданылуын тоқтатуға арналған талаптар;
- 11) өзге де талаптар;
- 12) тараптардың мекенжайлары мен деректемелері ережелері көзделуге тиіс.

458. Шарт үш данада жасалады, оның екеуі келісілгеннен кейін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға, жергілікті атқарушы органға беріледі.

459. Шартқа берілетін мүліктің тізбесі олардың баланстық құнына қоса беріледі.

17-тарау. Жергілікті атқарушы органмен табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарын келісу тәртібі

Ескерту. Қағидалар 17-тараумен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

460. Осы тарау Заңның 15-бабы 23-тармағының 17) тармақшасына сәйкес әзірленген және табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарын жергілікті атқарушы органмен келісу тәртібін айқындайды.

461. Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін жергілікті атқарушы орган ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын

мүлікті баланса және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру Мүлікті беру жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Беру жоспарына бұрын берілген объектілерді қосуға тыйым салынады.

2-параграф. Табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті баланса және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарын жергілікті атқарушы органмен келісу тәртібі

462. Табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті беру жоспарында мыналар:

- 1) берілетін мүліктің атауы;
- 2) құрылыстың, реконструкцияның аяқталу мерзімін көрсете отырып, берілетін мүліктің қысқаша сипаттамасы;
- 3) берілетін мүліктің орналасқан жері;
- 4) мүліктің сандық және сапалық көрсеткіштері (ұзақтығы, саны),
- 5) мүліктің мақсаты;
- 6) берілетін мүліктің құны әрбір объект бойынша жеке, бірыңғай кешен кезінде жалпы құны көрсетіледі;
- 7) мүлік баланса (немесе) сенімгерлік басқаруға берілетін табиғи монополия субъектісінің атауы қамтылады;
- 8) берілетін мүлікке құқық белгілейтін құжаттар (техникалық паспорт, меншік құқығы туралы анықтама) және сәйкестендіру құжаты (жер учаскесіне арналған акт, жер учаскесіне арналған құжаттар).

Жоспарға мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның мүлікті беру туралы тиісті шешімімен қоса, мүлікті баланса (немесе) сенімгерлік басқаруға берудің орындылығы негіздемесі қоса беріледі.

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін жүзеге
асыру қағидаларына
I-қосымша
I-нысан

Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімі _____

(Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімі бөлімінің атауы, өңірдің атауы*)

р/с №	Табиғи монополия субъектісінің атауы	Табиғи монополия саласы	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі	Табиғи монополия субъектісінің тіркелген	Табиғи монополия субъектісінің қызмет көрсету орны	Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізілген	Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару
-------	--------------------------------------	-------------------------	---	--	--	--	---

1	2	3	4	орны (заңды мекенжайы)	6	нөмірі мен күні	нөмірі және күні
1	2	3	4	5	6	7	8

* өңірдің атауы – уәкілетті органның аумақтық органы көрсетіледі

2-нысан

_____ (уәкілетті органның атауы)

_____ (дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы)

_____ (бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

_____ (заңды мекенжайы, байланыс телефондары)

Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге қосу туралы өтініш

Ескерту. 2-нысан жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.05.2022 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ (Мемлекеттік тіркелімнің республикалық немесе жергілікті бөлімінің атауы)

Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің _____

_____ (дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның атауы) кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия № _____

_____ (табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі) (электр энергиясын беру жөніндегі қызметті көрсеткен кезде электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның "Электр энергетикасы туралы"

Қазақстан Республикасының Заңының 13-1-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкестігі туралы, берілген күні № __ ақпарат көрсетіледі, табиғи монополия субъектісінің тіркелген

орны басқа облысқа, республикалық маңызы бар басқа қалаға немесе астанаға өзгерген жағдайда – заңды мекенжайдың өзгеруі көрсетіледі)

(заңды мекенжайы)

(табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету аумағы) реттеліп көрсетілетін қызметтерді өндіруге іске қосылған активтер (теңгерімде немесе жалға

алуда немесе сенімгерлік басқаруда бар) қосуыңызды сұраймын.

20 ____ жылғы " ____ " _____ (күні)

3-нысан

(уәкілетті органның атауы)

(дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе заңды тұлғаның атауы)

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

(заңды мекенжайы, байланыс телефондары)

Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімнен шығару туралы өтініш _____

_____ (мемлекеттік тіркелімнің республикалық немесе жергілікті бөлімінің атауы))

Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің

(табиғи монополия субъектісінің атауы)

(табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі)

(заңды мекенжайы)

(табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету аумағы)

Негізі: _____

Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

Қосымша: _____

20 ____ жылғы " ____ " _____

(күні)

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін жүзеге
асыру қағидаларына
1-1-қосымша

"Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу және шығару" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 1-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2020 № 53 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы: "Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу және шығару"

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

- 1) Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу және шығару;
- 2) Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік тіркелімнен шығару".

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті (бұдан әрі - Комитет), Комитеттің аумақтық органдары.
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал)
		Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді

3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу – 30 минут; Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару – 2 жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған) Барлық кіші түрлері бойынша.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу немесе шығару туралы куәлік не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін. 2) портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін

		<p>, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Еңбек кодексіне және Мерекелер туралы заңға сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі</p>	<p>Тіркедімге енгізу үшін: бірінші басшы қол қойған, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша Тіркедімге енгізу туралы өтініш.</p> <p>Бұл ретте электр энергиясын беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін көрсетілетін қызметті алушылар "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкестігі туралы электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган қорытындысының нөмірі мен берілген күнін көрсетеді.</p> <p>Тіркедімнен шығару үшін: көрсетілетін қызметті алушы өзінің табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыруды тоқтатқан күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде көрсетілетін қызметті берушіге бірінші басшы қол қойған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркедімінен шығару туралы өтінішті ұсынады.</p>
		<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс емес екенінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p>

9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>3) мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқықтардан айырылуы.</p>
10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www. economy. gov. kz интернет-ресурстарында " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің www. economy. gov. kz интернет-ресурсында " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.</p>

субъектілерінің қызметін жүзеге
асыру қағидаларына
2-қосымша
1-нысан

(уәкілетті органның толық
атауы)

(өтініш берушінің толық атауы)
мекенжайы: индексі, қаласы,
ауданы, облысы, көшесі, үйдің
№, телефоны)
Өтініш берушінің деректемелері

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі,
жеке сәйкестендіру нөмірі)

Уәкілетті органның келісімін алу туралы өтінішхат _____ (мәміле мәні)

1. Негіздеме:

Себептер	Мақсаттар	Міндеттер	Экономикалық орындылықты есептеу
----------	-----------	-----------	----------------------------------

(экономикалық орындылығын есептеуді көрсете отырып, мәмілені жасаудың себептері, мақсаттары мен міндеттері)

2. Мәміленің мәні болып табылатын мүлік туралы ақпарат

3. Мәмілені жасау көрсетілетін қызметті алушының реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтің артуына алып келмейтінін және оның қаржы-шаруашылық қызметінің нашарлауына алып келмейтінін растайтын мәліметтер

Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Мәмілені ескере отырып тарифтік сметаның жобасы	Ауытқу	
				Мың тенге	%

4. Мүлікті бағалау туралы мәліметтер

Мүлікті бағалауды жүргізген	Мүлікті бағалауға мемлекеттік лицензия туралы	Табиғи монополия субъектісінің мүлкін бағалау	Табиғи монополия субъектісі	Табиғи монополия субъектісі	Табиғи монополия субъектісі мүлкінің (объектісінің)	Мүлікті бағалауды жүргізген
-----------------------------	---	---	-----------------------------	-----------------------------	---	-----------------------------

бағалау ұйымының атауы	мәліметтер (нөмірі және берілген күні)	(туралы есепті жасау күні және нөмірі)	мүлкінің (объектісінің) атауы	(мүлкінің (объектісінің) қалдық құны)	нарықтық құны	бағалау ұйымының қорытындысы
------------------------	--	--	-------------------------------	---------------------------------------	---------------	------------------------------

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____

20__ жылғы " ____ " _____ (қолы).

2-нысан

(мемлекеттік органның толық атауы)

(өтініш берушінің толық атауы)
мекен жайы

(индекс, қала, аудан, облыс,
көше, үйдің №, телефон)
Өтініш берушінің деректемелері

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі,
жеке сәйкестендіру нөмірі)

**Уәкілетті органның келісімін алу туралы қолдаухат _____
_____ (көрсетілетін қызмет атауы)**

Табиғи монополия субъектісін қайта ұйымдастыру (тарату) қажеттігінің негіздемесі

Жаңадан пайда болатын әрбір заңды тұлғаның орналасқан жері туралы мәліметтер (қайта ұйымдастырылған жағдайда)

Табиғи монополия субъектісінің басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы мәліметтер

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін _____

20__ жылғы "___" _____ (қолы).

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін жүзеге
асыру қағидаларына
2-1-қосымша

"Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған, оған қатысты мәміле жасалатын мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 процентінен асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 2-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2020 № 53 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған, оған қатысты мәміле жасалатын мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 процентінен асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру"

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті (бұдан әрі - Комитет), Комитеттің аумақтық органдары.
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Портал арқылы жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
		Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған, оған қатысты мәміле жасалатын мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы

5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	бухгалтерлік баланса сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 процентінен асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру туралы хат не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін. 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Кодекске сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша уәкілетті органның келісуін алу туралы өтінішхат; 2) иеліктен шығарылатын объектілер бойынша бөліністе иеліктен шығарылатын мүліктің атауын, типін, түрін, түгендеу нөмірін, бастапқы, қалдық құнын көрсете отырып, табиғи монополия субъектісінің басшысы қол қойған, ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланстан

		растайтын үзінді көшірменің электрондық көшірмесі қоса беріледі.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) тарифті жоғарылату;</p> <p>2) тұтынушылармен шарттарды бұзу;</p> <p>3) тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасау;</p> <p>4) реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынудың тығыз байланысты технологиялық жүйесін бұзу немесе реттеліп көрсетілетін қызмет сапасын төмендету;</p> <p>5) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс емес екенінің анықталуы;</p> <p>6) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>7) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>8) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқықтардан айырылуы.</p>
		<p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www. economy. gov. kz интернет-ресурстарында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік</p>

10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің www.economy.gov.kz интернет-ресурсында " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.
----	--	--

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына 2-2-қосымша

"Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 2-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2020 № 53 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру"		
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:		
<ol style="list-style-type: none"> 1. Бірігу, қосылу, түрлендіру; 2. Бөлу, бөлініп шығу; 3. Тарату. 		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті (бұдан әрі – Комитет), Комитеттің аумақтық органдары

2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Портал арқылы жүгінген кезде – 5 (он) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған) Барлық кіші түрлері бойынша.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру туралы хат не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	Жұмыс кестесі: көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін. 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Кодекске сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша уәкілетті

8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>органның келісуін алу туралы өтінішхат;</p> <p>2) бірігу, қосылу, қайта құрылу кезінде – тапсыру актісінің электрондық көшірмесі;</p> <p>3) бөлу, бөлініп шығу кезінде – бөлу балансының электрондық көшірмесі;</p> <p>4) тарату кезінде – тарату балансының электрондық көшірмесі.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) тарифті жоғарылату;</p> <p>2) тұтынушылармен шарттарды бұзу;</p> <p>3) тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасау;</p> <p>4) реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынудың тығыз байланысты технологиялық жүйесін бұзу немесе реттеліп көрсетілетін қызмет сапасын төмендету;</p> <p>5) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс емес екенінің анықталуы;</p> <p>6) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>7) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>8) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқықтардан айырылуы.</p>
		Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары

10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>көрсетілетін қызметті берушінің www. economy. gov. kz интернет-ресурстарында " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің www. economy. gov. kz интернет-ресурсында "</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.</p>
----	--	---

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына 2-3-қосымша

"Кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметін ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға келісім беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. Қағидалар 2-3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.12.2022 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметін ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға келісім беру"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті (бұдан әрі – Комитет), Комитеттің аумақтық органдары

2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері (қол жеткізу арналары)	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Портал арқылы жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметін ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға келісім беру туралы хат не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодексі) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін. 2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Кодекске сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша уәкілетті органның келісімін алу туралы өтінішхат; 2) иеліктен шығарылатын объектілер бөлінісінде иеліктен

8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	шығарылатын мүліктің атауын, типін, түрін, түгендеу нөмірін, бастапқы, қалдық құнын көрсете отырып, табиғи монополия субъектісінің басшысы қол қойған , ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланстан үзінді көшірме-растаудың электрондық көшірмесі.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<ol style="list-style-type: none"> 1) тарифті жоғарылату; 2) тұтынушылармен шарттарды бұзу; 3) тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіру; 4) реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынудың үздіксіз байланысты технологиялық жүйесінің бұзылуы немесе реттеліп көрсетілетін қызмет сапасының төмендеуі; 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы; 6) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 7) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 8) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған болуы; 9) кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін ұсыну үшін пайдаланылатын мүлік

		<p>табиғи монополия субъектісінің меншігінде реттеліп көрсетілетін қызмет көрсетілген күннен бастап он сегіз айдан кем болуы;</p> <p>10) кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісі бекітілген уақытша өтемақы тарифіне сәйкес тұтынушыларға негізсіз алынған кірісті өтемеуі;</p> <p>11) осы Қағидалардың 39-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасының ұсынылмауы не ұсынылған құжаттарда анық емес ақпараттың (мәліметтердің) болуы .</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.economy.gov.kz интернет-ресурстарында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Көрсетілетін қызметті берушінің www.economy.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.</p>

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге

Тендер (конкурс) өткізу туралы хабарландыру

_____ тендер (конкурс) өткізетіні туралы хабарлайды

(табиғи монополия субъектісінің толық атауы))

Сатып алудың (тендердің, конкурстың) атауы

(Тізбеде көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауы):

—
Лоттардың атауы: _____.

Барлық шығыстарды ескере отырып, қосылған құн салығын, лот бойынша сатып алынатын

тауарды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде тасымалдауға және сақтандыруға,

кедендік баждарды, салықтарды, алымдарды және басқаларды төлеуге арналған және т. б. есепке алмағандағы бірлік үшін баға:

_____.
Лот бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген

қосылған құн салығын есепке алмағанда, барлық шығыстарды ескере отырып, оның ішінде

тасымалдау мен сақтандыруға, кедендік баждарды, салықтарды, алымдарды және басқаларды

төлеуге бөлінген теңгедегі жалпы сома: _____.

_____.
Төлем шарттары: _____.

Тендерлік (конкурстық) өтінімді қамтамасыз етуді енгізу үшін тәртібі, мөлшері, нысаны, мерзімі, банктік деректемелері:

_____.
Әлеуетті өнім берушілердің тендерлік (конкурстық) өтінімдері _____ сағат _____ минутқа дейінгі мерзімде

қабылданады. "___" _____ мекенжайы бойынша _____, № ___ кабинет.

Тендерлік (конкурстық) өтінімдер салынған конверттер _____ сағат _____ минут ашылады "___"

_____ мекенжайы бойынша _____, № ____ кабинет.

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес тендерлік (конкурстық) өтінімді, сатып алу туралы шартты жасау және ұсыну тіліне қойылатын талаптар:

_____ .
Табиғи монополия субъектісінің толық атауы, почталық және электрондық мекенжайлары:

_____ .
Тендерлік (конкурстық) комиссияның хатшысы

(Т. А. Ә., лауазымы, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы):

_____ .
Қосымша:

1. Техникалық ерекшелігі сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің);

2. Жоспарлар, сызбалар, эскиздер (бар болса));

3. Шарт жобасы.

Табиғи монополия субъектісінің басшысы _____

(Т. А. Ә.) (Қолы, күні)

2-нысан

Бекітемін:

Табиғи монополия субъектісінің
басшысы _____

_____ .
(Т. А. Ә.) (қолы)

Сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) техникалық ерекшелігі

Сатып алу (тендер) нөмірі:	
Сатып алудың (тендердің) атауы (Тізбеде көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауы):	
Лот нөмірі:	
Лот атауы:	
Лоттың сипаттамасы:	
Лоттың қосымша сипаттамасы:	
Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің саны (көлемі) :	
Өлшем бірлігі:	
Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету орны:	

Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету мерзімі:	
Сатып алынатын тауарлардың сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары:	

Тендерлік комиссияның төрағасы _____
 (Т. А. Ә.) (Қолы, күні)

3-нысан

Кімге _____

(табиғи монополия субъектісінің
атауы)

Кімнен

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

Конкурсқа (тендерге) қатысуға өтінім)

Конкурстың (тендердің) атауы мен нөмірі: _____.

Жеткізілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің атауы мен саны (көлемі): _____

_____.

Жеткізілетін тауарлардың сипаттамасы мен функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары: _____

_____.

Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету мерзімі мен орны: _____.

Тауарды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шығыстарды

қоса алғанда, қосылған құн салығын есепке алмағанда, тауардың, жұмыстың және қызметтің

бір бірлігі үшін теңгемен баға: _____.

Тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шығыстар енгізілген қосылған құн салығын есепке алмағандағы тауарлардың, жұмыстардың,

қызметтердің теңгемен жалпы бағасы: _____

_____.

Жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құнын егжей-тегжейлі ашатын сметалық есеп немесе құнның калькуляциясы:

—

Әлеуетті өнім беруші жүргізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды

орындау, қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға)

берілуі мүмкін жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шекті көлемі: _____

Осы өтініммен оның тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіремін.

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы (қолы, күні)

4-нысан

Баға ұсыныстарына сұраныс беру тәсілімен сатып алу туралы хабарландыру

(табиғи монополия субъектісінің толық атауы)

баға ұсыныстарына сұраныс беру тәсілімен сатып алу туралы хабарлайды.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың атауы және нөмірі

(Тізбеде көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауы)): _____.

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің саны (көлемі), өлшем бірлігі: _____ ескерту.

Сатып алынатын тауарлардың сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары: _____

Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету мерзімі мен орны: _____ ескерту.

Барлық шығыстарды ескере отырып, қосылған құн салығын, лот бойынша сатып алынатын тауарды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде тасымалдауға

және сақтандыруға, кедендік баждарды, салықтарды, алымдарды және басқаларды төлеуге арналған және т. б. есепке алмағандағы бірлік үшін баға:

Лот бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген қосылған құн салығын есепке алмағанда, барлық шығыстарды, оның ішінде

тасымалдауға және сақтандыруға, кедендік баждарды, салықтарды,
алымдарды және басқаларды төлеуге арналған шығыстарды ескере отырып,
теңгемен

жалпы сома: _____

Төлем шарттары: _____.

Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары ___ жылғы " __ " _____

_____ сағат _____ минутқа дейінгі мерзімде _____,

№ ___ кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Баға ұсыныстары салынған конверттер баға ұсыныстары ___ жылғы " __ " _____

— _____ сағат _____ минутқа дейінгі мерзімде _____,

№ ___ кабинет мекенжайы бойынша ашылады.

Табиғи монополия субъектісінің толық атауы, телефон нөмірі, пошталық және
электрондық мекенжайлары: _____

Қосымша:

1. Шарт жобасы.

Табиғи монополия субъектісінің басшысы _____

(Т. А. Ә.) (Қолы, күні)

5-нысан

Кімге

(табиғи монополия субъектісінің
атауы)

Кімнен _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

(әлеуетті өнім берушінің нақты
мекенжайы)

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінім

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың атауы мен нөмірі:

— Жеткізілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың және
көрсетілетін қызметтердің атауы мен саны (көлемі): _____

Сатып алынатын тауарлардың сипаттамасы мен функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары:

Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету мерзімі мен орны:

_____ ескерту.

Тауарды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шығыстар

енгізілген қосылған құн салығын есепке алмағандағы тауар, жұмыс және қызмет бірлігінің бағасы:

Тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге байланысты шығыстар

қосылған құн салығын есепке алмағанда тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жалпы бағасы: _____.

Осы өтініммен оның тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіремін.

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы (қолы, күні)

Табиғи монополиялар
субъектілерінің
қызметін жүзеге асыру
қағидаларына
4-қосымша
1-нысан
Тұтынушы:

_____ жеке тұлғаның аты, әкесінің аты
(болған жағдайда), тегі немесе
заңды тұлғаның атауы
Тұтынушының
мекенжайы, телефоны, факс
және электрондық поштасы:

_____ (қолы)

20__ жылғы "_____" _____

Электрмен жабдықтау желілеріне қосуға техникалық шарттарды беруге арналған өтініш

